

Байыт ҚАБАНҰЛЫ

А 2016
3020к

АК ЖАУЫН



1 2016/30204

Байыт ҚАБАНҰЛЫ

АҚ ЖҰМЫС

А Қ Ж А У Ы Н

Өлеңдер

Поэмалар

Поэмалар



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

Байыт ҚАБАНҰЛЫ

АҚЖАУЫН

Өлеңдер

Поэма

Поэмалар



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2016

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84(5қаз)-5
Қ 13

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсеке-лестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

Қ 13 **Қабанұлы Б.**
Ақ жауын: Өлеңдер, толғаулар, поэмалар.
/Байыт Қабанұлы. – Алматы: «Қаратау КБ»
ЖШС: Дәстүр., 2016. – 384 б.

ISBN 978-601-7505-28-8

Шетелде тұратын қазақ ақыны Байыт Қабанұлының «Ақ жауын» атты бұл жыр жинағына оның өлеңдері, толғаулары мен поэмалары еніп отыр. Монғолияның Ерденет қаласында тұратын ақын Монғолия жазушылар ұйымы сыйлығының иегері, Монғолия елінің мәдениет қайраткері. Бұған дейін ақынның оннан астам жыр кітаптары жарық көрген.

Кітап өлең сүйер көпшілік қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84(5қаз)-5

ISBN 978-601-7505-28-8

© Қабанұлы Б. 2016.
© «Дәстүр» 2016.
© «Қаратау КБ» ЖШС 2016.

БІРІНШІ БӨЛІМ



ДАРХАН ДАЛАМ ҒАЖАЙЫПСЫҢ НЕ ДЕГЕН

*Тауларым — зергер шалдың қашауындай,
Долы өзен — ер тимеген асауымдай.
Қырдағы қатпар-қатпар қыналы тас —
Сұлудың сәндеп жиған жасауындай.*



ДАЛАНЫҢ ӘНІ

Даламның әні –
даналық пенен дархандық, мәрттік ұраны,
Ұрандап сені айтады көкке, жер-суға
Жылан, Қыраны.

Даламның әні тек ғана сенсің
өміріне де, өліміне де сән беріп,
Далалық елді жұпынылықтан сақтаумен келген
жұпарға толы жұмағы.

Даламның әні өзіңсіз менің өмірім сәтті өтер ме,
Сен болсаң болды әуре боп босқа
салмаймын көзді бөтенге.

Далам-ау, саған келгенде кеше шырқырап келгем,
шырылдап ертең кетерде,
Даламның әнін айта алмай кетсем
далалық ұл боп жаралғандығым бекер де.

Даламның әні – қуанышым мен наламның әні
арыла көрме даламнан,
Далалық елім сенімен ғана
ғасырлар бойы көнеріп кетпей
жарқыраған да жаңарған.

Бабамның әні,
Анамның әні,
Баламның әні – жас төгілтетін жанардан,

Шаттығыменен, ақтығыменен,
қайғысыменен, нарттығыменен
далалық әннен жаралған.
Даламның әні өлсем де менің өшпейсің рух санамнан.

Кім оқи білер даланың шалқар
көп баулары мен көк тауын,
Олар ма?
Олар – далада туған, далада өлген от қауым.
Оқиды солар, айтады солар
жан жүрегімен тыңдайды және сезеді,
Даланың шаттық ән, әуендері мен
мұңайған сыңсу, жоқтауын.

Далалық елдің арайлап атып
нұр шәшіп үнем тұруы үшін нұр таны,
Шырқалып дәйім тұруы керек
дауылпаз, дархан
дарияның әні, бұлт әні.
Даланың елі жаратты мені
сондықтан болар
дарияның әні бұлт әні –
Кеудемнен менің дауыл боп соғып,
бұрқасын болып бұрқады.

Білетін жанға созылған шетсіз далада не бір
дабылды әннің түрі бар,
Содан ғой мына далалық елдің
жандары нәзік, сыры бал.
Жандары нәзік, сыры бал халық
жаратты мені сыршыл ғып,
Даланы білмес қапастың халқы
мені оқы дағы даланың сырын біліп ал.

БЕСІК ДАЛА

Алтайым –
Ала шыңым, сайын далам,
Мен сені ата-анамнан айырмағам.
Қуансам құздарыңа құлаш ұрып,
Жабықсам жылап барып шағымданам.
Сен үшін жан беруге дайын балам.

Алтайым –
Дана далам, дархан далам,
Айдарлы бала далам, қартаң далам.
Біреудің құсы жетпес тау-тасында,
Әкемнің түйе көші майпаңдаған.
Сен менің алтын қазық тұрағымсың,
Ұшынан кіндігімнің арқандаған.
Сондықтан дәйім саған жалтаңдағам.

Алтайым –
Несіп далам, бесік далам,
Анамның құшағындай төсің маған.
Сол себеп
досың болса алғыс айтып,
Кембағал қасың болса өшінді алам.
Кеу-кеулеп кеткен болсам кешір далам.
Бесік далам!

ДЭЛУҰНІМ

Дэлүүнім –
Асқақ шалқар жан жырым,
Менің алтын тағдырым.
Сен болған соң есіме алмай күн кешем,
Кемшілікке толы мына дүниенің тарлығын.

Тұнба бұлақ, тұнық ауаң –
теңдесі жоқ “сый тағам”
Сенің аяз,
дауылың да нұр жүзімді ақ самал боп сипаған.
Бақыт деген
басқа ештеме емес тек бір өзіңсің,
Абыз далам сенен ғана
қобыз болып күй табам.

Байтақ далам
аспаны мен айналасы базарлы,
Балаң тұрмақ
басқадан да аяп көрген жоқсың тұнық тазанды.
Содан шығар
сенде туған ең көріксіз бойжеткен,
Басқа жердің көз ұрлаған сұлуынан ажарлы.

Көк тіреген асқар шындар –
жанды жұмақ бау бақты.
Тамызда да тіс жаратын
қара суың қаймақты.
Содан шығар сенің тапқан ең жігерсіз ұлың да,
Басқа жердің жауға шабар батырынан қайратты.

Шығарсам да темір төзім,
 шын шыдам,
 Сенсіз жерде алқынамын
 ауа жоқтай тұншығам.
 Ең алғашқы
 жас сәбиін аялаған анадай,
 Сені біреу ап кетердей
 мақтауға да қымсынам.

Ұшар басың
 ұшқан құсты арықтатқан құз далам,
 Ұшқан құстай алып ұшып жеткенімде
 көкірегімде тұрады бір сыздап ән.
 Сүйгенімді көзі сұқты жігіттерден
 қызғанғаным секілді,
 Өзгелерден өлгендейін
 мен өзінді қызғанам.

Сен болмасаң
 кайда туам Дәлүүн,
 Айда болсаң
 Айда туам Дәлүүн.
 Сен бір көкжал көкбөрінің
 азу тісті аузы болсаң егерде,
 Бір жапырақ ет орнына
 еш қымсынбай шайнатылам Дәлүүн.

Сен тереңсің,
 сен биіксің таусылмайды шыңырауда,
 шыңда шегің Дәлүүн,
 Сол тереңдік, биіктікпен ажырамас
 сырлас елің Дәлүүн.

Саған бұрын келмеп пе едім,
сені бұрын ешқешан да көрмеп пе ем,
Осы және жаратылып,
осы және көз аштым ба жөргектен.

Тамсандым да қарай бердім
табылмасқа қолым және жеткендей,
Енді қайта көрмейтіндей
сосын тағы көз алмадым жер-көктен.

Ұлың болдым ризамын,
құлың болып мәңгі өмір кешер ме ем,
Жыртығыңа жамау болып
рухымды төсер ме едім,
түйініңді шешер ме ем.
Бұлтың болып көшер ме едім,
самалың боп есер ме едім,
жалғыз түйір шөбің болып өсер ме ем.
Ұлы далам ұрыспа маған
бұдан басқа не күтесің
шешесінен шерлі туған шешеннен.

БЕССАЛАМ ДАЛАМ

I

Бессалам далам тас далам –
Қалаған тастан хас қалам
Жасымнан өскен бас панам
Өзгеден артық астанам.

Бессалам далам тас далам –
Төгіліп жатқан асқақ ән.
Өмірді сенде бастағам,
Өлгенде сені жастанам.

II

Бессалам –

асқар Алтай мекен далам
Арасан жанға шипа шекер далам.
Өзіңе сұлтандыққа жарамаймын,
Тентегің, еркең болсам жетер далам.

Көз жетпес қия-шыңым, күздарым-ай,
Шілдеде ерімейтін мұздарым-ай.
Ырғалған неше түрлі гүл-бәйшешек –
Қазақтың үкі таққан қыздарындай.

Тұп-тұнық бет көрінер су мен көлі,
Ақиық мекені ғой аспан көгі.
Қойғандай қызыл-жасыл кілем жайып,
Алыстан көз тартады жайлау төрі.

Тауларым – зергер шалдың қашауындай,
Долы өзен – ер тимеген асауымдай.
Қырдағы қатпар-қатпар қыналы тас –
Сұлудың сәндеп жиған жасауындай.

Бессалам – ерке далам, сетер далам,
Өзіңсіз мына жалған бекер маған.
Ұяңнан балапан боп қанат қағып,
Қияңды арман етіп өтер балаң.

ЖАЛҒЫЗ АҒАШ

Жалғыз ағаш,
жалғызым-ау
мен өзіңе сырласпаққа мың бардым,
Сыр ашпадың үнсіз ғана
самал желмен ырғалдың.

Жалықтың ба
«көпшiн» – деген қылығынан қулардың.
Назаланба,
сен несiне «жалғызбын» – деп мұңдандың.

Бiлесiң бе,
жалғыз күн бар
шуағынан нәр аламыз бәрiмiз,
Ай да жалғыз
қараңғыда көретұғын ағымыз.
Аспан жалғыз
Ай мен Күндi,
көп жұлдызды кеудесiне сиғызған,
Жер де жалғыз
барлығымыз тұрақтайтын
алтын тұғыр тағымыз.

Мен егер де мыңнан таңдау таңдар болсам
сен деймiн,
Жалғыз жүрiп жол табамын,
көп артынан ермеймiн.
Жалғыз ағаш, жалғызым-ау:
Жалғызбын деп қапаланба қайғырма,
Мен өзiңдi гүл бақшалы ну орманға бермеймiн.

Жалғыз ағаш
жалғызым-ау
тасырқама сенсің біздің төреміз,
Сен тұрғанда
көкке жетіп тұрғандай боп
сезіледі төбеміз.
Сенде тудық,
сенде өстік,
сенде тағы өлеміз,
«КӨППІН» – деген көпшілдердің
көрге бірге кіргендігін көреміз.

Далада тудым,
далада өстім ер болып,
Құшағымды аштым
жайылдым байтақ жер болып.
Шайқалдым да
төгілдім шалқар көл болып,
Арғымақ аспас
жаралдым биік өр болып.

Тау кезіп өстім
таңынан тұрып ертелік,
Қарына аунап,
қара күңгейде өртеніп.
Еркін жүрген
Елік, Маралды көп көрдім,
Жаныма менің солардан сіңген еркелік.

Шабысыменен
 сайкүлік жүйрік аттардың,
Қырағы болып
 қыр самалына қақталдым.
Тасбұлақтардан
 тамсана сусын қандырып,
Тұп-тұнық мөлдір
 сезімді содан ап қалдым.

Далалық ұлмын,
 далаға ынтық жанмын мен,
Дарабоз толқын
 ағайын болдым ақ жырмен.
Осы далада ойпырай
 не боп өтпеді.
Сондықтан болар
 сыр шертем үнем зарлы үнмен.

Далада тудым
 аядай қала тар маған,
Нажағай өртеп,
 ақ бұрқақ соқса жанданам.
Арман емес киетін киім,
 нан маған.
Әлемге жалпақ
 айғайға басып панданам.

О менің арайлы өлке,
 таулы асқарым,
 Өзіңсіз бағасы арзан
 бау бақшаның,
 Жат жерде жайлы тірлік
 етемін деп,
 Қаңсыдым,
 қалжырадым, қанқаксадым.

Қарным тоқ,
 иығым бүтін, басым аман,
 Жан жағым құрыш қала,
 жасыл алаң.
 Әйтсе де
 әрім қашқан аласамын,
 Алтайым арман далам – асыл анам.

Аялап маған құшақ жайған ана,
 Көп болды бара алмадым
 бай далама.
 Содан ба ластанып жан сезімім,
 Дау-дамай толып кетті айналама.

Нұр шәшіп күн шықса да
 күн артынан,
 Мұң тасып болмай қойды
 мұң артынан.
 Шықсам да бой жеткісіз биіктерге,
 Тұмшалап арылмады мұнар тұман.

Қалаулы қарапайым
 қағыр далам,
Балаң ем бас байлауға
 бағынбаған.
Мендедім
 медеу болшы; не істесем,
Сарғайып атқан таңдай сағымданам.

Ұлың келді аңсаумен
 ұлы далам,
Жырмен кеткем,
 кеп тұрмын жырым аман.
Жалықтым ғой қаланың у шуынан,
Құшағыңды аш аз күнге тыным алам.

Еркен едім
Еліктей ойнақтаған,
Құлағыңды ас
 тұншыққан ойды ақтарам.
Биіктік бер азғана бұл балаңа,
Арамдықтың көліне бойлап барам.

Былыр келгем,
 кеп тұмын тағы биыл,
Жалықтырды
 заманның заңы қиыр.
Қалыңдыққа бер маған адалдықты,
Залымдыққа боп барад жаным үйір.

Егіншідей отырған бидай бағып,
Үйкүшіктей отырмын үйді айланып,
Тазалық бер
 оу, менің абыз далам,
Жан дүнием кетті ғой шимайланып.

Жіберер желпіндіріп күй шағыма,
Сен берер жетті әрең
сый сарыла.

Арықтап қыстан әрең шықты жаным,
Кел көктем шарабыңды
құй тағыда.

Мас болсын масаттансын жаным мына,
Алыстан қол бұлғасын
сағым – бұла.

Көктемім сенен алғам аяулы еркем,
Әнді де, сарынды да, арынды да.

Кел көктем ен даланың құшағына,
Шешілсін шермендінін
Тұсауы да.
Жыр сыйла жырау тасқын ақындарға,
Күлкі боп шаттық әпер құсалыға.

Гүл тілеп күтіп үнсіз жатыр жаға,
Түк бітсін түрі кеткен тақырға да.
Кел көктем шарабыңды тағы да құй,
Көңілін бір көтерсін батыр дала.

Уыз – дала, ұлпа – тас, сағым – белім,
Саумал желмен тараған дарын ба едің.
Саф ауамен қаныма кірген дарын –
Найзағайлы сарқылмас жауын ба едің.

Жаңбыр, жаңбыр жауа түс аялдама,
Нұр себейін аттыға, жаяуға да.
Өлеңменен мейірім таратайын,
Айыр құйрық, улы тіл шаянға да.

Жасын кеуде күңіренсін
жыр – көкейім,
Алдау емес асқарға шын жетейін.
Қара тасты жібімес мұңлы етейін,
Қасқырды да жайдары сырлы етейін.

Қара ниет біткенге сүт төгейін,
Көні кепкен шөлдерге шық себейін.
Қарғыстының бата боп ауызына,
Жалаң басқа құт сінген шыт берейін.

Шырқа, шырқа шырқыра жаным менің,
Шарпи түссін отсызды жалын демің.
Өзі берген ауамен аз дарыннан,
Опа тапсын сары дала, сағым белім

Мені тосқан,
оны тосқан жайсаң далам, жан далам,
Жаратылып жанданғаннан
жан өлкемнің қызығысың қанбаған.
Адамдардың – арамдардың қылығына
қаншалықты қапаланып шер жұтсам,
Сенің байтақ кеңдігіңе
риясыз соншалықты таңданам.

Жындыны да,
құндыны да айырмасыз жебеген,
Сенен басқа қай әлем бар қолы ашық береген.
Жерімейсің көркемнен де, көнеден.
Ғажайпсың не деген.

Неткен жылы төсің сенің кешің неткен өр еді,
Тұнықтығың сусағанды сусындатып,
жаурағанға күнің нұрын төгеді.
Өлім деген ештеме емес
жанды біткен өледі ғой өледі,
Ал мен сірә өлсем дағы
жарығыңда, жылуыңда мәңгі қалғым келеді.

КӨР МЕКЕН

(Екі қабат өлең)

Кілкілдеген ақсамал жалап бетті,
Іркілдеген тасқын су сабап шетті.
Көктірегі туған жер тау-тасыңа,
Шіркін деген, көңілім тарап кетті.

Үлпілдеген Қожашөп, Гүл, Бетеге,
Бүлкілдеген тасбұлақ жүр жетеле.
Тұнық ауа періште пәк мекенім,
Түртілмеген сезімді кірлете ме.

Күркіреген найзағай жалтылдаған,
Сіркіреген ақжауын сарқылмаған.
Сенде туған ақжарма ақын ұлын
Бүркіп өлең жазбаса жан тынбаған.

Саңқылдаған көгінде қырандарың,
Аңқылдаған шаттанған бұған жаным.
Мақтан тұтып өтеді әр заманда,
Қартың, балаң, ұрпағың ұландарың.

Таңдай қағып пай-пайлап тамсанамын,
Шамдай жанып айқайлап жар саламын.
О туған жер бақыттың бесігісің,
Қайран қалып жұтамын таң самалын.

Тауларым текетұрақ мұнарланған,
Бау бағым жылған да арман, жыраң да арман.
Бір-ақ сәт көрмей қалсам мен өзінді,
Сау жаным салға айланып құмарланғам.

Жүрегім бақыт тұтқан өр мекенім,
Білемін сенсіз жерде төр бекерін.
Білемін ажал бір күн кеп жетерін,
Тілегім: Болғын сонда көр мекенім.

Бауырында үнсіз жатқан
Көкқырдың,
Моласына бабалардың бет бұрдым.
Өзім білген үш кайырдым
«Алхамды»
Рухына тұлымды қыз, текті ұлдың.

Көрмесем де риза боп күлгенін,
Бабаларға сәлемдедем
бұл менің.
Өліге де өз пейілін жеткізген,
Дінім неткен,
тілім неткен құнды едің.

“Өлі разы болмай тірі жарымас” –
деп үйреткен.

Етпегенге жаны қас.
Бабалар-ай, даналар-ай көреген,
Соны білген сенің ұрқың арымас.

Қилы-қилы заманда да күн кеткен,
«Діншіл бол» – деп, жеткіншекке үйреткен.
Құраннан да нанды бірақ жоғары
ұстай білген.

Шыққан сөйтіп иректен.

Ой-хой дүние!

солар неткен данышпан,

Ар жолында жанын жауға ала ұшқан.

“Аштан өлген адамның жоқ бейіті”-

деген тағы:

“Ер өледі намыстан”

Құран арзан,

наннан қымбат ар-намыс,

Ал мінеки бұдан артық бар ма күш?

Даналықты іздеме ұрпақ басқадан,

Осыны ұқ та, өрле көкке самғап ұш!!!

АРУ ТАБИҒАТ

Шыңнан шың шақырады
шатқалданып,
Тау суы –
тау ортасын аққан жарып.
Ұқыпты келіншектің жиһазындай,
Құз жартас көрінеді
қатпарланып.

Бұлт бүркеп
сәнге бөлеп жон-кияны,
Кес-кестеп
құс-қарлығаш жол қияды.

Қыз сұлу құшақтағы секілденіп,
Ақтөбе тау
қойнында томпияды.

Сыбырлап ерке самал
сыландайды,
Күркіреп сарқырыма
ұрандайды.
«Сайранда сері жігіт» – дегендейін,
Шөп-шұлғып,
гүл-иіліп бұрандайды .

Тағып ап дана-дала
гүл-алқаны,
Ақынның арқасына
жыр артады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ



ЕГІЗІМНІҢ СЫҢАРЫ ЕЛІМ МЕНІҢ

*Мен қашпаймын көтеремін
дұшпандардың елге жапқан
жаласын,
Қасқыр тілмен жалап өтем
нар қазақтың қанды ауызды жарасын.
Мені іздесең қазақты ізде
қанағатқа кенелесің қарызыңды аласың,
Ал Қазақты іздер болсаң
мені іздеп кел жаңылмайсың табасың.*



Жұмбақ жанды халықтың баласымын,
Сырын білем тау мен тас,
ағашының.

Шақылдаған сары аяз жігер берер,
Тылсымы мол табиғат жанашырым.

Жазық емес тілеймін асуды мың,
Жазылады қырларда шашу жырым.
Жаз жайлаудай кең, жылы көңілім бар,
Қатал қыстай тағы да ашулымын.

Көктемдейін береген күлімдеген,
Жанай келген жатты да
«інім» –дегем.
Жапырақтай бар менің нәзіктігім –
Сипай ескен самалға дірілдеген.

Азынаған борандай сарнап тілім,
Тілділердің келемін жалғап күнін.
Нажағайдай өткірмін, ұшқалакпын,
Қоңыр күздей тып-тыныш салмақтымын.

Там үйде емес жаралдым көшпенді елде,
Адам тұрмақ сыр айтам ескен желге.
Сондықтан да берілем жан-тәніммен,
Жүрегімнің жұмбағын шешкендерге.

Өз халқымның бар болмысы
байланысты маған да,
Менің кандай болмақтығым
байланысты оған да.
Бір кеменің мақсаты бір
жолшылары таңдамайды екі жол,
Қазақ өссе мен де өсемін,
қазақ өшсе мен де өшемін табанда.

Мен қашпаймын көтеремін
дұшпандардың елге жапқан жаласын,
Қасқыр тілмен жалап өтем
нар қазақтың канды ауызды жарасын.
Мені іздесең қазақты ізде
канағатқа кенелесің қарызыңды аласың,
Ал Қазақты іздер болсаң
мені іздеп кел жаңылмайсың табасың.

ТІЛІМ БАРДА

Өрт тілінен бал тамызған
өр халықтың ұлымын
Ішке бүгіп көргемін жоқ
өзегімнің шырылын.
Өшкіндетіп түсірмеймін
ұлылықтың ұғымын,
Тілім барда шайқалмайды тұнығым.

Анам мені ақын етті
тіл азабын көп көрдім,
Далам маған жырын берді,
сырын берді көк белдің.
Қолбасшысы бола білдім
сөз нөсерін сепкеннің,
Тілім барда мейірімін қандырамын
шөлдеп көні кепкеннің.

Тілім барда
Тікенді де ұлпа етіп,
түнекті да таң қылам,
Жалынсызды жалынды етіп,
тасты да өртеп жандырам.
Шашым қанша болса сонша сөз сөйлеп,
Жасым қанша болса сонша
кітап жазып қалдырам.

ҚАЗАҒЫМ

Мен айдын көл, өзен болсам –
жасыл құрақ
жағам сенсің Қазағым.

Мен бәйшешек гүлің болсам –
нәрлі байтақ
далам сенсің Қазағым.

Мен жақсы бір өлең болсам –
айтпақ болған
санам сенсің Қазағым.

Мен ес білмес сәби болсам -
панам сенсің,
анам сенсің Қазағым.

Сен жайылған қағаз болсаң –
із салатын
қалам менмін Қазағым.

Сен қайғылы жүрек болсаң –
жылап аққан
зар-ән менмін Қазағым.

Сен тастақта табандаған жүйрік болсаң –
тағаланар
тағаң менмін Қазағым.

Сен жаралы қасқыр болсаң –
ауырсынар жараң менмін Қазағым

Түндігі жоқ түнек болсам –
шырақ, сәуле
нұрым сенсің Қазағым.

Аңға толы дала болсам –
Елік, Марал,
бұғым сенсің Қазағым.
Он ұлы бар әке болсам –
жалғыз ерке қызым сенсің Қазағым.
Он қызы бар шеше болсам –
жалғыз бақыт ұлым сенсің Қазағым.

Мен қуаныш, шаттық болсам –
зарлап айтар
зарым сенсің Қазағым
Мен мұңлы зар, қайғы болсам –
базарлайтын бағым сенсің Қазағым
Мен жетімеке жаяу болсам –
қол артатын нарым сенсің Қазағым
...Адам екем:
Арым сенсің,
Барым сенсің Қазағым!!!

II

ҚАЗАҒЫМ

Індесі бар, үндесі бар қазағым
Кіндіктесі,

күндесі бар қазағым

Қашқыны бар,

кірмесі бар қазағым

Ордасы бар,

түрмесі бар қазағым

Әкімі бар,

ақыны бар қазағым

Батыры бар, шапыры бар қазағым

Падишасы, пақыры бар қазағым

Космосы бар,

Атомы бар қазағым

Молдасы бар моласы бар қазағым

Жолдасы бар, жорасы бар қазағым

Тонаушысы, тобасы бар қазағым

Мыс, Моливден...

Қоласы бар қазағым

Көрінексізі,

көркемі бар қазағым

Сұраушысы,

өркені бар қазағым

Егіні бар,

ертегі бар қазағым

Келіні бар,

ертеңі бар қазағым

Қарасы бар,
 ханы да бар қазағым
Қаласы бар,
 малы да бар қазағым
Әні де бар,
 заңы да бар қазағым
Тілемеген,
 тілегеннің бәрі де бар қазағым

Ш

ҚАЗАҚ ДЕГЕН

Қазақ деген –
Домбыраның иесі,
Қайғылы күй,
Жайсаң әннің киесі.
Қаттылықтың,
Қайсарлықтың түйесі.
Басқа ешкімге ұқсамайтын салты бар,
Тарихы бар тек өзіне тиесі.

Қазақ деген –
Қара өлеңнің кеніші,
Қара жердің қақ жартысы өрісі.
Басқа елдің төресіндей серісі.
Термелесе шапқанға тең желісі.
Запыранын зарлап сыртқа шығарса,
Біреулердің әніне тең көрісі.

Қай жерге барсаң сол жерден табылған казак
Табынбасқа да бас иіп табынған казак
Әлемнің отыз еліне бағынған казак
Бір бірін жылап мәңгілік сағынған казак

Қиянат,

бейнет шегуден еті өлген казак
У ішсе өршіп,
бал ішсе жөтелген казак
Тағдырға әбден қарызы өтелген казак
Ту тігіп бүгін шаңырақ көтерген казак

Жарық қып түбегейлі түн түнегін,
Өлеңнің өрт жалынын бүркіп едім.
Жаңбырдан соңғы сулы
Күнбағыстай,
Бетіңді тоса бердің шіркін елім.

Орындап шөл даланың бір тілегін,
Нәсер боп ақжауын боп сіркіредім.
Қырық күнгі шөлден түскен
нар атандай,
Сырымды сусын еттің сыршыл елім.

Шіркін ел,
сыршыл елім, шыншыл елім,
Сен нұрлы болуыңды шын тіледім.
Сен үшін отпен суға түсуге бар,
Мәпелеп акын еткен
бір түлегің.

ҒАСЫРМЕНЕН ҚОШТАСУ

Арқалап ап бүгіннің жасығы мен асылын,
Келешекке біздерден керемет, керемек тасып үн.
Күн көшіне ілесіп жылжида жылжи барасың,
Әлемге жүз жыл хан болған
жиырманасыншы ғасырым.

Қоштсайық ал енді қоштасатын күн болды,
Сен әлемде тұрғанда қой мен қасқыр бір қонды.
Кей бір ісің жыр болды, кей бір ісің тың болды,
Екеу еттің бір қойды, шалақ еттің бір қолды.

Сен өшірдің талайды, сен өсірдің талайды,
Шуақ төктің арайлы, тозақ еттің маңайды.
Құптамаймын, сөкпеймін, жарамайды-жарайды,
Мені әкеліп әлемге, алып қойдың Абайды.

Мықтыларды тілдедің, мыртықтарды жүндедің,
Қараңғыны көрмедің, жарықтарды күндедің.
Білмейтінді білдің де, білетінді білмедің,
Қан қақсаты халықты ақ ауыз, арсыз күндерің.

Аштықты да көрсеттің, тамақ етіп қонышты,
Қанішерлік қылығын
хас қырандай боп ұшты.

Сенен артық қанқұмар ғасыр сірә болған жоқ,
Елу жылға сиғызған екі қанды соғысты.

Үсті үстіне үрледің хан мен қара күресін,
Аса сілтеу, мал құрау... өзін жатқа білесін.
Сталин мен Гитлер,
Жорж Бушты құтыртқан,
Жиырмамыншы ғасырым ол да сенің үлесің.

Орны жоқты бар еттің, тайлағымды нар еттің,
Батырды да бала еттің, қараны да хан еттің.
Қуанышты зар еттің, наланы да ән еттің,
Басын бастап әлектің, момынды да «пәле» еттің.

Қасқыр мінез көрсеттің екі көзің қан талап,
Қастық-достық екеуін
бірдей көрді шартарап.
Жерге түстің аспаннан,
тағы өрледің анталап,
Ғарышқа да адамды алып бардың арқалап.

Жер көтермес сор бердің,
ел күтермес бақ бердің,
Оқу, білім, өнеге, өнер бердің, хат бердің.
Алты әлемді компьютер,
интернетпен қосақтап,
Алты жылдық алысты алты сәт қып ап келдың.

Қоштасайық ал енді,
қоштасатын болды күн,
Сеніменен бір кетсін сергелденді
сорлы мұн.

Халық қайта көрмесін
қаралы күн қорлығын,
Аналар жас төкпесін тілер тілек сол бүгін.

Жаңа ғасыр әлемге
жаңа бақыт сыйласын,
Адал көштің алмасын
арамзалар бұйдасын.
Ұрыс, керіс, соғыстан
тыныш болсын дүние,
Қазғымның ұл-кызы
кара жерге симасын.

2000.12.31

КӨШПЕНДІ ДҮНИЕ

Бұл өмірде
сырлар көп ғой шешпеген,
Шешпесе де еш жоғалып өшпеген.
Болса дағы
түкиясын тектеген,
Ұға алмайды
өз басынан кешпеген.
Дүниеде
«ҚАЗАҚ» – атты адам жоқ,
Өмір бойы бір орнынан көшпеген.
Қазақ үшін құндақ ұғым
«КӨШ» – деген.

Хан да,
би де елді билеп, төстеген,
Қазаққа кеп:
– Көшкенін не? – деспеген.
Алмағайып заманда да кес-кескелең,
Менің халқым көшуден бел шешпеген.
Батырлығын,
пақырлығын өлшеткен,
Жазда жайлау,
қыста қыстау көшпенен.
Көшіп жүріп өршеленген өшпеген.

Көтеріліп тұрса дағы алдаспан,
Көшу үшін көлік, күшін қамдасқан.

Дәл осындай кезін аңдап
жар басқан,
Қас жаулары жағасына жармасқан.
Аттың жалы, түйе комы үстінде,
Қарсыласқан,
ерегескен,
арбасқан,
Қажымаған
көш ғасырға жалғасқан.

Жол кешсе де
ойпат, жыра, дөңменен,
Кез болса да
шаршаған көп шөлдеген.
Қиындықты
қиындық деп көрмеген,
Ертеңі үшін
оған көңіл бөлмеген.
Ойлағанын ету үшін талпынып,
Шың басына жету үшін өрлеген.
Азияны көшіп жүрген көлделен.

Сонда казак
ешкімге де ермеген,
Ерегесте
жатқа намыс бермеген.
Жаулар талай соғысса да жол тосып,
Ат үстінен
қазақты ешкім жеңбеген.
Түйесін де
тоқтатпаған тендеген,

Теңдік іздеп
 тереңдеген терлеген.
Міне осындай болады ғой ел деген.

Менің халқым
 жер қадірін білген ел,
Жаңа қоныс тапса жаңа күйге енер.
Сол үшін де түн ұйқысын түрген ел,
Жел өтіне көшіп өмір сүрген ел.
Ойлап-ойлап күңіліме сыймайды,
Көшсіз қайтып
 көшпенділер күн көрер.
Көшіп жүрсе жауқазындай түрленер.

Менің халқым
 байыса бір көшеді,
Қарыны ашып арыса бір көшеді.
Көңіл шаттық, қуанышқа
 жарыса бір көшеді,
Оған жетпей налыса бір көшеді.
Міне осы неше түрлі көшіспен,
Көшпенді ел ел тағдырын шешеді.
Өйтпегенде мүмкін олар өшеді.

Өткен істен қалдырмауға еш белгі,
Алаулаған айлар, жылдар көшпенденді.
Ұмыт қылмай ұлылауға өшкенді,
Ұлы сезім: Ойлар – жырлар көшпенді.
Қоныстауға құнарлы жер, төс-белді,
Түп тұқиям түбірімен көшпенді,
Тынышы жоқ мына дүние сол қалпымен
 КӨШПЕНДІ.

САЛ ДОМБЫРА (толғау)

Ал кәнеки

сайрашы бір домбырам,
Сен тұрғанда мен қалайша болдырам.
Сен күмбірлеп, күңірене жөнелсең,
Көңіл – шынға

сөз қыранын қондырам.
Бабалардан қалған саркын мол мұрам,
Ал кәнеки сайрашы бір домбырам.

Сал домбыра қазағымның тілісің,
Жаннан артық ішкі жүрек сырысың.
Жан домбыра ғасырлардың үнісің,
Зарлы күннің зарлап айтқан мұңысың.
Өлмейсің сен мәңгі баки тірісің,
Сен домбыра қазақтан да ірісің.

Дүниеге заман ақыр жетсе де,
Хаһарлы жау хаһарын кеп төксе де,
Сен өшпейсің сал домбырам мәңгілік,
Сені ұстаған хас шеберлер өтсе де.
Сенен қайта қазақ туып жаралар,
Бірі қалмай солар құрып кетсе де.

Тұнық үнге талай көңіл жуылар,
Шетте жүрген талай қазақ бұрылар.
Өктем даусың көкте қалқып тұрғанда,
Талай жаудың аузы жіпсіз буылар.
Болса егер қазақ боп жан туылар,
Күйден қайтіп көңілі оның суынар.

Сен өшпейсің өшкен жоқсың бұрын да,
Өзің болсаң қазақ жықпас туын да.
Өмір бойы жаулық қылып өтсе де,
Жоя алмапты
Жоңғарлардай қуың да.
Тастаған жоқ сені ұстаған ұлың да,
Сондықтан да шырқыра сен шырылда.

Талай-талай тастан қатты хандар да,
Қылышынан қаны тамған сардар да.
Қатуланып ештеме істей алған жоқ,
Домыра алған Дина сынды жандарға.
Қарашаштай ханшалар да амалсыз,
Ғашық болған шал күйіне салған да.

Мылтықсыз жау Голешекин келгенде,
Аштық нәубет ел басына төнгенде,
Көп қазақты бір шұңқырға көмгенде,
Елдің зарын жырлап жаттың шерменде.
Ән мен күйден көрген жоқсың сен аштық,
Қазақтың қақ жартысы аштан өлгенде.

Билік салмай бекке, биге, караға,
Елді шауып айдағанда «ЖАЛАМА»
«ӨРИКТИ КӨЛ» болып сыңсып домбырам,
Жігер бердің үлкен-кіші, ағаға.
Көптің мұңын сөйтіп сақтап санаға,
Кейінгі ұрпақ жеткізіпсің балаға.

Қазақ па бұл сені шерте білмеген,
Сенсіз жерде көңіл көзі кірлеген.

Қиын-қыстау заманда да дүрбелең,
Сенің халқың сені ұстамай жүрмеген.

Сталин сұм ұстағанда
«ЕСІРКУ»
Сенің даусың шығып жатқан түрмеден.

“ЖЕЛТОҚСАНДА”
жастарды Орыс қырғанда,
Қазақ ұлын қарулы әскер ұрғанда,
Жас қыздарды жанаштап аязда,
Қорлап, зорлап қысымды су құйғанда,
Сенің үнің безек қағып бебеулеп,
«АҚ ЖАУЫН» боп
нұр септі ғой құрбанға.

Қыз анадан, ата айырлып ұлынан,
Алтын басты ер айырлып құнынан.
Ел көшкенде көш соңынан көз талып,
Жұртта қалған «КӨК КҮШК» боп ұлыған.
Сенің үнің сұңқылдады Аққу боп,
Сұмырай кеп айдын көлі құрыған.

Естілгенде жақын-жуық, жырақтан,
Сенің үнің жылғанды уатқан.
Айдалада Құрманқазы шерткенде,
Қасқырекеш Қасқыр тыңдап ұнатқан.
Сенің үнің ботасынан жеріген,
«Нарды идіріп», «Боз іңгенді» жылатқан.

Сені ұстаса қазақ көңілі өсетін,
Бақ-қайғысын сенімен бір кешетін.

Бейсенбі би

«КЕҢЕС» күйін ағытып,
Жау алдында дау түйінін шешетін.
Қоңыр күймен кесімін де кесетін,
Айдарынан арай самал есетін.

Күмбірлі күй бүтін етті жартыны,
Желпіндірді жарым көңіл жалпыны.
Жалыққанда көшу, қашу, босудан,
«БЕЙБІТШЛІК ҚҰСЫ» болып калқыды.
Домбыраның әліппесі секілді,
Осы күйді бала тыңдап балқыды.

Баламды ұрып, бас кесіп, қол қандаған,
Үйімді өртеп үйлі жанды жалмаған.
Елді шауып, сұлуымды таңдаған,
Сұмдарды да сұңқыл үнің баураған.
Қу бастан да қуырдақ ет даулаған,
Даукестер де сені жеңе алмаған.

Көшуменен бар әлемді шарлаған,
Азияның жер сонысын таңдаған.
Көшпенді жұрт қазақ деген халықтың,
Запыранды зары сенсің зарлаған.
Айналасын құртқан талай қан құмар,
Аққу мойын сені құрта алмаған.

Сыр бар сенде әлі ешкім айтпаған,
Күй бар сенің шанағыңда тартпаған.
Екі шекте – екі дүние зары бар,
Айтып бұрын үлгермеген қарт бабам.
Шамам келсе көтерейін мен де аздап,
Көп жүгіңнен аямай-ақ арт маған.

Үкі таққан бүйрек бастың бұлты бар,
Көшпенді елдің көшіп, қонаған жұрты бар.
Қысы, жазы қымыз, саумал сапырған,
Шұбыртпалы шұрқыраған жылқы бар.
Терең кеуде, тесік қақпақ астында,
Мұсылманның Қазақ – деген ұлты бар.

Тиегінде асқар таудың шыңы бар,
Құлағында қарттарымның жыры бар.
Мойынында түйе көшті қазақтың,
Тарихының тағдырының шыны бар.
Қынай буған тоғыз дана пернеңнің,
Тоқсан кітап арқау етер сыры бар.

Айналайын асыл мұрам қыраным,
Тойда – әнім,
Жауда – жігер ұраным.
Дода дауда қосатұғын пырағым,
Қараңғыда қолға ұстар шырағым.
Сөйле,
Сайра, күнірен сен домбырам,
Өрістесін көкірек – көк лағым.

Мұңым, зарым –
Қамыс кара домбырам,
Нәрім, сәнім
ата салтым мол мұрам.
Мен де сені ардақ тұтып, аялап,
Келешекке өшпес мұра болдырам.
Алдыңғымды ертеңіме жол қылам,
Сондықтан да
 бебеуле сал домбырам.

–Өлген ердің күнін жоқтар
артында ұрпақ қалатын...

Енді міне жаңадан бір
«ДОЛЛАР» – деген шықты жау,
Шықты-дағы ел санына
салды әкеліп нық бұрау.
Асыл халқым!
Екі жаудың айырмасын ұқ мынау,
Мына жауың бұрынғыдан анағұрлым мықтылау.

Мына жауың –
теңселдіріп ардың мәуе ағашын,
Арзандатып адамдық пен адалдықтың бағасын.
Үдетті де адамдардың алауыздық таласын,
Алыстатып бара жатыр ағайынның арасын.

Бұрынғыша кесіп-шауып алып жатпай есіңді,
Еппен ғана үйге кіріп, төріңе кеп көсілді.
Кешегі анау ары үшін
жанын қиған арулар,
«Доллар» үшін қас жауына өзі барып шешінді.

Еске салмай ескі жара,
жылап өткен тұсыңды,
Мына жауың майдалаумен
кұртып жатыр мысыңды.
Сырттан келген кірмеге де
бүгіндер кей ата-ана,
«Доллар» үшін жас қыздарын
өзі апарып ұсынды.

ӘКЕМНІҢ АЙТҚАН АҚЫЛЫ

(Терме, әні бар)

Айналайын асыл балам, кел балам,
Басымдағы бар бақытым сен, балам.
Мынау менің саған айтар ақылым,
Зиын қойып құлағыңды бөл балам:

Жас емессің жігіт болдың ер жетіп,
Үйлі болдың, бала көрдің тербетіп.
Мен алпыстың асып кеттім асуын,
Кәрілік күнде келе жатыр меңдетіп.

Мен де сендей жігіт болдым жасымда,
Туып өстім Алтай, Қобда тасында.
Шаршағанда, шалдыққанда әрдайым,
Шешең болды сүйенерім қасымда.

Мейірімін көрмей ата-ананың,
Жоқшылықпен әркімге бір қарадым.
Алты жаста ата-анадан айрылып,
Жетімдікпен жылап өстім қарағым.

Оп-оңай мен алпыс жаска келгем жоқ,
Көзімді ашып, оқу-білім көргем жоқ.
Кедей болдым, жоқшылықты көп көрдім,
Бірақ балам жоқшылықтан өлгем жоқ.

Ата-ананың көре алмай тәлімін,
Ұлы болдым ағайынның бәрінің.
Хат-қағаздан хабарсыздау өстім мен,
Бірақ сөзін көп тыңдадым кәрінің.

Тауқыметтін тартып катал тағдырдың,
Нетерімді білмей талай дағдырдым.
Арқа сүйер жоқ болған соң сүйеніш,
Әр біреудің есігінде қаңғырдым.

Шаршап өстім талай-талай талықтым,
деп айтпаймын: «Бұл өмірден жалықтым».
Адам болып қуатымен Алланың,
Жаттап өстім өлең-жырын халықтың.

Сөйтіп жүріп мен сендерді өсірдім,
Бастан талай қиындықты кешірдім.
Ата-ананың еркелемей қолында,
Жастық шақты жетімдікпен өшірдім.

Жетімдіктен жаман болып қалғам жоқ,
Еш өлімсіз өтетұғын жалған жоқ.
Адамзатты жеткізбейді дүние,
Бабалардың бәрінен де қалған бөк.

Жоқшылықтың намыстығы жоқ балам,
Шексіз байлық – атылатын оқ, балам.
Өтірік-өсек жеткізбейді арманға,
Хан болса да шындық сөзге тоқтаған.

Адам болсаң адал, арлы бол балам,
Арлы болсаң бақыт деген – сол, балам.
Жоқ болсада ел қақысын жей көрме,
Қақы жесең ол жаюлы тор, балам.

Артығырақ болса да ақыл, жас шамаң,
Әр адамға құлағыңды ас балам.

Сұрамакпен әр қашанда білмек бар,
Білсең дағы сұрай отыр басқадан.

Ұмытпай жүр Жәппар-Алла, піріңді,
Құрметтеп өт, сыйла ислам дініңді.
Алпыс екі тіл үйренсең көп болмас,
Аялап өт бірақ туған тіліңді.

Алыс-жақын жүрсең-дағы шет елде,
Қайдан жетсін өзің туған мекенге.
Туған жердің қара суын ұмытпа,
Қарының тойып жүрсе де бал-шекерге.

Домбыраны, Сыбызғыны қолға ап жүр,
Халық күйін бабыменен толғап жүр.
Қырық қабат, қызыл үйде тұрсаң да,
Көң қорада туғаныңды ойлап жүр.

Ақылшы бол ағайын мен ауылға,
Қамқоршы бол шамаң келсе қауымға.
Қара басын хайуанда сақтап жүр,
Халқың үшін арқаңды тос ауырға.

Береке мен бірлік болсын ұраның,
Елің, жерің, дінің болсын жыр-әнің.
Өткенді ойлап келер күнге көз салып,
Тарихтан тәлім үйрен, шырағым.

Кәрілердің қас-қабағын бағып жүр,
Риза ғып алғыс, ақыл алып жүр.
Шамаң келсе ренжітпей адамды,
Нашарларға көз қырынды салып жүр.

Үлгілі бол бауырыңа, балаңа,
Хан болсаң да иіліп жүр ағана.

Алты әлемге қолын жетіп тұрсада,
Өзгені кем өзінді артық санама.

Қайрымды бол дос пен жаран, жақынға,
Бос болса да құлағың сал ақылға.
«Жау тілесе жасыл түсер» – деген бар,
Орынсызда ұранынды шақырма.

Асып айтсаң – астамшылық сол, балам,
Астамшылық қылған адам оңбаған.
Ұшқалақтық жараспайды жігітке,
Орының бар орнықты адам бол балам.

Ақын болсаң елдің қамын айтып жүр,
Арманыңды әнінменен сарқып жүр.
«Басқа пәле тілден» – деген қарағым,
Безей бермей тіл тізгінін тартып жүр.

Жатың болсын, болсын мейілі жақының,
Екі бөлек көрме сірә ата ұлын.
Қорқып жүрсең қор болмайсың тегінде,
Ашуыңнан асып жүрсін ақылың.

Қара басың жүрсе дағы хан болып,
Қоразданып сөз сөйлеме паң болып.
Жастық шактың қызығын көр жасқанба,
Сен де бір күн қартаясың шал болып.

Қарға адам жер басуға аяқ жарамай,
Қартайған соң сәнің кетер балам-ай.
Жас өткен соң жалғыз бақыт, сол балам,
Жас ұрпағың сыйлап тұрса жағалай.

Сол күндері жастықты ойлап жылайсың,
Жылағанмен тұнығың жоқ ылайсың.
Көңіл шіркін көкті киял етсе де,
Амал қанша қара жерге құлайсың.

Сондық үшін қызығын көр жастықтың,
Шамаң келсе дария ішіп, тас жұтқын.
Бірақ, балам шатағы көп шараптың,
Мазағынан аулақ боп жүр мастықтың.

Таусылама айта берсе сөз деген,
Қыран боп өс тек биікті көздеген.
Жолдас болмас сұм дүние, өлгенде,
Оранасың екі-ақ қабат бөзбенен.

Адам боп өс, Қазак боп өс қарағым,
Асқар таудай асқақ болсын талабың.
Үміт артқан ұрпағымның бірісің,
Ақылымды іске асырсаң жарадың.

«Қара таудың басынан көш келеді»
Неткен зар естігенге
ес береді.

Осы зар онбес ғасыр
өтсе дағы,
Ұрпаққа ұмыттырмас ештеңені.

«Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді»
Тайлақ жүрсе әлі бар
көшпек елі.

Ұрпақ тұрмақ ұмытпай
азынап жүр,
Қазақтың даласының еспе желі.

«Ағайыннан айрылған қиын екен»,
Па, дүние неткен тағдыр
«сыйы» бөтен.

Сол тағдырды өткізген
бабам үшін,
Көзжасымды мен мәңгі
құйып өтем.

«Екі көзден мөлтілдеп жас келеді»,
Мұны айтқызған өмірдің
қас келеңі.

Адам тұрмақ ол күнде,
бабам тұрмақ,
Жасын төккен даламның
тас бөлегі.

«Қара таудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ
бос келеді.

Ағайыннан айрылған
қиын екен,
Екі көзден мөлтілдеп
жас келеді».

Ұстамақ боп межелі
 жерде күткен,
Кім құтылар жымсыма егделіктен.
Пендемін ғой ағайын кешіріндер,
Пенделік жасап жүрсем пенделікпен.

Бостан босқа бас баусыз базарласам,
Тауықтай бакырауық
 мазанды алсам.
Хас халқым қамықпаймын
 кешірмендер,
Сусын болар сұлу сөз жаза алмасам.

Бас тарттым талай-талай
 жалаң құттан,
Жерім жоқ ыспарлықпен
 адалды ұтқан.
Кешіріндер кем түсіп парасатым,
Шығып жүрсем әр жерде адамдықтан.

Желпілдеп жеңіл әнмен той ақтасам,
Аз сөзге, арзан сөзге тояттасам,
Атындар аямай-ақ өкінбеймін,
Қалғыған сезімдерді оятпасам.

Айналдым сыйлы
домбырасы бар халықтан,
Домбыраң сені
көркейткен күнде дамытқан.
Домбыраң сенің
рухыңа сәуле дарытқан.
Домбыраң сені
әлемге барша танытқан.

Домбыраң барда –
Алтайдай асқақ шынарсың,
Домбыраң барда –
шынарға талай шығарсың.
Домбыраң барда –
шаттыққа телі сыңарсың,
Домбыраң барда –
шалықтап көкте тұрарсың.

Сыңсыған сазды
домбыраң сенің бар халқым,
Сондық үшін де жайдары жаның
ақ жарқын.
Еркелет, толқыт
аяла әсем назды үнді,
Домбыраң барда –
сен дағы барсың нар халқым.

ҚОС

Ұлы күндер өзгеріліп,
енсе дағы не түрге,
Өзгерілмей қоңыр күзде,
қоңыр желдің өтінде.

Көшпенді елдің
кешкен жолын ұмыттырмай еске сап,
Қара қос тұр қара көңнің шетінде.
Бүтіндерім кетілме.

Қырық жамау қара қос тұр
ескен желді жылатып,
Жылағанды уатып.
Тарихтың салып кеткен
шұрық-шұрық жарасын,
Жамағандай ұлы дәрігер – уақыт.
Жалғаса бер сыр-ақық.

Өткен күнді айқындатып мұнардан,
Еккен гүлді
көз жасымен суарған.
Барша әлемді
алақандай қуысынан шығарған,
Қара қос тұр
күнге күйіп қуарған....
Түгесілме ұлы арман.

О қара қос
алты қанат ақ орданың анасы,
Дала елінің сіңген
арман, наласы.

Сені көрсем
 еске түсер көп қауымның
 шаласы мен дарасы,
Сенің шоқпыт жамауларың –
 ел жұртымның жүрегiнiң жарасы,
Сенiменен жалғасады
 ұлы өмiр мен
 ұлы өлiмнiң арасы.
О қара қос
 алты қанат ақ орданың анасы.

БЕСІК

Ғасырлардан ғасырларға
көшіп жеткен нәрестенің бесігі –
Аты Қазақ жан біткеннің
ала өмірден алғашқы алған несібі.
Одан асқан ұлпа, тыныш, ұлаңғайыр кеңдік жоқ,
Одан басқа дүниеде дүние жоқ еш ұлы.

Дала иесі бабалар-ай,
даласындай дархан, дана данышпан,
Өмір сырын ұрпағына ұқтырады
аяқ жетпес алыстан.

Мәнісі сол:
Қазақ ұлы – алты қырлы қамшы менен
алмас жүзді қанжарға,
Бесікке алғаш бөленгенде танысқан.

Айдай жарық аналар-ай,
нұр сәулесін келер күнге тым ертеден түсірген,
Үлгі – өнеге қылығымен,
судай тұнық тұнығымен шикілікті пісірген.

Сондықтан ғой:
Қазақ қызы –
Айна менен Тарақ сырын ең алғаш,
Бесігіне белі тиген
бес-ак күндік сәбиінде түсінген.

Көрсе дағы сұм өмірден
адам төзбес жайсыз жала, жапаны,
Аналардың алтын таңы, жарқын күні
ак бесігін тербетумен атады да батады.

Қазақ ана әлди әнін сызылдырып
тербеткенде бесігін,
Тынышы кеткен мына дүние
сол қалпымен тербетіліп
ұйып, мүлгіп жатады.

Алла берер беретінін
пендесінің пиғылымен құлқына,
Пиғылы пәк ел өседі көкірегіне нұр тұна.
Менің халқым:
«Бергеніңді алсаң дағы бермегіңді алма» – деп,
Жас сәбиі шетінесе
құт бесігін қалдырмаған жұртына.

Көп тұрады жерге түспей
халық жасап аспандатқан іс үнем,
Сондай істің бірі бесік
оны айтқанда басқа ұлылар айрылады күшінен.
Атам жатқан,
Әкем жатқан,
Өзім жатқан,
Балам жатқан бесіктің,
Бір рулы ел тараған алақандай ішінен.

Өмір!
Өмір кәр-зәріңді адамзатқа аямай-ақ төк мейлі,
Қилы тағдыр тектейтінді тектейді де,
етпейтінді етпейді.
Қазақ болса Бесік те бар,
Бесік болса Бала да бар жаялығы кеппейді,
Жаялығы құрғамаса
ұлы Қазақ құрымайды мәңгі баки көктейді.

КҮЙ

Жан дауысын лақтырып көкке бұлғап,
Шер-мұңын шерлі жаннан төккен ылғап,
Еріксіз сезім құсын кеткен ұрлап,
Япырай мынау өзі неткен ырғақ.

Көңілді көшсіз қалған дала қылып,
Көк күшік айдалада барады ұлып.
Жүректің түкпірінде жатқан толқын,
Арқырап аласатты жағаны ұрып.

Жан жүрек жасып жылап жайдақтанып,
Жарылған бас пен көзді байлап таңып.
Батыры бақталастан құлаған ат,
Барады жау қолында ойнақ қағып.

Намысты намыссызға басындырып,
Жан тұрмақ жартасты да ашындырып.
Ауылдың көркі болған нәзік сұлу,
Ағалап ат артында шашын жұлып.

Даланы шаң тозаң қып бұрқыратып,
Қалың жау кез келгенді қырқып атып.
Қиқулап найза, шоқпар асынғандар,
Қуады көп жылқыны шұрқыратып...

Осылай бір суық үн сұңқылдады,
Үн-түнсіз аспан мен жер тың тыңдады.
Бар дүние кетті сосын шуылдасып,
Бура өзен көбік бүркіп бұрқылдады.

Пай, пай, пай!..
Қайда барып тынар екен,
Күңіреніп бара жатыр мына мекен.
Қандай ұл шың басынан құлады екен,
Қай ана осығұрша жылады екен.

Күй емес мынау сірә жалын сынды,
Солқылдап естігенде жаным сынды.
Барады бас айланып, көз бұлдырап,
Шыдаған қалай айтып дарын шынды.

ЖОҚТАУ

Аш балса да тілемей азық көптен,
Намыс үшін нанды да азып тепкен.
Әке қайда

 ұлт қамын ұлға жалғап,
 Ұлылығын қанымен жазып кеткен.

Кір жуытпай аққайнар бұлағына,
Бесік жырын бермеген құранына.
Шеше қайда

 шер жұтып өмір бойы,
 Рулы елдің айналған ұранына.

Мейірімін суырып анық түптен,
Келешектің ізгі ісін талып күткен.
Аға қайда

 ініге жол көрсетіп,
 Қара түнде шам болып жанып біткен.

Өлездікті не болар жақтаса арман,
Шуақ шашып күткен таң атпаса алдан.
Іні қайда

 аға үшін жауға барып,
 Жас жанын маздап тұрған отқа салған.

Рухының арманын жалғап іспен,
Кеш егілсе кешікпей таңда піскен.
Ерлер қайда

 ел үшін зар еніреп,
 Келешекке көзжасын арнап ішкен.

Іздеп тауып арманын тұрақты ұлдан,
Ер перісін еріксіз жылаттырған.
Қыздар қайда
 ар үшін, арманы үшін,
Шың басынан денесін лақтырған.

Қайдасындар есілдер,
 қайдасындар,
Қаптады ғой, қаптады
 майда сұмдар.
Қажытты ғой халықты
 айла-шындар.
Қайдасындар асылдар,
 қайдасындар.

ТАҒДЫРМЕНЕН ЖЕКПЕ ЖЕК

Тағдыр!

Тағдыр!

Тыңда мені тымағыңның шеш бауын,

Сенде менің алынбаған ертеден бар өш, дауым.

Өмір бойы қамал болып,

өрмекшінің торы болып шырмалап,

Ұлы әлемге жеткізбедің

бұл қазақтың той жасаған еш сауын.

Тастай қатты байлауыңнан

осы қашан шешілдім,

Есірдің сен

«ӨШІРМЕСЕМ» деген талай

анығымды өшірдің.

Кешірдім мен

бетін қағып көргемін жоқ кесірдің.

Еш тыныштық берген жоқсың

жиырма бір ғасыр бойы көшірдің.

Торғай тоз боп діні басқа, тілі басқа

отыз елдің кәпіріне бағындым,

Қытайдағы ауылымды,

Орыстағы бауырымды,

Түріктегі нағашымды,

Монғолдағы жиенімді сағындым.

Саясаттың құрбаны боп

сая таппай атылдым да шабылдым.

Осығұрша тағдыр саған нағылдым.

Айтшы маған қай Қазақты
қуанышқа, тыныштыққа тойдырдың,
Қасқыр мінез халық едім
қой қылдың ғой қой қылдың.
Бас кесіліп жатса дағы
«ТАҒДЫР СОЛАЙ» – деп Аллаға бас иіп,
Қаңғып жүрген диюанаға
өлмей тірі терісімді сойдырдым.

Мойынымнан кедейліктің ыңыршағын
алған жоқсың мәңгілік,
Оны да мен деп қарсы алдым:
«ТАҒДЫР ЖАЗҒАН ЗАҢДЫЛЫҚ»
Осы қалпы жетегінде
жүре берсем бас алмай,
Жіберетін түрің бар ғой
төрт аяқты мал қылып.

Тұлпар едім тұраладым
арқа басым жауыр болды, қан ақты,
Сұңқар едім топшым сынды
оққа бердім қанатты.
Шалқар едім құрдым еттің сахараға сіңірдің,
Сөйтіп төзім таусылғанда
әрең-әрең рауандап таң атты.

Аз көрдім бе жанға тиген, арға тиген
азапты да мазакты,
Тірі күнде көріп біттім
өлгеннен соң көретұғын тозақты.
Боз даланың момын елі ем
боздай-боздай болдым мен,

Доғар тағдыр!
Жетер енді екі мыңдық, бір ондық жыл
қаңғыртқаның Қазақты.

Мен ешкімнен ештеме де сұрамаймын
бір басыма жеткілікті кең далам,
Аужайыма жармаспасын
демі бітіп, суға батып бара жатқан кер ғалам.
Көңілінді жыққамын жоқ,
айтқаныңнан шыққамын жоқ.
Сонда да түк ұтқамын жоқ! Шыны сол.
Енді саған бағынбаймын.
Кезек келді тізеңді бүк сен маған.

ЕР ӨЛІМІ

Тауда жүріп кез боп қалдым
бір өліктің сүйегіне ертеректе көз ілген,
Қурап қалған
бас сүйекке қарап тұрдым
көзбен емес сезіммен.
Маңдайынан кеткен екен
көздеп атқан оқ өтіп,
Соны көріп
кеудемдегі боздап ала жөнелді бір
Бозінген.

Байқұс па екен
бағы қайтып жәбірленген жат ұлдан,
Атар таңын қорғаншақтап,
батыр таңын қорғаншақтап атырған.
Батыр ма екен
еш сескенбей алдындағы
андып жатқан батырдан,
Маңдайынан оқ өткенше
жау алдынан атқан оқтай атылған.

Мейілі ол қыран болсын
биік көкке самғаған,
Құлан мінез
қуаяқ та болсын жерді шарлаған.
Басқасы еш қызық емес
мен ұнаттым қылығын,
Ер маңдайын оққа төсеп
ер өлімін таңдаған.

Адамдар-ай
 емес бұл ашынғаным,
Жақпайды тек
 шыныңды қашырғаның.
Өркөкірек адамды итке балап,
Көркөкірек наданға басұрғаның.

Қиянат-ау
 өзінді қорлағаның,
Болар шақта шегініп
 болмағаның.
Аққа құмар жандарды орға итеріп,
Такқа құмар пандарды
 қолдағаның.

Тұрар кезде әуелеп бақ талабың,
Қандай қиын
 таң болып атпағаның.
Шешендердің ұға алмай өсиетін,
Мешелдердің өсегін жаттағаның.

Деген әсте ойым жоқ
«Шерлі етейін»
Саз балшық боп кетпесін
 көл көкейін.

Айттым қойдым
 басыңа бір тиеді,
Мен нетейін өзгеше
 мен нетейін.

Хандарды қайтем

қара халыққа тас ұрған,

Жандарды қайтем

жаны жоқтарға бас ұрған,

Зандарды қайтем

замана сырын жасырған,

Арларды қайтем аяқ астына басылған.

Әкені қайтем әлектің басын бастаған,

Шешені қайтем

жастық қып шерді жастаған,

Ұлдарды қайтем

қайырымы жоқ тас табан,

Қыздарды қайтем жалаңаш санмен жасқаған,

Ағаны қайтем

ақылын жатқа талатқан,

Ініні қайтем

ағаның мұрнын қанатқан,

Бағаны қайтем арзандап күнде баратқан,

Жағаны қайтем жыртылып күнде жаматқан,

Үндерді қайтем

үндемесем де үндеткен,

Тілдерді қайтем

тілемесем де тілдеткен,

Күндерді қайтем

күндерден кейін күнде өткен,

Кімдерді қайтем күндермен еріп бір кеткен.

Сезімге кедей ұл-қыздар менің
қаумалап, қоршап маңымды,

Қинауға салды
қиқуға толы жанымды.

Кеудемде менің
көкбөрі – шабыт ұлып тұр,
Кімге айтам мұңым, зарымды.

Көкалалы көп жылқы шулап,
дүбірге бөлеп «даламды»

Көкбура толқын
бұрқырап, сабап соғады толқып
«жағамды»

Қорлық-ай, қорлық:
қазақты қазақ ұқпаған,
Далаға барып қайтайын айтып
дауылдай дархан дара әнді.

Ұл мен қызы сыйлай алмай
жаратқаны –
Атасы мен анасын,
Ата-анасы көндіре алмай
өзі тауып, өзі өсірген баласын.
Қауым жұрты бір орында токтата алмай
сабын сында санасын,
Далақтаған тексіздерден
төмен қойып данасын,
Қалың елім Қазағым-ай,
қайда кетіп барасың.

Балай алмай тұғырына
көк аспанын, даласын,
Жамай алмай ой сезімнің
жанға батқан жарасын,
Жалғай алмай
бабалар мен балалардың арасын,
Талғай алмай тарихының
тасқа басқан наласын,
Қалың елім Қазағым-ай,
қайда кетіп барасың.

Ертеңім болып ер жетер ұрпақ –
есілдер,
Сендерге байлық жинамай кетсем
кешіндер.

Ақын боп туып жырламай қойсам қазақты,
Көзімді ойып, тілімді менің кесіндер.

Жыладым талай мына өмір мені
әлі де талай жылатар
Шығарып көкке, шыңыраудан төмен құлатар
Құлай да жүріп, жылай да жүріп
жырлай да жырлай өтермін,
Сенемін сөйтін ағарып алдан
ақ таңым менің бір атар.

Күндей бер басқа біреулер мені күндесең,
Мұнымды шертсем мың жыл бұрынғы
бабаларыммен үндесем.
Шашудың құрты секілді
быт-шыт тараған қазақ елімнің,
Бір шеті болып әлі шет жүрсем жыламай қайтіп,
жырламай қайтіп күн кешем.

Құлақтан кетпей жүректен кетпей
қазақтың үні – ұлт үні,
Кейінге серпем қуаныш-шаттық күлкіні.
Қазаным толы, иығым бүтін
денім сау тыныш болсам да,
Жылаумен келем жылаумен мүмкін,
жырлаумен мүмкін тынысым бітер бір күні.

Екі арасын айыра алмай отырып-ақ
жақының мен жатыңның,
Кімге жем боп жатқандығын түсіне алмай
мандай терің, ақынның.
Балаң жайлы, бабаң жайлы,
далаң жайлы сөйлемей,
Ісің де де, түсінде де
саясатты сары қымыздай сапырдың.

Сорақылық соғып жатса
мандайыңа тоқпағын,
Сорлы халқым қуа бердін
соқыр сезім соқпағын.
Ұл-қызыңның тұрмыс құрған
қуанышты тойында,
Ән айтудың орынына
партия айтып оттадың.

Шеруіңнің білмей қалдым
қай өткелден өткенін,
Шешендікті, шеберлікті
шердің уын ащытумен шектедің.
Ұрпақтарың ұл әкесі кім екенін
білмей жүрсе сандалып,
Ұлы құрыл,
парламенттің мәселесін тектедің.

Арманыңды аластаған алаяқты
ата-анандай аңсадың,
Аңсағаның көз алдында алдап кетті қанша мың.

Сөйте тұра шалаңыз да, данаңыз да еңтігіп,
Сайлау үшін араздасып алауыз боп шаршадың.

Шегінбеске шегіндік те
тебінбеске тебіндік,
Адам емес мәнсапқұмар алаяқтың
айтақтаған иті болып көп үрдік.
Жүзге, руға, тапқа, атаға бөлінуші ек
солар енді аз болғандай сенделіп,
Әке-шеше, баламыздан, жарымыздан
партияның пайымы үшін бөліндік...

Япыр-ай не білдік.

Беу, адамдар,
Мына әлемді суға салып,
 отқа жағып тасыттың да жасыттың,
Сырын аштың құнды, құнсыз
 жабықтың да ашықтың.
Күн өткіздің қуаныштан алақайлап,
 қиындықтан басып мұң,
Ал мен сенің жүріп өткен
 әр жолыңа ғашықпын.

Бөлінсенде ақ пен қара
 түрлі түсті өндерге,
Соғыс жасап үстемдік қып
 бір бірінді етсендер де шерменде.
Орыс, Қытай, Монгол болып,
 Араб, Түрік, Қазақ болып
 оралсаң да шеңгелге,
Тең келетін қай жәнтік бар сендерге.

Жер шарына түнек әкеп түгіндетіп
 сәуле шашып шуақ болып жанғандар,
Ұзын қысқа өмір сүріп
 у мен балға қанбағандар, қанғандар,
Мен сендерге шын ғашықпын
 ғашық болып өтермін
Сендер мені алдасаңдар алдаңдар.

Сонда да мен басқалықты таңдамадым,
алға қарай жетектеді талғамым,
Отты өлеңмен зарладым да
орақ тілмен үзілгенді жалғадым.
Бітеу басқа білте жағып көріп едім
соным үшін қарғадың,
Асыл сөзді текке бердім
ала алмадың, алмадың.

Бүгін ұға алмадыңдар
ертең тағы ұғыса алмай нарқымды,
Мүмкін керек етерсіңдер
мен жимаған ақша, ақық, алтынды.
Жиярсыңдар, тоярсыңдар
содан кейін ұғарсыңдар
немен жылыту керектігін салқынды,
Білем, білем сол күндері іздейсіңдер
менен қалған сарқынды.

Қайран халқым неге, неге сараңсыңдар
тірісінде бағалауға асылды,
Бейбақ болып беті теріс біреулерге
ұра бердің басыңды.
Түбінде әйтеу кеуде деген көр өлкеге
кіргізбесең жасыңды,
Жеңе алмайсың мына ала аяқ,
әккі, зұлым ғасырды.

Ерте екен,
Ал рұхсат берілмейді жұмысыңа бар» – деді

Сөз осымен аяқталды
Ақымет шал кетті шығып бөлмеден,
Қуанышы ғайып болып, мұң төгілді пернеден.
Бәрі болар
 бір амалын табады ғой өлмеген,
Надандықты не қыларсың
 икеміне келмеген.

Білген жанға бұл мекеме кемімейді бір шалдан,
Ал ұрпаққа үлкен бақыт
 ата-анасы қарсы шығып тұрса алдан.
Амал қанша осыны ұқпас
 адамдар бар ойын ерте кір шалған,
Не болады ақымақтың бір сөзінен тынса арман.

Қарт жұмысшы сөз айтпады бастығына өшіге,
Бітеу басқа білте жағып
 қиналады несіне.
Әйтсе дағы үш жыл бұрын
 болып өткен оғаштау бір оқиға,
Қайта-қайта түсе берді есіне.

Өлмей тірі мәңгі қалар
 пенде бар ма жалғанда,
Сөйткенменен
Адам үнем мол сеніммен қарайды ғой арманға.
Үміті зор болса дағы
 жалғыз ұлдың қуанышын көре алмай,
Ақыметтің кемпірі өткен арманда.

Сонда осы бала бастық
тағы рұхсат бермеген,
Шықпайтұғын іс шығарып пендеден.
Содан бері аттай үш жыл өтсе де,
Қарт жұмысшы бастығының
алдын қайта көрмеген.

...Тек қоя ма жаратқаны жандыны.
Әсем думан той боп өтті келді орнына барлығы,
Жалғыз ұлдың аманатын
шамасынша атқарып,
Арылғандай болды ойдағы зар-мұңы.

Мынау өмір шеңгеліне қай пендені салмады.
Өтті уақыт үзілместі үзді талай
үзілгенді жалғады,
Алпыс жасқа кеп қалса да асқақ еді
Ақыметтің арманы,
Ойда жоқта қатты ауырып қызметіне бармады.

Соны естіген жас бастықтың
көңіліне көк тікені көктеді,
Анығына, қанығына жетпеді.
«Ол өтірік ауырды» – деп,
ашуланып кісі салып араға:
«Жұмысқа кел, ал келмесең
сол қалпымен кет» – деді.

Осыны естіп Ақымет шал
дөңгеленіп шарқ ұрды:
«Мен қалайша төмендетіп алдым
бедел нарқымды,

Кейінгіге үлгі етейін
деген оймен басқан ізім, артымды,
Отыз бір жыл өкіметке
жұмыстадым қарқынды.
Адам болдым арман құдым
арамдыққа бармадым,
Озып алға шықпасам да,
көптен кейін қалмадым.
Қолдан келсе
көмек болсам деп тіледім,
ешкімді де аяғынан шалмадым,
Бүгін неге жеңілдейді салмағым.

Қанша кымтап жапса дағы іргесін,
Бөгеу салып кім тоқтатар күн көшін.
Мына бастық үкім етім
үстемдік қып Аллаға,
Қашан, қайда науқастанып,
Қашан, қайда өлетінін білетін боп жүрмесін.

Тоқтатпаса тоқтатпасын мына адамдар сынағын.
Неменеге қапа болам өшкен жоқ қой шырағым.
Алпысқа да келіп қалдым өмір жүгін арқалап,
Құдай жазса келер жылы пенсияға шығамын.

Не қыламын тағасы жоқ тай секілді тайғанап,
Асқар таудай ұлым да бар, келінім бар ай қабак.
Алла соңғы тілегімді берсе егер ...
Немеремді ермек етем
еркелетіп аймалап»

– деп ойлады ол,
 ойламады «Өлем» – деп
Әттең бірақ,
 ажал құрғыр алған еді көгендеп.
Балалары жасатса да неше түрлі дәрілік,
Бара жатты күннен күнге төмендеп.

Ауырыуы болмаған соң
 барған сайын асқынып
Келіні мен ұлын сүйді
 жанарында жас тұнып.
Содан кейін:
«Бастығыма жеткіз» – деді бір күні,
Төрт бүктеулі ақ қағазды
 баласына тапсырып.

Жалғыз ұлы әкесінен
 айрылғанын түсініп,
Ер еңсесін етегіне түсіріп.
Мекеменің бастығына
 хатты әкеліп ұсынып:
– Мұны сізге әкем берді – деді,
 ұяң қысылып.

Маңғаз бастық көз жіберіп
 көзәйнектің астынан,
Қағазды алды,
 оқымады ызаланып тас тұман.
– Тағы рұхсат сұрады ма –
«Берілмейді рұхсат» – деп, қол қойып,
Қайта берді саусағына
 ұсталғандай қас жылан.

(Әй надандық барша өмірді
 рұхсатпен өлшеген)
Аң-таң болып мына адамның қылығына
 жан сезімін ақ борандай теңсеген,
«Енді әкеме рұхсаттың
 қажеті жоқ ағатай»
– деді дағы жас азамат шығып кетті кеңседен.

– Токта! – деді, катал бастық
 ой түскендей жаңаша,
Амал қанша ойы сонша аласа екен аласа.
Жаңа ғана «БЕРІЛМЕЙДІ РҰХСАТ» – деп
 өзі сызып бадырайтып қол қойған,
Қағазды алып көз жүгіртіп қараса:

«Рұхсатсыз алдың талай
 алмасты да жастығым,
Енді жетті дем алайын тастыным.
Сен де рұхсат бермеп едің,
 менде рұхсат алмап едім көп рет,
Соңғы тілек:
ҮНСІЗ ТЫНЫШ ӨЛУІМЕ РҰХСАТ БЕР
БАСТЫҒЫМ»

– деп жазылған екі-үш сөздің
астарында сыр ұйып,
Үстемдіктің үстіне әкеп
тастағандай құм ұйіп.
Алақандай ақ қағазда
жақындап бір алыстап,
Ақыметтің бет бейнесі
миығынан күліп тұрды жымыып.

ӘКЕ КИЕСІ

(поэма)

I

Қар боратып қара түнек аспаннан,
Аяз-ызғар, бұрқақ соғып асқардан.
Қаталдықтың үні естіліп тас, таудан.
Қарлы Алтайдың тағы да бір
қатал қысы басталған...

Сақал-мұрты, шаш-тырнағы өсіп әбден жетілген,
Шоқпыт-шоқпыт киім-кешек, жабындысы
адамдықтың сұқпытынан кетірген.
Бір шал жатыр қар астында қалып қойған
тас үйшіктің төрінде,
А ҚҰДАЙ-АУ ШЫҚПАЙ ҚОЙҒАН
ИТ ЖАНЫМДЫ АЛСАҢШЫ – деп өкірген.

Шалдың аты ҚҰЛМҰҚАММЕТ болатұғын
азан айтып ата-анасы атаған.
Енді ол атын өзі дағы ұмыт еткен
құр қалған соң батадан.
ТӨБЕТҚҰЛ боп өзгерілген
қырық бес жылдың алдындағы катадан,
Тағдыр кейде жатаған ә, жатаған.

Бес күн болды
қарлы боран ес ақылды алғалы,
Тұлан тұтып аппақ түтек
түнді түнге жалғады.

Бес күн болды
Төбетқұл да, асыранды төбеті де
аузына дән салмады,
Қайда апарып соғар екен
тандаудан тыс табиғаттың талғамы.

Төбетқұл шал анда-санда қар жалайды
кепкен ернін жібітіп,
Ауыр халден зарланбаққа окталса да
шықпай қалған үні түк.
Басқа істер еш амал жоқ
жалғыз медеу құшақтайды төбетін,
Қалш-қалш етіп үсіп, қатып бара жатқан
мұз денесін жылытып.

Күңгірттеніп кеткені ме бұл өмірдің шырағы,
Шыбын жанын көзіне әкеп
бар денесі сырқырайды,
ызың-ызың шуылдайды құлағы.
Өтпей қойған сұм дүние
өтер күнің ерте ме еді тым әлі,
Бас аяқсыз мына бейнет қашан, қалай тынады.

Жан сезімі одан бетер кинап жатыр
ішкі әлем дүниесін мың бұрап,
Бейне шыңнан шыңырауға құлағандай құлдырап.
Арасында есін сәл-пәл жинағандай бола қалса,
жан жағынан жұлғылап
Опасы жоқ өткен күннің елестері елестейді
бұлдыр-бұлдыр бұлдырап.

II

Бұл Төбетқұл жігіт еді
енгезердей ер денесі таң қалдырған маңайын,
Мақтан тұтып қарайтұғын
ата-анасы, алыс-жақын, ағайын.
Құдай берген келісімді келбеті мен
әкесінің дәулеті ашып сарайын
Құрбы-құрдас, дос-жараннан
асқактатып тұрушы еді талайын.

Көкбар дода, алыс-жұлыс,
күрес-тірес болса егер,
Бұдан асқан жан болмайтын
күші мығым тор сөгер.
Қыз біткеннің арманы еді,
Былайша айтсак тарлан еді
бақыты асқан, қол шебер.
Мұндай бақыт қонған жігіт тартынбай-ақ
Ай мен Күнге жол шегер.

Бірақ, бірақ бұл Төбетқұл
Айға тұрмақ Сайға сапар шекпеді,
Бақыт деген ала қашпа ат секілді
өтпелі екен өтпелі.
Нар атанды арқалауға
мығым күші жетсе дағы тас ұсатып тепкені,
Амал бар ма адамдықпен
адамша өмір өткізуге
дәрмен-дәті жетпеді.

Бұл уақыт ұлы емес пе бірде қайғы,
 бірде қызық бақ берген,
 «Осы сірә жетпес» – деген
 біреулердің жолын ашып,
 «Осы тақтан түспес» – деген
 біреулерді жат көрген.
 Төбетқұлдың осы шағы
 орын алған нақ төрден,
 Көпке әйгілі
 «КІСІ ҰСТАЙТЫН» сұм жылдарға шақ келген.

Ойда жокта ойран-топыр опасыздық басталды,
 Жазығы жоқ өншең сарбаз жазаланды
 ұсталды, жер жастанды,
 Ірі елдің ортасына ірткі сүйек тасталды,
 Елі ерге, ері елге болды амалсыз «ТАСТАНДЫ»

Еніреген ел ұлдары еш себепсіз
 құрсауланды байланды,
 Байланды да айланбасқа айдалды.
 Кісі ұстайтын жасыл тымақ «КЕШУІНДЕР»
 арсыз қулар, жансыз қулар сайланды,
 Өнсіз күнін өткізбеген
 қамсыз халық, сансыз халық қайғы алды.

Құдай ұрды Төбетқұлды өзі тілеп
 КЕШУІН боп жауыздыққа бас бұрды,
 Адамдығын тасқа ұрды.
 Жан біткеннің жанарына жас тұнды.
 Жакынына, жалпақ елге қас қылды.

Біреулерді:

«Қожасың деп, молдасың деп,

имамсың» – деп ұстады,

«Құран оқып құдай жолын

қуғансың» – деп ұстады.

Біреулерді: «Құдай жолын қуғандармен

ағайын боп туғансың» – деп ұстады,

Біреулерді:

«Артық дәулет жиғансың» – деп ұстады.

Қайран елді

Қара ниет Төбетқұлдар ыластады ыстады.

Біреулерді: «Келіншегің, қарындасың,

қызың маған шақырғанда келмеді» – деп соттады,

«Белін шешіп, бетін ашып

айтқаныма көнбеді» – деп соттады.

Біреулерді:

«Әкең жорға, жүйрік атын

сұрағанда бермеді» – деп соттады.

Біреулерді:

«Итің үрді, аңға шықсам ермеді» – деп соттады.

Білгенін қып оттады.

Әйтсе дағы көншімеді көңілі оның

барған сайын ашылды адым, араны,

Төбетқұлдың сойылынан

бас жарылды, сүйек сынды, ауыз, мұрын қанады.

Бірге туған інісін де, қызын берген енесін де,

өзін тапқан анасын да сабады,

Қарсы шыққан біреу болса қамады.

Соны көрген әкесі оның қайғы шекті
көкірегінде зар тұнды,
Есер ұлға талай-талай ақыл айтты
жауыздығын қойғызбаққа талпынды.
«Жан балам» – деп жалбарынды,
жылап та айтты,
сыбап та айтты жылта алмады салқынды,
Ақылсыз ұл айтқанына көнбей қойды.
Айла амалы сарқылды.
Бір күн сөйтіп әкесі оны үйретпекке
«келсін» – деді, шақырды,
Шақырды да артық сөз жоқ бұзақы ұлды
сойды келіп бұзау тісті қамшы өрімін батырды.
Амал қанша ақымақ ұл үйренудің орнына
шатынады, Сатылды:
Қасындағы жігіттерге:
«Мына қақбас шалды ұстандар,
байландар» – деп ақырды.

Бітті осымен
Төбетқұлдың жанындағы шаш ал десе
бас алатын төбет иттер таймады,
Жалғыз шалды тепкіледі,
бас сап ұстап байлады.
«Өкіметке қарсы шықты, өкіметтің адамына
сойыл соқты» – деген жала жапты да,
«...Қауіпті адам қатал жаза берілсін...» – деп
қойынына хат жазып сап айдады.

Туған ұлы осылай ғып шығарған соң шешімді,
Қайран әке қарт таулар мен
кара түнек қарлы аспанға тесілді.

Тесілді де біраз уақ үнсіз тұрды. ...Көсілді.
Жанарынан жалын атып
жауыз ұлға сөзін айтты ақырғы да кесімді:

—...Қапа болып нәлет айтып камығайын несіне,
Жаратқаннан әр адамға
түрлі-түрлі жазылады несібе.
Маған кәзір мына істеген қиянатың
қызық болып тұрған жоқ,
Тек балалық сәби шағың түсе берді есіме.

Сені біздер өсірдік-ау
қолымыздан, мойнымыздан түсірмей.
Сен дегенде қалушы еді тамағымыз ішілмей.
Біздің өмір тіршіліктің мән-мағына
көркі едің сен
айтар болсам ісірмей,
Күнде ержетіп келе жаттың
қолдан күйған мүсіндей.

Бұл өмірдің алдын ала кім болжайды
мән жәйін,
Қайдан білем бел асарда
тұратынын ұлым қазған ор дайын.
Ұлым сенің бір ғажабың
өзің тендес балалармен ойнамай,
Ит боп үріп, итпен ойнай беруші едің әрдайым.

Ол күндері ойладым ба
әкелігім әлек болып жетед деп,
Жан арманым жалмауыздай
қас жауыздық етед деп.

Ит боп үріп етегімнен алушы едің етектеп,
О сұмырай! сонда жүреді екенсің ғой
өзінді өзін итшілікке жетектеп.

Мен көтердім бас арқама
бетіңнен еш қақпадым,
Адамдыққа адалдыққа баптадым.
Бірақ балам ақыр соңы не боп шықты:
«еңбегімді ақтадың сен, ақтадың»
ӘКЕЛІКТІҢ,
БАЛАЛЫҚТЫҢ алтын заңын
табаныңа таптадың.

Бұл түріңмен арамдыққа ұрық сеуіп
алға қарай көшерсің,
Табағыңды иттен қалған
сарқын үшін төсерсің

Бүгін міне ізгілікке итше сарып
ит қылығын істеп тұрған есерсің,
Енді алдыңғы уақытта ит өмірін кешерсің.

Сезбеппін ғой шатқалдан да терең екен
бойыңдағы шатағың,
Екі қолың дірілдемей, еш қымсынбай
өз әкенді өз қолыңмен матадың.
Бұрын сенің есіміңді:
«ҚҰЛМҰХАММЕТ» қойып едім
күдіреттей болсын деп,
Енді ол болмас бұдан былай, сәл өзгертіп:
«ТӨБЕТҚҰЛ» – деп атадым.

Ал қош, ТӨБЕТ!

енді біздер кезікпеспіз екі дүние шегінде,
Өмір бойы бата беріп келіп едім тегінде.

Бүгін тағы бата беріп аттанайын

сен әперген өлімге,

«СЕН КӨП ЖАСА»,

«ОРАНУШЫ БОЛМА АҚЫРЕТ КЕБІНГЕ»

– деп әкесі қызыл жалын соғып тұрған

қыстың түнек кешінде,

Қыж-қыж қайнап намыс оты азаматтық төсінде,

Сыртқа шашпай ашу-ыза,

өзектегі өрт боп жанған өшін де.

Жанарынан жасын ұшып аттанғаны есінде.

Содан кейін от алғандай

асып-сасып қанша уақыт өтпеді,

Әкесінің сол жанары

өмір бойы көз алдынан кетпеді.

Ісінде де, түсінде де

қынабы жоқ қылыштай боп қылпылдап,

Төніп тұра береді ылғый

төбесінен көк жалын-от төккелі.

...Осы сәттен Төбетқұлға

қара түнек болып кетті шартарап,

Минут сайын, сағат сайын

жан жағынан жұлып жеді зар талап.

Келіншегі күйеуінің көн бетіне түкірді де

уыс-уыс құм шашып,

Төркініне тайып тұрды
бір жасарлық үш баласын арқалап...

...Сол күн түнде таң атқанша
жоқтау айтып дауыс қылған анасы,
Тәмам болып көз жасы мен ақыл-айла, шарасы,
Таңсәріде кіріп келді Төбетқұлдың отауына
шыққан пара-парасы,
Еш білінбей кеткен екен
жанарының қарасы мен аласы.

– О, сүмелек, – деді айқайлап,
Қара менің бетіме,
Мен өзімнің жан-тәнімді бөлдім бүгін екіге.
Сенен басқа бес баламның еншісіне
ар таңбасы басылсын,
Қан таңбасы түссін мына
сені тапқан рухым мен етіме.

Саған берген уыз сүтім
тасқа болсын ұрпақтарға жетпесін,
Басқа балам емген сүтім отқа болсын
келешектің жан-тәніне ізгілік боп көктесін.
Жауыз кәпір сені тек сол жауыздыққа тапсырамын.
Кек кесім.
Күрсінсең де күнің сірә өтпесін.

Сен ит қайдан түсінесің асыл менен масылды,
Әкең саған текке айтқан жоқ «көп жаса» – деп,
мен де саған сыйлық етем жасамаған жасымды.
Иттен төмен өмір сүріп
өткіз сөйтіп жарты жарым ғасырды,

Ит кемірсін басынды.

– деді дағы бір анарын отқа сауды
аналығын өрт қылып,
Бір анарын қара тасқа иіндірді
қаталдықты ұлпа етуге серт қылып.
Сөйтті-дағы аялдамай құлап кетті аяусыз,
Өр намысы өзін өзі мерт қылып....

Артындағы ағалаған, жағалаған
бауырлары ішке тартып демдерін,
Сыртқа салып өндерін:
– Біз өлгенде келмей-ақ қой,
біз де сенің жемтігіне бармаймыз,
Тасқа болсын сенің құрған шеңгелің.

– деді-дағы жұртқа тастап
көшіп кетті мойындарын бұрмады,
Сабамады ұрмады.
Ал көпшілік жоламады, жолатпады маңдарына,
бірде бірі төркіндес боп тұрмады.
Былайша айтсақ: Төбетқұлды тірісінде
«ТҰЛДАДЫ»...

...Қатал Төбет қыңсылады
қаншық иттей зарлады,
Қаңбақ құрлы болмай қалды
сары алтындай салмағы.
Өзін өзі өлтіруге көріп еді
қаншама рет қол сермеп,
Іске аспады.
Ондай өрен өжеттікке өлездігі бармады...

III

Төбеткүл шал қар жалайды
кеуіп қалған таңдай, ернін
жібіткендей тамсанып,
Өлмей қалу ойында бар
АШТЫҚ, АЯЗ
қысып бара жатса-дағы қаншалық.
Әйткенменен үйшік іші
пана болмай бара жатыр
ит құшақтап, қымтанса да жан салып.
Әттең шіркін тұра алмайды от жағуға
тауға барып Қарабұта, Арша алып.

Сосын итін жұмсап еді
таудан тауып әкелуге несіпті,
Қар бітепті шықпастай ғып есікті.
Барша үміті өшіпті,
Тек өлімнен басқа жолды
жаратқаны кесіпті.

Енді қалған еш амал жоқ.
«Жоқ бар екен жалғаз амал. Соңғы амал,
Сорлы шалым ең соңғы рет
қан қолыңды қанға мал.

Ол соңғы амал:
Итіңді сой екі-үш күнге талғау болар өлмеске,
Қозғал енді қанжарыңды қамдап ал»

– деп ойлаған байқұс шалың
бас көтеріп
пышақ іздей бастап еді жанынан,

ІҮ

Кір жуытып, дақ салуға еш келмейтін
АР деген бір ЖҰЛДЫЗ бар.
Жанға тисе тиер мүмкін
 сол жұлдызға тимеу керек түнгі ызғар.
Кез боп қалсам өңі сынық қарт адамға
 ішкен асым бойға батпай тұрады,
Алдыңғының киесіне
 ұрынып бір қалды ма деп ұл-қыздар.

О ЖАСАҒАН!

Бақыт берсең
 бабалардың арман-тілек, ақ батасын ақтай бер.
Келер ұрпақ кейінгінің ұят-иба,
 ұяндығын қақпай бер.
Таласқа бай тіршілікте
 біреулерге тілім тиіп,
 қолым тиіп жатар мүмкін, бірақта,
ЖАНДЫ ҚҰДАЙ АТА-АНАНЫ
МӘҢГІЛІКТІҢ МЕКЕНІНЕ
РЕНЖІТІП ҚАЙТАРУДАН
САҚТАЙ ГӨР!

ҮШІНШІ БӨЛІМ



АДАМДАР-АЙ ДҮНИЕНІҢ ТІРЕГІ

*Беу адамдар!
Мына әлемді суға салып,
отқа жағып тасыттың да жасыттың
Сырын аштың құнды, құнсыз
жабықтың да ашықтың
Күн өткіздің қуаныштан алақайлап,
қиындықтан басып мұң
Ал мен сенің жүріп өткен
әр жолыңа ғашықпын.*



АБАЙ

Абай туды,
 қалай туды
 солай туды тың туды,
Тың туды да
 қапастыққа төзе алмады
 бұлқынды.

Ерік берді ой сезімге
 жинап қойып
 құлақ,
 мұрын,
 құлқынды,

Зар жылады
 «Қайтсем өнерлі
 ел етем, – деп – ұлтымды»

Місе тұтпай
Құнанбайдың атақ-данқын, байлығын,
Ойсыздарға ой түсіріп,
 жайсаңдарға жайды мұң.
Ашық тұрған бақ-бақыттан
 өзі тілеп бас тартып,
Ортасына жатып алды
 халқы шеккен қайғының.

Тарката алмай
 заман көгін торлап алған мұнарды,
Домбыраның алқымына
 құлақ күй боп бұралды.
Жету үшін шексіз, шетсіз
 шөл далаға сусын боп,

Қайғы орнына күлкі беріп,
сауық-сайран орынына мұң алды.

Махаббатты малға сатқан
малғұндарды қарғады,
Қысқа, шолақ сезімдерге
арман жібін жалғады.

Кеңітуге талаптанды,
талпынды тар арнаны,
Бой жетпеген биіктерге
ой жеткізіп самғады.

Өзгелермен тең болсын деп
өзін тапқан халықты,
Бар өнерін аямады
көпестікпен, шеберлікпен ағытты.
Мұң мен зарда ұлт жоқтығын
сахараға паш етіп,
Татьяна шері, Тоғжан шері бір екенін
көшпенді елге танытты.

Бастан кешіп көрсе дағы
таршылықтың, кеңшіліктің қандайын,
Кереметке балап сүйді
келешектің мән жайын.
Ханға, паңға қол қусырмай,
назға, сазға иіліп,
Белден биік ұлылығын
елден төмен қоя білді әрдайым.

Өз әкесі болсын мейілі
кешірмеді өз ұлтынан азғанды,

Адамдыққа баламады алтын үшін
атақ үшін өзгеге ор қазғанды,
Өзіне тең ер таба алмай
мұң шағып. Сыр ашуға,
Тоғжан ару,
Әйгерім қыз,
Салтанаттай аруларға
жасын төгіп назданды.

Көп ойланып, аз жасады
алпысқа да жетпеді,
Асқақ дарын қайта он жыл тірі тұрса
бұл қазаққа көп пе еді.
Өкініш жоқ әлі өсіп көктеп жатыр еккені,
Өзі өлсе де тірі қалып
іс істеуде ұлылықтың мектебі.

Абай!
Абай –
Таяқ жеді, сотқа барды –
Адам төзбес кешті нелер шақтарды,
Абай!
Абай –
Ән шығарды, өлең жазды
даналықтың парыз ісін атқарды.
Абай! Абай –
Пушкинмен,
Лермонтовпен иықтасып сөз сөйлеп,
Абай!
Абай –
Шырақ жағып,
сар далаға сарай салып аттанды.

МЕН НЕГЕ АҚЫН БОЛДЫМ

Адам болып жаралу сірә ғаламат. Ал ақын адам болып жаралу, ол сәті түссе мыңнан бір-ақ рет кез келерлік ғажайып ғаламат. Сәті түспесе ше, мың жылда да жаралмауы ықтимал. Енді ақын болып жаралған екенсің ол себепсіз болмайды. Басқа ақындардың себебін білмеймін. Менің ақын болып жаралуымда мынандай төрт түрлі себеп бар:

Бірінші: Қазақта ҚАБАН атты екі әке болған екен. Соның бірі алты алашқа аты шыққан айтыстың ақпа ақыны, қазақ ауыз әдебиетінің көрінекті өкілі Тауданбектің әкесі. Бірі менің әкем.

Екінші: Қазақта ҰЛЖАН аты екі ана болған екен. Біреуі Азияның жеті жұлдызының кемеңгері, қазақтың жазба өлең, әдебиет шебірі ұлы Абайдың шешесі. Енді бірі әрине менің шешем.

Үшінші: қазақта КҮЛТӘЙ атты екі ару болған екен. Соның бірі қазақтың халық ақыны, қазақстан елінің мемлекет сыйлығының иегері, махаббат жыршысы атанған ақиық ақын Тұманбайдың әйелі. Енді бірі дау жоқ менің жарым.

Төртінші: Көк Түріктің көгілдір байтақ даласында ДӘЛІҮҮН атты екі жер бар. Соның бірінде әйгілі қолбасшы Шыңғысхан туыпты. Енді бірінде мен тудым. Шыңғыс әлемнің жартысын жүзінен қан тамған қылышымен иемденіпті. Ал мен ұшынан ем тамған қаламыммен...

Менде сірә ақын болмасқа шара жоқ.

1

ТАУДАНБЕК АҚЫННЫҢ ӘКЕСІ
ҚАБАН БАБАҒА ТАҒЗЫМ ЕТУ

Қабан әке!
Тауданбектей ұл туғыздың
таудан биік дарынды,
Сол дарынның арқасында ол
өлең айтты салмақты да сарында.
Сарынды өлең бізге жетті асқақтатып бағыңды,
Асқақ жырға амалсыздан
барша қазақ бағынды.

Сен жараттың
азамагтың, ақындықтың үздігін,
Ол жібітті
ыстық сөзбен суық өмір мұздығын.
Сенің ұлың ақын емес
хан болса егер қаһарлы,
Екі ғасыр өткеннен соң
сені сірә білмес едік біз бүгін.

Мені дағы
«Қабан» – атты әке жоқтан бар етті,
Бар еткенде тек жәй емес
ақын етті, нар етті.
Нар болудың нарқы бірдей болады екен
жан баба,
Себебі сол:
Маған дағы
Тауданбектей нар ақынның зары өтті.

2

АБАЙ АҚЫННЫҢ ШЕШЕСІ
ҚАСИЕТТІ ҰЛЖАН АНАҒА БАС ИІУ

Жалғыз тұрып

құлан жортпас құланиек далада,

Өзге бөтен ой келтірмей санама:

Ұлы өлкеден кеппесін деп

ақын шыққан шарана,

Ғасыр аттап басымды идім

ақындықтың пірі болған

ұлы ҰЛЖАН жан ана.

Заманыңды жатса дағы

Қасқыр-Иттей талап мұң,

Аналықтың қасиетін

шар тарапқа тараттың.

Ғасырлардан ғасырларға

көшіп өмір сүру үшін жан ана,

Абайыңды ақын етіп жараттың.

Ұлы уақыт –

басы биік

бұлдыр-бұлдыр құзар шың,

Аяғыңның астында тұр

сен одан да шынарсың.

Ұлың Абай

тамақ тілеп жылағанда шырқырап,

Омырауыңнан сүт емес сен

өрт ағызған шығарсың.

Сені қолдап, қоршаған соң
кең сахара жон далаң,
Сүтке бөлеп, құтқа бөлеп
еккен гүлің солмаған.
Әйтсе дағы ақын туып
ақ жалынмен асырау,
Сеземін ғой
сізге де оңай болмаған.

Уақыт пен жер арасы
болғанымен тым алшаң,
Бізге жетті
ақындыққа дұға болған тұмаршаң.
Сен кешірген қасіретті
менің шешем Ұлжан ана кешірді,
Сенің ұлың шыққан көкке
мен талпынып шыға алсам.

3

ТҰМАНБАЙ АҚЫННЫҢ ӘЙЕЛ КҮЛТӘЙ АРУМЕН СЫРЛАСУ

Қазақтың бір ақын ұлын
дарынды да зерделі,
Таңдап сүйдін
дарынына дарын қосып бергелі.
Мен дағы бір ақын ұлмын:
«КҮЛТӘЙ» – атты қыз құшқан,
Сондықтан да
Күлтәй ару сырласайық кел бері.

Жас Тұманбай –
Қолына ұстап жүргеннен соң сағымды,
Тартқан шығар еркіңнен тыс
жанарыңды, жаныңды,
Ұлы ақындық –
кербездікке, асаулыққа
бұғау болып салынып,
Көмір сынды балқыттыма
сары алтындай сабырды,

Түсінікті сен ақынды сүйгендігің,
жан салып
Ол да соны жасыра алмай
барша көпке өлең етті жар салып.
Бірақ, айтшы
сен қолтықтап жүргеніңде көшеде,
Жанап өткен, жас қыздарға
қайта айланып қарады ма ол тамсанып

Ғашық болып, қылықтыға наздыға,
Көптей көріп қолдағы бар, азды да,
Жан біткенге жатып жастық,
төсек болып иіліп.
Басқа әйелге өлең арнап жазды ма.

Ол әрине –
Басқа әйелдің күйеуінен артықырақ
атақ-данық таратты,
Басқа әйелдің, күйеуінен артықырақ
елді аузына қаратты,
Басқа әйелдің күйеуінен артықырақ
мұрынында канатты,
Басқа әйелдің күйеуінен артықырақ
ішкен шығар арақты.

Басқа әйелдер ақық тағып
оранғанда үлде менен бұлдеге.
Сенің жарың кітап алып оралды ма
жұлдеге.
Басқа әйелдер құс жастықта
қор-қор ұйықтап жатқанда,
Сен қызулау ақындарға
арақ тасып, тамақ тасып
шаршадың ба түнде де.

Айтшы Күлтәй
сүйген жарың қызметінен сәл кешігіп келді ме,
Ақкөңілдік, аңқаулықпен
сенбеске де сенді ме.
Ол байқамай көз тастамай өтсе дағы көп жерде,
Қыздар сенің күйеуіңнің артынан көп ердіме.

Оқасы жоқ тек сен ғана
Тұманбайды нақ Тұманбай етесің,
Ғұмыр бойы
ыза болып, ырза болып өтесің.
Екі Күлтәй ел сендерге
қызығумен, қызғанумен күн кешер,
Ең ғажабы –
жүз жылдан соң жаралатын ақын ұлға
қыз қалпыңмен жетесің.

ӘЙГІЛІ ҚОЛБАСШЫ ХАН ШЫҢҒЫСПЕН БЕТПЕ БЕТ

Алдияр хан!
Сегіз жүз жыл бұрын келген әлемге,
Келе салып әлек салған бәр елге.
«Қолымды алып, бас имеді» – деп
ашуға баспаңыз,
Менің қолым –
қандауға емес жаратылған
дәрі емге.

Сен де атақты
ДЭЛУҮНДЕЙ жерденсің,
Мен де атақты
ДЭЛУҮНДЕЙ жерденмін,
Сен әлемге жаралғанда –
ҚАН уыстап келгенсің,
Мен әлемге жаралғанда –
ӘН уыстап келгенмін.

Сен әлемге
хан болуды, заң болуды аңсадың,
Мен әлемге
шам болуды, таң болуды аңсадым.
Сен әлемді қанға бояп
қылыштадың шаршадың,
Мен әлемді әнге бөлеп
дұрыстадым шаршадым.

Сені Құдай әкім етті
дараландың,
қаттылықты таңдадың,
Мені құдай ақын етті
қалам алдым
тәттілікті таңдадым.

Сен қолбасшы:
Мен әнбасшы:
– Қара дарын,
– Ақ дарын.
Менің әнім емдеп әлек
сенің өткір қылышыңның
салып кеткен зардабын.

Ой кеспекке талпынып ең
оған дәтің жетпеді,
Бас кескенің еш жаңалық емес батыр:
тіл кескенің кектендірер көп мені.
Уақыттан аскан ұлы
қуатты жан болмақ боп,
Өлместікке дәрі іздеп ең
өмір оған келтірмеді өтпелі.

Жарты әлемді жаулап алдың
қайтармадың ақыны,
Саған басын иді адамның
патшасы да пақыры,
Айтшы ұлы хан:
Сол еңбектен пайда таптың дәл қандай,
Өттің...
Біттің...
Дүниеден құралақан қайтпадың ба ақыры.

Сен өзіңді ойладың-ау:

«Ұлымын, – деп, – ірімін, – деп нар тұлға».

Ол ойыңыз жөн болмады,

өткенінде құшақ-құшақ қасірет пен
қарғыс қалды артында.

Мен ойлаймын:

«Өзім ірі, ұлымын, – деп, – нар тұлға».

Мен өлгенде:

құшақ-құшақ нұр қалады,

жыр қалады артымда.

ЕРЛЕР-АЙ

Қазынасы қазылмаған кендер-ай,
Шегілмеген шерлер-ай.
Хан қолынан
 қанды жарлық қабыл алса күлімдеп,
Қыз қолынан
 хат алуға бата алмаған ерлер-ай.

Еңісі жоқ тек бір биік өрлер-ай,
Есігі жоқ төрлер-ай.
Дар алдында дара тұрып
 жан беруден сескенбей,
Ар алдында тізе бүгіп,
 басын иген ерлер-ай.

Тарлығы жоқ
 жазық жайсаң кендер-ай,
Қара нардың жүгін артса
 қайыспаған белдер-ай.
Жау алдында
 қылыш басын кессе дағы
 кыңқ етпей,
Ана алдында
 көзден моншақ
 төгілдірген ерлер-ай.

АҚЫНДАР-АЙ

Ақындар-ай,
Асаулар-ай, ауыздықсыз тулаған,
Жүрегінде

жүзді алмастай өткір өлең шулаған.

Аш жалаңаш жүрсе дағы

құлқын камын қумаған.

Ақындар-ай,

Өтіп кетсе қайта айланып

мың жылда да тумаған.

Ақындар-ай,

Алыптар-ай тізгіндеуге келмеген,

Көне тартқан көпшіліктің

жан жүрегін өндеген.

Адамзаттың арман-жүгін

қалжырамай теңдеген.

Ақындар-ай өртке салып өртесе де

өлездікке көнбеген.

Ақындар-ай,

Жалындар-ай жанған отты өртеген.

Сыр шертіскен топырақпен,

таулы, тасты өлкемен.

Жаны толған, ары толған өрт өлең.

...Ақындар-ай,

Айдындар-ай ең терең.

(Ұлым Біржанға)

Балам сені адам еттім
шықсын дедім асқарға,
Талпынарсың мүмкін оған
шығарсың.

Сол биікке
шығу жолын бастарда,
Қайта түсу жолын да ойла
бір күн төмен құларсың.

Балам сені адам етіп
жаратқам жоқ бекерге,
Көрсін дедім,
толсын дедім ұзақ өмір жолында.
Осы жолды тамам етіп
жат мекенге кетерде,
Неңді тастап,
кім боп кету
ол өзіңнің қолында.

ҚОС ҚҰЛЫНЫМ

Айналайын қос құлыным – ардағым,
Келешегім күтіп жүрген арманым.
Екеуіңнің аман болсын бал жаның,
Күңгірттенбей ашық тұрсын алдарың.

Қос құлыным –
 қос қанатым қағатын,
Қос құлыным –
 қос бұлағым ағатын,
Қос құлыным –
 қос шырағым жағатын,
Қос құлыным – қос бақытым табатын.

Тентектерім телі қозыдай телінген,
Сендер десек түн ұйқымыз бөлінген.
Томпаң қағып, сендер аман жүргенде,
Түнде – шуақ, күндіз – шолпан көрінген.

Дендерің сау сендер аман болындар,
Бұл өмірде сендерге кең орын бар.

Ата көріп, талаппен оқ жонындар,
Қияландар, қия шыңға қонындар.

Еркелеңдер, шаттанындар күліңдер,
Тентектеніп мойыныма мініңдер.
Бірақ, бірақ!
Құлындарым, мына өмір,
Ата-анаңдай жұмсақ емес.
Біліңдер!

БАЙ АДАММЫН МЕН ДЕГЕН

(Бірге туған тоғызыма)

Бір енеден тоғызбыз
 тоғыз дана пернедей,
Тоғыз түрлі үн шығар
 байқасаңыз термелей.
Тоғыз қазына секілді
 тоғызымыз тұрғанда,
Қайтып шыдар қуаныш
 көкейімді кернемей.

Бір әпекем алдымда,
 үш қарындас артымда,
Екі ағам бар жол бастар,
 екі інім бар нар тұлға.
Ең жоғарғы бақытым –
 сүйенішім,
 қорғаным,
Аман отыр қауқайып
 әке-шешем қартым да.

Ақ самайлы ата-анам –
 тірідегі бейішім,
Алдымдағы екі ағам –
 дiңгек тіреу мен үшін.
Інілерім –
 арғымақ шабысым мен
 желісім,
Үш қарындас апайым –
 ат байларым өрісім.

Шүкір Алла жасаған
бай адаммын мен деген,
Аспасам да біреуден,
біреулерден кенде емен.
Айналамды қошаған
төрт ұл,
төрт қыз тұрғанда,
Сегіз түйе жүгің де
түк болмайды теңдеген.

Шүкір, шүкір жасаған
бай адаммын мен деген,

НАҒАШЫ

*(Жалғыз нағашым
Тоқтаубай Көкішұлына)*

Серілікті сенен ұқтым,
керілікті сенен ұқтым,
ерлікті де сенен ұқтым нағашым,
Сен мен үшін данасың.
Жан-тәніне балайтұғын,
әлі сені еркелетіп келе жатыр анашым.
Сен тұрғанда
аласа боп көрінеді асқар биік ала шың.

Сенен ұқтым шылымды да,
аракты да,
домбыраны...
сенен ұқтым барлығын,
Жігіттіктің паңдығы мен нарлығын.
Маған дәмді сезілетін калдығың,
Сенен көшкен мендегі бар
зар-мұңым мен ән-жырым.

Саған қарап жасап жүрмін
жаңа-жаңа қадамдар,
Содан шығар бір басыма жетерліктей
беделім бар,
бағам бар.

Ұқсастығым ұшан теңіз
шығар-ау деп ойлаймын,
Мені көріп:
«Токтаубайға туыссың ба»,
– деп сұрайды адамдар.

Кәзір асып бара жатсың
алпыс жастың белесін,
Асаулықты қойған жоқсың
әлі тулап келесін.
Сенен көрем ертектегі
батырлардың елесін,
Десе де асыл нағашым-ау
менің қырық серкешімді
қашан айдап бересін.

Атадан сен жалғыз едің,
батадан сен көп едің,
«Жынды болсаң мендей-ақ бол,
сері болсаң мендей-ақ бол», – деп едің.
Сендей болып шыдамадым,
болу үшін ұқсап бағып келемін,
Асқақтай бер,
асқақтықтан айрылсаң сен
сен болмайсың беренім!

АҚТАН АҚЫНҒА ШАҒЫНУ

(Ақтан Бабиұлының

100 жылдық мерей тойына)

Армысың ақиық жыр –

Ақтан ақын,

Аз Қазақ аңыз етіп мақтанатын.

Бүгінгі жыр бәйгенің көмбесі сіз,

Көп жүйрік көлбей шауып тоқталатын.

Бәйгеге әркім келді баптап атын,

Менің де осал болмас шаппақ атым.

Осылай басымыз бір қосылғанда,

Сырым бар шағым етіп ақтаратын.

Сұрасаң:

«Ел қалай», – деп артымдағы.

Қара тас

Алтын болып жарқылдады.

Бүгінгі біздің кездің Ақиығы –

Ілбіс емес

Тышқанды алқымдады.

Адам көп шарап етіп ішкен шынды,

Ақындар соны айта алмай іштен тынды.

Сіз көрген хас өнердің

хал-жағдайы –

Ер Жекей шыннан құлап түскен сынды.

Өлеңнің қабағына қар қатып жүр,

Сол кардың ызғарына

жан қатып жүр.

Бас сүйеп, сусын берер
Жанботалар –
Қаракшы
Қасқарбай боп арды атып жүр.

Сіз шапқан бәйге түрі өзгерілді,
(Кім салар қисық кеткен тезге өмірді)
Кешегі өнер сүйген өз елінде –
Өсекке адал арман сөз көмілді.

Тамақты бір күн тойған
«бақ ашпақ», – деп,
Бұл күнде жараспақтан таласпақ көп.
Бір тілек.
Өрт боп өткен рухыңмен,
Соларды жақсылап бір аластап кет.

ТОЙЛАН АҒА

(Ақын Тойылбай Құрмандолдаұлына)

Ардың туы арыстан –
Тойлан аға,
Тау ұлысың жаралған ойға ғана.
Сенің мына неге үнсіз қағыр тауың
Қағыр тауың сен жайлы
ойлана ма.

Сен де ұксап барасың
қағыр тауға,
Қағыр тауға,
қары жоқ шағыл тауға.

Кім біледі қары жоқ қағыр таулар,
Сенен сұрап отыр ма
қарын сауға.

Кімдер қалды тауды да
«маубасым» дер,
Маубасыңның
шөлдеген ауласын көр.
Шығайбайдан ешкім де
шық дәметпес,
Ал сен мына таулардың
сауғасын бер.

Жауын әпер, қар әпер
қағыр шыңға,
Қарсыз оның қайғысы
арылсын ба.

Гүл көктесін таска да содан кейін,
Сауға ұсынған түнекке
табынсын да.

Бұлт жоғалды аспаннан
қара түнек,
Қара түнек бұлттан нұр алатын ек.
Көп болды ғой
сен бұлт боп түнергелі,
Дара кетіп далаға дара түнеп.

Қарлы таудан жаралған
бір құйынсын,
Қағырларға сондықтан
нұр құйылсын.

Шабыттансаң
шашылар сыр бұйымсың.
Шартарапқа шашылшы
жыр бұйырсын.

Тарлансың ғой жаралған ойға ғана,
Ой төгетін кез болды
ойла «бала»
Қағыр таулар сенен су дәметуде,
Төгіл, төгіл нөсер боп,
Тойлан аға.

ШЫН ҚЫРАН

*(Ұшақ апатынан өмірді артына қалдырған
аса дарынды ақын Ж. Кәкей ағаның рухына)*

Аспанға сіңген
Ақыттың еріп артынан,
Дер шағың еді
аспандап көкке қалқыған.

Аспанда жүріп
аспанда аға мерт болдың,
Шын қырандардың шыға алмай ескі салтынан.

Шын дарындылар нөсер боп өлең төгеді,
Шын батырлар елі үшін жанын береді.

Жер бетінде жорғалап емес шын қыран,
Ұшып жүріп келмеске сапар шегеді.

Сөздеріңменен құлаққа жылы, жұғымды,
Қазаққа жалпақ
түсіріп кеттің нұрынды
Тірісің сен мәңгілікке жасайсың,
Тау,
Су,
Аспан айқайлап жатыр жырынды.

Нақ ұлы едің атауы қазақ егейдің,
Қанатты жайдың
Азияға да кеңейдің.
Өзіңдей жарық дарынды мына жасаған,
Маңдайына сиғызбады ғой Керейдің.

АРУ ӨЛЕҢ

(Монғолдың дарынды ақын қызы
Цоодолын Хуланга)

Сен адам боп жаралғанда
өлең сенің егізің боп телінді,
Сен жығылып жылағанда
анаң болып егілді.

Күнәдан пәк қыз шағында
жігіттеден бұрынырақ құшақтап,
Өлең сенің құрсағыңа
ұрық болып себілді.

Өлең сенің жас жаныңа жақын етті жат көпті,
Мандайыңа бақ төкті.
Ұлан асыр қызық қуып
көпшілікпен бірге болар кездерде,
Айдалаға бошалатып ап кетті.

Өлең сені ерте өсірді адуынсың батылды,
Көкірегің көк толғауды
қымыз қылып сапырды.
Ұйтқы ұйқас,
сырлы сана – омырауыңды сыздатып,
Ағыл-тегіл төгілгенде
көк Монғолдың таңдайына уыз болып татылды.

Әнсіз, жырсыз өміріңнің ешбір сәті өтпеді,
Әсем ойлар көңілінде көк құрақтай көктеді,
Өлең сені
күйеуіңнен артықырақ аймалап,
Ертелі кеш ерініңнен, езуіңнен кетпеді.

Әшекейлеп ұлы өмірдің өрнектедің өрнегін,
Жер әлемді өлеңіңмен

әлдиледің, тербедің.

Балаңды сен шапалақтап,

жан жарыңмен жанжалдасып көрсең де,

Өлеңге әлі өкпе айтып,

қабак шытып көрмедің.

Сөнбесе егер

Күн мен Айдың күңгірттеніп шырағы,

Сараң тартып сарқылмаса

адамзаттың ойлы ұрпақ – бұлағы,

Жағың түсіп жасың жүзге келгенде,

Өлең сені отпен орап

екіқабат қылады.

САҒЫҢДЫМ АҒА

(Аяулы ағам Бағдат Қабанұлының рухына)

Сән кетті қыран жетпес
шынарымнан,
Дән кетті шырынды
бал бұлағымнан.
Ән кетті ерке, сері көңілімнен,
Қалған соң егізімнің сыңарынан.

Бірінші жыр

Ақжарқын аға-ай, ініге еркелік берген,
Мен үшін талай от кешіп өргеніп көрген.
Өзіңнен күткен сыбағам әлі көп еді,
Осылай екен жаңа ұқтым келтелік деген.

Ат қосшы етіп ертіп ап ерке күнімді,
Естіртпес жаққа жол шектің көркем үніңді.
Өзіңнен қалған үш ұрпақ ер болып жетер,
Кім иіскер сенің телі өскен тентек ініңді.

Өзіңмен ойнап алысқан қайда күндерім,
Ойымнан кетпес таласып тайға мінгенім.
Көктемгі көңіл айналды құла далаға,
Тікенек болып қадалды майда гүлдерім.

Беретін еді қайтарып
Алаш алғанын,
Тасбауыр өлім сені алды таласа алмадым.
Кіреуке тартып жанарым отырам үнем,
Жаныма жалған кеш біліп жара салғанын.

Сен барда мына дүние әй, керім еді,
Бүгін ғой менің қайғыма
Ай көміледі.
Жылаймын дағы жыр жазам өзіне арнап,
Қолымнан келер басқа іс жоқ қайтемін енді.

Алдамшы еді бұл жалған
шіркін-ай неткен.
Ызғарға толды сен барғы
күлкі – бай көктем.
Ағам-ай, аға сағындым тереземе кеп,
Тықылдат дағы көрінші
бір күн әйнектен.

Екінші жыр

Сап-сары күздің сар желі сәл ғана тынды,
Мен үнсіз тұрмын сіміріп
зар-нала, мұнды.
Ағамның ойнап жүгірген іздері қалған,
Қарағым келмей қиналдым паң дала, құмды.

Істерін енді аямай істемек пе еді,
Сұп-суық жалын сумаңдап ішке беттеді.
«Жетімдік», – деген, құрығырдың
төбет иттері,
Жұлғылап жатыр қанатып тістелеп мені.

Мойындамасқа шара жоқ «жаланы» артып,
Маза бермеді сұм сезім жаралы жантық.
Баласыз жалғыз мұңайған жесір әйелдей,
Жұлдызсыз көкте толған Ай барады Қалқып.

Аттанған жауға батырдай жарағын киіп,
Алтай таулары түксиді қабағын түйіп.
Лаулап жанған іштегі сағыныш отына,
Жетім қозыдай жүрегім жанады күйіп.

«Бір көрем» – деген ағамды ескірді дәмем,
Мәңгілік ұлы етпейді ешкімді де әлем.
Алыстан сонау ұлыған
Қасқырдың даусы,
Талып та талып құлаққа естілді әрең.

Мұң менен шерден бір уақ тартынбақ болам,
Тартынбақ болам, түн бойы зар тындап қонам.
Енеден бірге жаралған егізім кетіп,
Оң қабырғамнан кетті ғой аңқылдап боран.

Азынап қайта жөнелді күз желі сосын,
Өлгеннен күдер пендеге үзбегі - жосын.
Қайтейін тек бір еріксіз еңірей бердім,
Қара жамылды уыздай біздегі қосын.

Үшінші жыр

Айға да талпынып қол созған аға,
Неге ерте иеленді қозба нала.
Ғашық ең туған жерге, сондықтан ба,
Асығыс сіңіп кеттің боз далаңа.

Сындырып сағын ерте ата-анаңның,
Адамы болып кеттің жат аралдың.
Мен болсам түсінікті дүниенің,
Түйінін түсіне алмай қапаландым.

Тым ерте солған гүлдей семдің ерім,
Інілік сәнім кетті енді менің.
Білсемде келмесінді бос дәмемен,
Сар дала сағымына телміремін.

Жан едім панандағы тон жамылған,
Білемін біздер жүрген жол жаңылған.
Кенеттен асу белге шыққандайын,
Кетті ғой жел аңқылдап оң жағымнан.

Жан аға сен тіріде желпілдедім,
Өткен соң кетті шіркін көркім менің.
Күйі едің қуаныштың аңқылдаған,
Қайтейін үзілдің де шертілмедің.

Кездерім естен кетпес жүрген бірге,
Енді ол күн етек жеңін түрген мүлде.
Көшкен ел секілденіп

өшкен бейнең,

Бұлдырап бара жатыр күннен күнге.
Ап кетті сені менен өтпелі күн,
Өкінем басқа амал жоқ

текке бүгін.

Артына қарайламай тастап кеткен,
Саған да, өлімге де
өкпелімін.

Төртінші жыр

Жүруші ең ылғи мені алға бастап,
Жан едің Алтай таудай

арманы асқақ.

Мына өмір өкпелі етіп жіберді ме,
Жолыңды жазықтағы

жарға жастап.

Тайдың ба құз қиядан абайламай,
Тез кеттің алды-артына қарайламай.
Мен болсам көзім талды өзің жүрген,
Шегі жоқ шерлі өлкеге

қарай-қарай.

Амал жоқ көп жыладым сағынғаннан,
Алланың салғанына

бағынды арман.

Үш ұлың

үш жағымнан ағалады,

Бейнеңді менен іздеп

сағымданған.

Жөнелдің нені үлгеріп,

нені үлгермей,

Ыстықта шелектен май төгілгендей.

Ата-анам мені көріп еңіреді,

Сенің бір бейнең менен көрінгендей.

Қол жетпес

Күннен өтіп, Айдан өтіп,

Жоғалдың жан ағатай қайда кетіп.

БАУЫРЛАРЫМА

*(Әкесінен жастай қалған
жетім ботадай жетімек бауырларым
Аңсай, Сека, Ежсаларға)*

Үш ботам айналайын
жасыл гүлім,
Тағдырдан өз амалын асырды кім.
Өкпелі боп жүрмендер сұм өмірге,
Адамнан өктемдігі
басым мұның.

Еш бәйге берілмейді озбағанға,
Оқ дайын тобынан қап тозған аңға.
Ұлиды бөлтірік те көкке қарап,
Қараңдар тау басына
боздағанда.

Ағарып жаңа атқанда
құрак – таңың,
Қайтейін тағдыр ерте жылатқанын.
Әйтсе де тасқа біткен жауқазындай,
Сендердің асыл болсын
мұраттарын

Болады кімге мәңгі
құмай – жалған,
Жалғандық кеш пе, ерте ме
сынайды алдан.
Тыныштық, мәңгіліктің мекенінен,
Қай адам әке құнын
сұрай барған.

МӘҢГІЛІК ЖАСТЫҚ

(Аяулы досым

марқұм Аманкелді Хаһарұлының рухына)

Өмірдің мына сезінбей

тарлық жоқтығын,

Өткізіп тек бір

ойнақы жалын от күнін.

Көлеңке көрмей

күншуақ ашық қалпыңмен,

Аттанып кеттің

от түрің енді жоқ бүгін.

Торғын кеуден

толы еді тылсым арманға,

Құштар едің

құс канат ылғи тарланға.

Сол жалының

майырылып қайта мұқалмай,

Арқанды бердің

арамза, баран жалғанға.

Мінілмей қалды

арналған бәсіре ат кенде,

Жолданбай қалды

жүрек сыр жазған хат жеңде.

Күдіксіз ешбір күлімдеп ғана қоштастың,

Күнөдан таза

балалық махаббатпен де.

Шайқалдырып ата-ана,
достың терегін,
Қыршын кеттің ғой
кия алмас қымбат беренім.
«Өмір», – дейтін
тақырып ғана қойылып,
Жазылмай қалды
өрнек жол, өрт сөз, өлеңін.

Ойында қара
сызат жоқ ешбір өңінде,
Жерінде самал,
ақша бұлт та жоқ көгінде.
Шаттыққа толы
бозбала дәурен мәңгілік,
Қасымда қалсын,
басымда қалсын дедің бе?

Онбес-ақ жаста
оралмас жаққа жол алдың,
Жол алдың дағы
жасыл гүлдерге орандың.
Барармын мен де
ақ бурыл шал боп артыңнан,
Жатырқамай жас досым сонда қол алғын.

СЕН ҚАЙТЫП ӨМІР СҮРЕСІҢ

*(Өз күйеуінен айрылып,
өз отанын талақ етіп бай қытайдың
қатыны болып еріп бара жатқан қазақтың бір
жас әйеліне айтылған сөз)*

Біреудің таңын таң етіп,
Біреудің заңын заң етіп,
Біреудің қанын қан етіп,
Біреудің жарын жар етіп.

Біреудің атын ат қылып,
Біреудің бағын бак қылып,
Жақтырмағаныңды жақтырып,
Жақтырғаныңды жат қылып.

Жатыңның ақтап қарасын,
Жақынның жыртып жарасын.
Қандырып қастың табасын,
Сен қайтып бақыт табасын.

Тікенді жерді мекендеп,
Сергелдең сәтте секеңдеп.
Көріспес жауды көкем деп,
Көкеңді жайсаң бөтен деп.

Сақауды тілсіз шешен деп,
Шешенді жүйрік мешел деп,
Салдакыларды шешем деп,
Шешенді нағыз кесел деп,

Күлесің қалай күлесің,
Көзіңді қалай ілесің.
Анаңның сүтін қан қылып,
Сен қайтіп өмір сүресің.

Ірігенді іргелеп,
Бөлінгенді бірге деп,
Өз әкеңді кірме деп,
Өз жеріңді түрме деп,

Қараңғыны айым деп,
Қара ағашты қайың деп,
Қара Қытай құшақтап,
Қанды ақшаны байым деп,

Оңасың қалай оңасың,
Толасың қалай толасың.
Бабаңның көрмей моласын,
Сен қайтіп адам боласың.

КІМДЕРГЕ

Шыр бітсе:

«қонды, – дейтін, құттың бәрі»

Тон кесе:

әқайтты, – дейтін, жұттың зәрі».

Тыңдандар ақша артынан

арын сатқан –

Байлықтың басы байлы

ТҰТҚЫНДАРЫ.

Өмірден лай да өтсін,

тұнық та өтсін,

Орнына өнер ғана

ұрық сепсін.

Еліңе не өнерге пайдасы жоқ,

Байлығың бүйтіп жиған

кұрып кетсін.

Пайда деп жүрсендер де

бір бұтаны,

Өнердін күнде атады

нұрлы таңы.

Өзіңмен бірге құрыр

жиған мүлкің,

Құлқынның құлақ кесті

ҚҰЛ ҚҰТАНЫ.

Беу, адамдар,
өнер қудым, өлең жаздым
сен үшін,
Менің осы егісімнің
адамдар көр жемісін.
Өлеңіммен өктем етсем,
көктем етсем ел ішін,
Тек сол болар бұл өмірден
менің тапқан жемісім.

Беу, адамдар,
күнде мені,
тілде мені тілесен,
Тілдегеннен,
күндегеннен көптен бері
көпке кетіп жүр есен.
Қарсы аламын қай жағымнан
калай шенеп, мінесен,
Бәрі бір мен
сендер үшін күресем.

МАҢАЙЫМА

Достарым,
ағаларым, інілерім –
Сүйенер сендер менің пірім едің.
Ренжіп кейбіреуің
қаласыңдар,
Байыттан байкалып жүр түрі ненің.

Бар менде жасырмаймын
сан қателік,
Кетемін келсең келде
ханға төніп.
Басымнан асырмайтын
жағдайым бар,
Құм күйса құдайсыздар
арға әкеліп.

Мінезім асау мінез
қанға біткен,
Жатады асып –
тасып арна біткен.
Сондықтан жарымына
жақпай қалам,
Шықпай қап ойларыңнан
алда күткен.

Жүрейін десем де ылғи түзулікпен,
Біреулер кез кеп қалар
ызың күткен.
Кетеді енді бірге тілім тиіп,
Жүрген де өзім қызып қызулықпен.

Достарым,
 ағаларым, ерген інім,
Біреуден болса сірә кенделігім.
Ол менің:
Пері емес періште емес,
Ет дене екі аяқты пенделігім.

Бар шығар ісімде көп надандығым,
Қойшы оны:
Жаным менің адал бүгін.
Өкпелер бір адамым
 болмаса егер,
Не болар
 фәнидегі адамдығым.

БЕТІМЕ БАҒА БЕРМЕҢДЕР (достарыма)

Алла бермеген келбетті,
Адамнан сұрап алам ба.
Айлансам да әлем жер-көкті,
Ақ келбет іздеп табам ба.

Табайын мүмкін бір жақтан,
Ол сонда маған не берер.
Шыққаннан кейін құндақтан,
Бәрі бір ол да көнерер.

Бетіме түскен тыртықты,
Болар-ау мүмкін жамауға.
Жүрек те жатқан жыртықты,
Жамауға жұртым жарар ма?

Бетіме қарап достарым,
Байытқа баға бермендер.
Танысаң жүрек астарын,
Жолдастыққа ер дендер.

Жүректен маржан терсеңдер,
Өрлендер достар төрлендер.
Бетіме баға берсеңдер,
Келмендер де ермендер.
Көрмендер!

СЕНІМ

(Дұшпандарыма)

Арым, қаным бойымда
 жан тұрғанда,
 Басындырман кез келген
 антұрғанға.
 Жұдырық түйсең мүмкін
 сонда түйгін,
 Кеудемнен қуат дәрмен
 саркылғанда.

Мына шақтың жойғанда
 мысқалдарын,
 Найзаңды сонда аларсың
 дұшпандарым.
 Одан бері жетпейді маған шамаң,
 Өйткені біздің кеуде құшқан жалын.

Несі бар бұл шындықты
 жасыратын,
 Дәл мынау кезім емес
 басұратын.
 Дұшпаным сендерге де кез келеді,
 Байыттан бойларыңды
 асыратын.

Оған дейін жолама,
 мазалама,
 Жыр жазайын
 бакытқа,
 қазаға да.

Күшің маған жеткен күн
Ойланбай-ақ,
Жойып жібер аяма
жазала да,

Қаралықтың салсаң да
бұрмасына,
Тең келмейсің тентектің
тұлғасына.
Таласпаймын жеңе бер жеңісіңе,
Мен шығамын бәрі бір
шың басына.

Дарыны жоқ қу басыңды тауға соғып,
тасқа ұрындар шаштарыңды жұлындар,
Өліп қайта тірілсең де
мен сықылды ақын болу
қолдарыңнан келмейді.

Не қылсаң да өз еркінде жамандандар
жағаласып тынбандар,
Шырмауықты жолға тосып сындандар.
Сендер егер болмасаңдар кеудемдегі
қатты сөзді кімге айтамын мен пақыр,
Тілейтінім:
Көп жасаңдар орта жолда сынбаңдар.

ЕР ТҰРАНБАЙ

(поэма)

Өр табиғат өз өрлігін жалғастырып
өр ұлдарды жаратады қашаннан,
Тұранбай да сондай ұлдың біреуі еді
жігіттігі өр сенімнен бас алған.
Жастайынан жетім өсті содан ба екен
еш қатерден тартынбайтын
тәуекелшіл боп өсті,
Секілденіп ет жүрегі еттен емес
өжеттіктен жасалған.

Шектен асқан ақ көңіл жан «СӨЙТШІ», – десе
«ЖОҚ», – деп айта алмайтын,
Егер «ЖӘ», – деп айтқан болса тындыратын,
айтқанынан танбайтын.

Және асқан сауықшыл ды:
Асқақтатып ән айтатын,
тамылжытып күй тартатын;
тәттілікке қанбайтын,
Адалдығы қандай болса
аңғалдығы сондай еді
шындаса оны жас бала да алдайтын.

Бір киімін сәндеп киіп,
сәндеп мініп сыландайтын бір атын,
Қайда мейлі жүрсе дағы
төмендетпей биік ұстап
адамдықтың, адалдықтың қыратын.

Шамасының келгенінше жетім-жесір,
ғаріп-міскін, кедей-кепшік жан біткенге
тек жақсылық қылатын.

Бар қозғалыс жүрісінен,
сөйлеген сөз күлісінен
ерекше бір ерлік аңқып тұратын.

Балайша айтсақ ол бұрмасыз
табиғаттың арда төлі, тау ұлы,
Кеудесінен биіктіктің нұры жауып,
соғады ылғи дархандықтың дауылы.
Оған мына адамзаттың бәрі – аға бауыры,
Содан шығар «ЕР ТҰРАНБАЙ» – дейтін еді
алыс жақын қауымы.

Ол оналты жастайынан
бірлестікке жылқы бақты үйде бұғып жатпады,
Жалын от боп лаулады
жорға, жүйрік, қыран бүркіт,
алғыр тазы баптады,
Қыста отарда тонды аязға,
жас денесін жазда ыстыққа қақтады.
Адал табан етіменен,
ащы маңдай теріменен
тамақ жеді ақшаға арын сатпады.

Туыс та жоқ, туған да жоқ
жалғыз еді, жалқы еді,
Әкесі де, анасы да, ағасы да –
қара шобыр халқы елі.

II

Арман құсын аспандатқан
ер азамат, арыстың,
Бір арғымақ аты бар ед
алдын бермей келе жатқан жарыстың.
Сол атының жалын алмай сәндеп мініп
жүруші еді әрдәйім,
Бірде ебдейсіз іс боп қалды
тұрықсыздар туын жыққан
намыстың.

Бұл жалғанда істер аз ба
қараңғыға айландырған жарықты,
Сондай істер өшкіндетіп жүреді ғой анықты.
Ер Тұранбай сұмынға кеп, кенсе алдына
атын байлап, ішке кіріп сәл айланып
қайта шықса мінеки,
Жүйрігінің жал құйрығын тұлдыр етіп
әлдекімдер күзеттіріп алыпты.

Бұдан артық қорлау барма
аяқ асты төмендеткен нарқыңды,
Арға арамдық тиген шақта
қалай сақтап қала аларсың
қаймақты сол қалпыңды.
Намысы бар есіл жігіт
Тұлпар атқа тұтам жалды қия алмаған
ақымақ ит сұмдарға,
Ыза болған өр ашуын
өн бойына сиғыза алмай шарқ ұрды.

Әй өмір -ай жоктан өзге бірдемемен
жаралы еткен жандыны,
Ізгілікке неге кедей болады екен
адамзаттың сандығы.
Сұрастырса сұлулықты
суыған ас секілді етіп қорлаған,
Сұмынның сұм бастығының
болып шықты жарлығы.

Соны білген ер Тұранбай
басекеңнің кеңсесіне
баса көктеп кіріп барды батылдығын батырып,
Сосын қарсы қарап тұрып:
- ЖАЛҒЫЗ АТТЫҢ ЖАЛЫН НЕГЕ
АЛДЫҢ, – деді ақырып.
Бастық та еш қымсынған жоқ:
– ОРЫНДАЛМАЙ КЕМІП ЖАТСА
ҚЫЛ -ҚЫБЫРДЫҢ ЖОСПАРЫ,
АТТЫҢ ЖАЛЫН АЛМАЙ МІНІП
ШАЙҚАҚТАЙТЫН СЕН СҮМЕЛЕК
КІМСІҢ, – деді бар ашуын шақырып.

Сол-ақ екен ер Тұранбай
қанжарына қолды салды;
оқыс қимыл бастады,
Соншалық бір жылдамдықпен атылып кеп
басекеңді қабырғаға жастады.
Желкесінен қысып әкеп тырп еткізбей
екі бүктеп тізесіне таптап ап,
Желбіреген шаш, сакалын күзеді де
үстелінің үстіне үйіп тастады.

Сонан кейін кең кеңсенің есігіне
аяндап кеп төрінен,
Күн шыққандай бұлт ашылып көгінен.
Сақал шаштан жұрдай болған
бастығының күле қарап бетіне:
«ТОЛМАЙ ЖАТҚАН ҚЫЛ ҚЫБЫРДЫҢ
ЖОСПАРЫНА СЕБІ ТИЕР, СОҒАН ҚОС», –
деп жүре берді жөнімен.

Жігіт кетті жарқ-жұрқ етіп нені болса
кесіп түсер қылыштай,
Бастық қалды көк бөріге талаттырып
тауда қалған шыбыштай.
Тек қалған жоқ:
«СЕНІ МЕ...» – деп тісін қайрап,
кек пен өшін сақтап қалды ішіне,
Арамдықтан у ащытып бұрыштай.

III

Сәнді жайлау – адам менен малды
шаттық қуанышқа бөлеген,
Жердің асты, үстіндегі жан біткенді жебеген.
Қараны да теңестірген төремен.
Көл көсір боп көктем келді береген,

Көктем деген өзі де бір қызба шақ ғой
сезімге өрт жағатын,
Қыстан жүдеп шыққан жанды
шаттандырып рақатқа малатын.

Ер Тұранбай тағы бірде
көп жылқы айдап келе жатып
бір ауылға түсе қалды жатсынбай,
Қатар жүрген жолдасымен
бірге жылқы бағатын.

Сыртта жүрген азаматтың жолы ұзын ғой
талғаудан тыс талғаған.
Сол ұзын жол жігіттерді
шығарған жоқ арнадан.
Түскен үйдің қожайыны екі аяқ жоқ
бір мүсәпір жігіт екен мүгедек
Жалғыз еркек қойын сойып
жалғыз ерке баласының шашын алып
тілек тілеп жатыр екен Алладан.

Ер Тұранбай думандатты
ақпа-төкпе қоңыр әнді арлы-берлі сапырды,
Қоңыр көңіл қоңыр үйді әзіл-қалжың,

Шат-күлкіге батырды.
Қара қоңыр домбыраның қоңыр сазын
қоңырлатып маңыратып, жамыратып жіберді,
Шалғын етіп түк бітпеген тақырды,
ханға теңеп пақырды.

Жазылмаған заңдары бар дархан дана даланың,
Сол дәстүрдің аспандатып дара әнін.
Жанын емдеп кемтар мүскін ағаның,
Шашын қиып:
«АЙҒЫР ҮЙІР ЖЫЛҚЫ АЛ» – деді
маңдайынан иіскеп сәби баланың.

Мұны естіген адам біткен таңырқады
жомарттыққа сүйсінді де шаттанды,
Барша қауым бұл ерлікке алғыс бата,
ақ тілегін ақтарды.
Той иесі күлкісінің кірі кетіп
қуаныштан көкке ұшуға шақ қалды,
Ал Тұранбай той біткенде
үш байтал мен
бір сәуірікті ұстап беріп аттанды...

Осы әңгіме үш күн өтпей
әлгі сұмын әкімінің құлағына ілінді,
Бастық шала бүлінді...
Онсыз да өзі сылтау таппай жүрген еді:
«Енді ойран етейін, – деп тістенді,
Жүйрік баптап
жүзді сұлу құшағыңда толықсыған күніңді»

Адамдар-ай не сұмдыққа ұрынатын қайдағы,
Арамдыққа бұлғанады самал жел де сайдағы.

«Өкіметтің мүлік малын
Өз малындай тойға тарту етті» – деп,
Өккі бастық арыз жазып жоғар жаққа айдады.

Халық деген қазына ғой көк тіреген асқардай,
«Төрт жылқыны біз берейік бұл жігітке тиіспе»
– деді, бастықтарға тас маңдай.
Тұранбай да шынын айтты:
«Өз малымнан бергемін,
Бірлестіктің малы түгел, сана» – деді, жасқанбай.

Амал нешік өмір тым-тым кедей-ақ ғой
өсіруге ерлер менен есілді,
Өлез болмай өршіл болсаң
алға сірә жүргізбейді көшінді.
Бұл жолы да сұмырайлар соны істеді;
іс былайша шешілді,
Ер Тұранбай қапас торға қамалуға
ортан қолдай он үш жылға кесілді.

Ер Тұранбай өкінген жоқ өзі қылған ісіне,
Көмек етіп көңіл құсын көкке өрлеткен
бір жарымжан кісіге.
Қорланды тек сыздық болмас тісіне,
Жамандардың қорлағанын сиғыза алмай ішіне...

Не шара бар
тумысынан шідерлі аттай алға жүрмес шірікке.
Ал қандай жан шек қояды
үзіліс жоқ үлкен ірі үмітке,
Ер Тұранбай ел жұртымен жеңіл ғана қош айтысып,
сүйгеніне «КҮТ МЕНІ» – деп аттанды,

Қайыр тілеп біз қалайық
кебін емес кебенекпен әнтек ауыр
«жолға шыққан» жігітке.

ІҮ

– Асыл досым сен барыңда
тек қуаныш думан еді жан жағым,
Сен кеткен соң
кесілгендей болды менің арманым.
Өзің жоқта үй-күйің мен мал-жаныңды
шашыратпай бағып-қағып шыдадым,
Кешір досым әйелінді мал секілді
байлап-матап ұстап отыра алмадым.

Бес жыл бойы тосты сені
еш тайған жоқ жолынан,
Онан кейін жалғызсырап болмай қойды
сыңар аққу секілденіп жалғыз қалған тобынан.
Сұм уақыт өтпей қойды,
айым менің шықпай қойды оңынан,
Өзі сұлу күйеуі жоқ жас әйелді
бағу, сірә,
жан досыңның келмей қалды қолынан.

Неше түрлі сөзге қосты өсек баққан ел мені,
«Тұрмағамбет жан досының жас қатынын
тоқалдыққа алып апты көр» – деді.
Ал мен оны еркелеттім өз қызымдай мәпеледім,
бірақ сенің келеріңе сенбеді,
Алты ай бұрын жалғыз түнде бір жігітке
қашып кетті айтқанымға көнбеді.

Оған енді кінә тағып не қыласың
тасқа таңып ұстағандай тағыны,
Өте жас ғой басылмаған арыны да
қызулықтың жалыны.
Білесің ғой жастық деген сайға тұрмас
махаббаттың сағымы,
Қалай жетсін тізгіндеуге сабыры.

Болды досым, өтті бәрі ол қызды енді
сүртіп таста зерденнен,
Өйтпегенде өз басына түсіресің
қайта қайғы сергелден.
Қыздар көп ғой ...қызғалдақтай тербелген,
Ел орнында тұрған шақта тағы бірін
тандап жүріп құшақтайсың керденнен.

Бұл өмірде әрекет жоқ екпеген,
Адамзатта қайғы да жоқ
қабырғасын сөгілдіріп шекпеген.
Тұранбайға жан жолдасы
болған жәйді түсіндірді осылай,
Ер еңсесін төмендетіп алмау үшін еппенен.

Мұны естіген Ер Тұранбай сәл отырып:
– Жок, – деді,
– Ол дегенің аязда да гүл көктеткен
көңілімнің көктемі.

Қайда?
Кәзір барам соған, алам қайтып жарымды,
Бұл жолыма бөгет болған
кімді болса оңдырмаймын;
тоқтатпайды оқ мені.

Атын байлап жас отауға кірді асықпай,
шамын жақты өз үйіне келгендей,
Сосын алмас қанжарменен
екі жастың шәйі көрпесін ортасынан
бөліп қойды екіге.

Ешбір ашу шақырған жоқ
және артық сөз де айтқан жоқ
келіншегін алып кашқан «балаға»
Ыммен ғана өз әйелін
тыр жалаңаш қалпыменен алып шықты далаға.
Жас баланы орағандай жас әйелді
өзінің кең шапанына орады да
алдына алып аттанды,
Ұрыс-жанжал түк болмады жігітпенен арада.

Ана жігіт ол да өзінше ел ішінде
«мықты» атанған азаматтың біреуі еді;
ӨР де еді.
Ойда жоқта кенет болған тосын іске сасқалақтап
санасына ешбір амал енбеді.
Болатын іс боп жатқандай қозғалмады,
дер кезінде өзіне өзі сенбеді,
Жалғыз ауыз сөз айтуға шамасы да келмеді.
Тұрмағамбет әйел, бала-шағасымен
түні бойы ұйқтамады жатпады,
Не болар деп күтті досын алаңдады,
асыққанда таңы құрғыр атпады.
Ал Тұранбай айтқанындай
алаң-елең таңсәріде кеп жетті,
Қара арғымақ жорғасымен
хан ұлындай тақтағы


Тосып алды жалғыз досы
отқа түспей
олжалы боп қайта оралған
«батырды»

Ал Тұранбай іске асырып өзі ойлаған «ақылды»
Келіншегін қырық құман арасанға шомылдырып,
Торғын-торқа кидіріп,
Таң атқанда жан жолдасын әйел,
бала-шағасымен
«КЕЛІН КЕЛДІ, КЕЛІҢДЕР» – деп шақырды...

...Өр табиғат өз өрлігін жалғастырып
өр ұлдарды жаратады қашаннан,
Тұранбай да сондай ұлдың біреуі еді
жігіттігі өр сенімнен
бас алған.

Жастайынан жетім өсті содан ба екен
еш қатерден тартынбайтын
тәуекелшіл боп өсті,
Секілденіп ет жүрегі еттен емес
өжеттіктен жасалған.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



АНА ДЕГЕН АЛЛАДАН ДА АРТЫҒЫРА АЛЫП БАР

*...Аналықтан асып түсер
дүниеде бар ма күш,
Итшілікті
ізгілікке жалға үнемі ар-намыс.
Махаббатты мақсат етіп
Айға, Көкке самғап ұш.
Адам біткен ана сүтін
адамдыққа арнап іш.*



АНАШЫМ

Бірінші жыр

Асыл ана сен ешқашан
қаталдыққа, қаралыққа бармадың,
Бойындағы бар асылды
жан жарыңа, ұл-қызыңа арнадың.
Бас төбемнен құс ұшырмай
жан таласып, шыжақтап,
Өзге тұрмақ өз әкемнен
қорғаштадың, қорғадың.

Қамын ойлап ағайынның,
абысынның, халқыңның.
Боранға да ұрындың сен, суға түсіп,
жанған отқа шарпылдың,
Сен жалғыз сәт өзің үшін
өмір сүріп көрген жоқсың перизат,
Қозғалсаң да, сөйлесең де, жыласаң да,
қуансаң да адам үшін талпындың.

Құдіретті Құдай дағы
мәңгі өшпейтін өр өсімдік екпейді,
Өртке оранған өмір гүлі талай солып,
талай рет көктейді.
Дүниеде күннен жарық,
судан таза, жерден байтақ еш нәрсе жоқ.
Бірақта –
Шеше сенің ұрпағыңа деген ұлы мейріміңе
олар дағы жетпейді.

Екінші жыр

Құдайдан да күдіретті,
батырдан да батылды,
Періште анам бауырына бастың үнем
дұшпанды да, ағайынды жақынды.
Мына әлемде теңдесі жоқ әйел көп ғой.
Әйтседе,
Әйелсің сен
әлемдегі ең бір сұлу, шебер я ақылды.

Сенің әрбір қылықтарың
болушы еді таңғажайып дара тым,
Қамыққанда – қуанышым,
ауырғанда – дәрім сен ең табатын.
Саусағымды тасқа жәншіп келгенімде
еркелетіп аймалап,
Жалғыз сүйіп, үрлесеңіз
менің жарам жазылып-ақ қалатын.

Заманым бар бәсекелі ағайын да
бір бірімен тебіскен,
Қарын үшін бет жыртысып,
бейнет еккен өр үстем.
Бүгін жүрек сезімімді
үрлеп, сүйіп беріңізші
дем салып,
Тас өмірдің жәншіп салған жарасынан
құлан таза арылайын періштем.

Шаршадың ба, шалдықтың ба.
Кем ақылды ұлыңызды кешіңіз,
Көп болды ғой көрмегелі,
Көп болды ғой басыңызды жазбағалы
ЖАН АНАМ.

Бұдан артық шешендікке
тіл жетпеді не дейін-ау, не дейін,
Бар тілегім:
Жүзге келген ақбас бурыл келбетіңді көрейін.
Ай, жылдардың салып кеткен
қайғы мұңы, шаң тозаңы арылсын,
Қарт ұлыңды сүй анашым желке, тамақ,
маңдайымды басы бүтін берейін.

ӘКЕМ БАР МЕНІҢ АНАМ БАР

Мен қапаста жүрсем дағы
 шаршамаймын қадамымды санап құр,
Тор әлемге топан суы каптаса да
 деме маған «балақ түр»
Әлсізденсем әл беретін,
 әрсізденсем әр беретін әкем аман шүкірлік,
Қару алмай қасқырға да қарсы барам қарап тұр.

Әкем аман жігерімді жалын отпен қақтаған,
Сондықтан мен қайғыдан да бақ табам.
Аспан көкпен тілдесемін қажет десем
Айды алуға аттанам,
Жерге қарап сөйлеу деген жат маған.

Анам бар тағы жылауға сосын қақым бар,
Анасы барға,
Алласы барға жамандық қалай жақындар,
Жыласам мені анашым келіп уатып,
Аңқаулық қылсам аялап, ақтап, мақұлдар.

Анашым аман болған соң еккен
 гүлдерім мұзға көктеген,
Жылан да зәрін төкпеген.
Жамандық, қастық жасамақ болған
 жауларым қастық етпеген.
Етсе де сірә көздеген оғы
 кеудемнен менің өтпеген.

Данышпан дана әкешім менің, анашым менің –
 ырыс та дархан даладай,

Мейірім шашқан жанары жарық –
жайдары жайсаң жағажай.
Шалдығып шаршап
Әкемді көрсем, анамды көрсем,
соларға жалғыз сүйгізсем,
Жан тәніме күш қуат толып
қанат біткендей кетемін қайнап қарадай.

Әкем бар менің, Анам бар менің
әлемде неге зармын мен,
Ауылдас болып көргем жоқ сосын
зар-мұңмен.
Қызықсаң қызық, қызғансаң қызған достарым,
Анамнан әлі тәтті дәмектен
қырықтан асқан шалмын мен.

Ұлдарым менің
әке болуға таяды міне қарандар,
Әйтседе мен шал –
баламын әлі жарандар.
Аллаға мәңгі ырзамын. Тәуба.
Мен үшін шаршап алаңдар –
Самайы аппақ,
сарайы аппақ әкем бар таудай,
кішкентай менің анам бар.

Тәуба, тәуба!
Әке-шеше сіздер аман отырсыздар бағыма,
Осы маған жеткілікті таласпаймын
ханның алтын тағына.

Көп іздедім мына өмірде мәңгіліктің арасаны
болмайды екен таппадым,
Бар болса егер табар едім,
сіздерге әкеп берер едім айырбастап жаныма.

Тіреуі жоқ тірлік сұмда істер көп ғой жатаған,
Жатағаны мол өмірде
ұлы ұрпақты айырмасын сіздер берген батадан.
Қалған жасым көп болса егер
қақ жартысын бердім екеу-лер-іңе,
Аз болса егер бәрін бердім
тек әйтеуір көп жасаңдар
жанды құдай – ата-анам.

ҚЫЗ АНА

(Поэма)

(Бұл жырымды 1938-жылы ата-анасынан жетім қалып артынан ерген бауырларын адам етіп өсірген марқұм апайым аяулы ана Лиман Құсайынқызының рухына арнадым)

Ойда жоқта бір түс көрдім, жан емес ем көреген

Көктем екен көңілі кең, қолы ашық берген.

Әйтсе де мен кеткен екем,

ұрттам су жоқ сахарада адасып,

Тірі пенде жолықпады

маған келіп көмектесер жаны ашып.

Жүріп келем, жүріп келем

жалаң аяқ құм кешіп,

Құм төбелер жеткізбейді

бірде тоқтап, бір көшіп.

Бірде алыстап, бір жақындап

су-сағымдар камайды,

Кенезесі кепкен дала

кеберсіген еріндерін жалайды.

Жығыламын, қайта тұрам,

ұмтыламын алға жүре алмаймын,

Етбеттеймін,

енбектеймін ыстық құмды қарғаймын.

Сөйтті дағы омырауын жақындатты,
«Еме ғой», – деп, қиылды,
Мен ембей-ақ ақ уыз сүт ағыл-тегіл кұйылды.

Мен қомағай мінезбенен
апыл-ғұпыл жұтсам дағы жан салып,
Үлгермедім ана сүті ағып жатты қаншалық.

Содан кейін құм сахара
көк шалғын боп жайқалып,
Сай саладан дария ақты асып-тасып шайқалып.

... Мен ұйқыдан оянғанда
уыз сүтке жатыр екем тамсанып,
Мынандай бір әңгімені
барша әлемге айтқым келді жар салып.

ҚЫЗ АНА – II

Қайран менің аталарым,
бабаларым басыңнан не кешпедің,
От кешсең де,
су кешсең де өршелендің өшпедің.
Көз жасыннан көл тұрғанда
тас жігерің болды қайық, ескегің,
Сол күндерден бізге жетті көшкен үн.

Ортасында өсіп өніп
жаралған соң текті елдің,
Шаттығы мен шерлі мұңын
мен де өзектен өткердім.
Әлі сірә ашылған жоқ
қарттарымның жүрегіне тұман болып
шөккен мұң.
Зар заманды көргемін жоқ,
зар заманды көргендерді көп көрдім.

Тарихтың сондай жанды
алтын асыл беттері,
Таң шығындай тазалықпен
сусындатты көп мені.
Қарғыс атқыр қара заман
аумалы да төкпелі,
Құрбан шалып кімді өкпелі етпеді.

Не кезіксе соны кесер бәрі бір ғой
жүзі жеткен балтаға,
Балталасаң балталаудан
балта басын тарта ма.

Дәл осындай қанды қолдар
қалың көпке балта шапқан заманның,
Әңгімесін айтқан еді
жылап тұрып ауылда бір қарт ана.

– Айналайын қылықты қыз,
білікті ұл балаларым, жастарым
Арылмасын гүлдеп тұрған
мына бейбіт замандағы бас бағың.
Адамдыққа жүгін үнем
арамдыққа аяқ сірә баспағын,
Айланбастан өтіп кетер
бір-ақ тұтам өмір қысқа қас қағым.

Мың тоғыз жүз отыз жеті,
отыз сегіз қанды жыл ғой
қараңғы еткен жарықты,
Қан қақсатқан барша адамзат
кара шобыр халықты.
Жасық еткен жаны кайсар
елдің ұлы атан жілік алыпты,
Бүгін алпыс жыл өтсе де
ізі өшпей қорландырып налытты.

Заман еді ол малдан төмен
адамзаттың адам атын қорлаған,
Қанды қолдар қауым жұртқа
тісін қайрап қасқыр сынды торлаған.
Еш жазықсыз ата-ана, бала-шаға
сормандай боп сорлаған,
Қарғыс атқыр қара ниет қарақшылар
оңбаған-ай, оңбаған.

Соғыс болмай талай бала, талай ана
жылап қара жамылды,
Жылап жүріп
кара ниет қанды ауызды қасқырға да бағынды.
Ағайынды бір біріне дұшпан еткен
арсыздар да табылды,
Жанашырын жау оғына байлап берген
жансыздар да табылды.

Айуандық ақ түтін боп
арсаландап қаптағанда өлкеге,
Адамзаттан ақыл қашып
арзандық кеп мінеді екен желкеге.

Сол жылдарды елестетсем
есім кетіп ас ішуге жеркенем,
Кектенемін кеуде тұсым өртенем.

Жасыл жайлау майсаңында
жаймашуақ сайрандаған сәні өтіп,
Жалындаған жандарына
жала деген қарлы аяздың зәрі өтіп.
Елің, жұртың
боран тиген қара ормандай сыңсыды,
Жан алатын жат жыртқыштан
жанға сауға дәм етіп.

Келісімді келбеті бар сұлу әйел алағаны үшін
атылды ғой бір адам
Жақсы киім кигені үшін,
Жақсы арғымақ мінгені үшін
біреу сорлап жылаған.

Сол күндер ғой
 маздап тұрған от жалынға мұз атқан,
Көріп тұрып қимасынды
 көз ұшында ұзатқан.
Ұлым деген, қызым деген, елім деген
 менің қайсар әкем де,
Құтылмады көпке түскен
 темір қырсау тұзақтан.

Аяулы әкем адам еді
 парасатты, сабырлы да салмақты,
Бауырына тартушы еді
 балаларын, алыс-жақын, жан жақты.

Анам менің
 тек біз үшін өмір сүрген ардақты,
Амал нешік
 тағдыр бізді екеуінен ерте айырып
 зарлатты.

Ит мінездер игілікке,
 ізгілікке тісін салмай қоймады,
Ашық күнде бас біткенге әңгір таяқ ойнады.
Әкемізді қылмыскер деп ұстап кетті,
Шешемізді қорлап-зорлап атып кетті аяусыз,
Қан құмарлар қанға,
 жаска, қайғы шерге тоймады.

Осылайша ерте батты айым менің,
 түнек болды ақ таңым,
Өлі жетім, тірі жетім болдым дағы
 баллалықты аттадым.

Әкемді ұстап кеткен күні
кешке жақын көрдім мен,
Анашымның арға толы кеудесінен
ҚАН менен СҮТ қатар ағып жатқанын.

Сәби едім онбірдегі
ана сүті әлі ауызымнан кетпеген,
Дәл сол кезден Құдай емес,
сұм адамдар
мандайдағы бақытымды шектеген.
Арттан ерген бес бауырым жетімектер
пана іздеген тек менен.
Ең кішісі ес білмейтін
үш айға да жетпеген.

Байқұс бала шырқырайды,
шырылдайды іздейді ғой анасын,
Қайтсін енді қарыны аш қолын сорып
жоқтап жатыр анасының мамасын.
Сәби ғой ол тіл ұқпайды
не деп кінә тағасың,
Бауыр етім елжірейді
бостан босқа құшақтаймын
таба алмай еш шарасын.

Сүт беремін іше алмайды уанбайды, алдаймын,
Өзім жетім қалғандығым түк те емес
мынау болды бар қайғым.
Жас сәбимен бірге жылап
еш амал жоқ зарлаймын,
Ата-анамды алып кеткен
қара өлімді, қанға құмар құзғындарды қарғаймын.

Қасахана қасқойлардың
қылышы өткір болса да,
ҚЫЗАНАНЫҢ асып түсті
СҮТКЕ ОРАҒАН ЕРЛІГІ.

Қарт анадан естігенде
орақ мінез от сырды,
Жан толқыным сезімімді
тауға да әкеп,
тасқа да әкеп соқтырды.
Өмір деген сахарادا адасқанда
рух берген, күш берген,
Қызананың уыз сүті
тандайыма татығандай боп тұрды...

АРУАНА СЕЗІМ

(поэма)

Ана!

Ана – өмір бойы данасың,

Бала!

Бала – өмір бойы шаласың,

Ана!

Ана – өле өлгенше анасың,

Бала!

Бала – ананың тек құшағында отырғанда баласың,

Бірінші бөлім**ҚАСҚЫР АНА**

I

Күш иесі болмаса да

тау мен тасты қопарған,

Райхан шал ел ішінде

«Аңшы Райхан» атанған.

Бейкам тыныш жатыр еді

кемпірінің қою шайын сораптап,

«Малға қасқыр шапты», – деген

хабар келді отардан.

Ойға қалды нарт қария:

«Кез келеді кең әлемде нелер сын,

Өмір неге үстемдікке шеберсің.

Ізгі армандар
жетер жерге жетпей жолда бөгелед.
Жігерінді жасытады жасықтармен егелеп,
Бар ма әлемде
осылардан асып түсер керемет.

Неге бүгін ұлы жұмсақ сезімдерден
қара күштер бағалы,
Дарындардың пайдасы емес
залымдардың айласы артық
атақ-даңық табады.
Түйсіктерді түн жамылған
бұралқы иттер қабады.
Жұмыр билеп
Жүрек,
Бауыр,
Сананы.

Арман деген арғымақтың
бос жібермей тартып ұстап тізгінін,
Алыстамай ошақ басын айналсоқтап
ұсақтанып барамыз-ау біз бүгін.
Қол жетпесті армандайын,
істеп тағы көрейін,
Үйме алтыннан үлкенірек
табармын ба үздіктің де үздігін

Мен де өзімше көпті көрген сері едім,
Бүгін мені аңшы дейді көп елім.

Қасқырға қой,
қойға қасқыр телісем,

Сыралғы аңшы қасқыр сырын
өз сырынан артығырақ біледі,
Аңдып, аңдып көптен күткен
күндерінің бірі еді.
Арланы да, Анасы да
аңға кеткен шағында,
Азулының апанына кіреді.

Ойлағаны арай шашып
алдан таң боп атар ма,
Нарт қария белін бұды
бұрын ешкім жол салмаған сапарға.
Көзін де ашып үлгермеген
алты бідей бөлтірікті
қапқа салып, орап алып шапанға,
Шараналы егіз қозы тастап кетті
Апанға.

Қайсар еді ерімейтін тас сынды,
Бүгін әйтеу жасықтыққа бас бұрды.
Не ойлады ол қозыны ма,
әлде сорлы қасқырды,
Қарт аңшының нұры
сөнген жанарында
жалғыз тамшы жас тұрды.

Бір талабы
тірі тастау жыртқыштыққа шет келіп.
Қасқыр жатыр тісін қайрап
екі көзін қан талап,
Нар атанға жүк болардай
ауыр қайғы арқалап.
Жүрегінде бір жыртқыштық,
бір аналық бар талап,
Таптырмады жан тағат.
Жата берді шалқалап.

Аз уақыт өткеннен соң
қасқыр, сірә, қасқырлықтан
жаңылды,
Кеудесінен кекпен бірге
ана сүті ағыл-тегіл ағылды.
Егіз жетім еміп жатты уыз сүтті
калағаны табылды,
Сұм тағдырдың дегеніне бағынды.

Табиғаттың арда төлі
бастан кешкен талайды,
Түртіншектеп еміп жатқан қозыларға
анда-санда бас көтеріп қарайды.
Сылқ етеді басын жерге сабайды,
О, дүние, таң атар ма,
қайта алдынан арайлы.

Өтіп жатты уақыттың
өң-сиқы жоқ күндері,
Шалдың сырын
маңындағы қауым жұрты білмеді.

Баласынан басқа байлық сағынбау.
Ұшан теңіз ұлылықтан жаңылмау.
Ұсақтыққа бағынбау.

Ұлылықтың ұлылығы:
ана болып жаралу,
Аналықтың аналығы
ұрпақты ана бола алу.
Ұрпақтың да ұрпақтығы
аталыққа, аналыққа бара алу.
Ананың ақ сүтіменен,
ананың ақ сезімімен ағару.

...Қой ананы азулы ұрпақ қоя ма деп өлтіріп,
Күдіктенсе жұбататын өрт үміт.
Оңашада емізетін аңшы Райхан
істі орнына келтіріп,
Күн санаумен,
ай санаумен өсіп келе жатты
көкжал бөлтірік.

Ана саулық бөлтірікті жат демей-ақ
шын ұрпаққа балайтын,
Ал бөлтірік
өсіп келе жатқан тісін қайрап тұрып
қанды көзбен қарайтын.

Әккі аңшы
момындыққа үйренсін деп әдейі,
Қасқыр “ұлды” қозылармен
бір үйшікке қамайтын.

Тамұқ қаптап тарылғандай
оның ашық аспаны,
Тынышы кетіп тыпыршыды жас тағы.
Тіс көрмеді бауыр-іші көтеріліп,
көзін алғаш ашқалы,
Тіс көкседі,
kozyларды тістеп ойнай бастады.

Күштілердің арманы да
басталады күштеуден,
Тістілердің ойыны да
мәнді болар тістеумен.
Күшсіздер де түн ұйқыда
күшті болып түс көрген,
Күштіліктен қиянаттар істелген.

Бөлтіріктің өсті тісі,
жуандады мойыны,
Ұмытылғандай боп барады
күннен күнге қозылармен ойыны,
Басқа тамақ көксегендей
асыранды «қой ұлы»
Сүтке азайып бара жатты тойымы.

Татырды оған сүттің дәмін,
шөптің дәмін, ұн дәмін,
Жанын тыныш
жылы жұмсақ етті және «құндағын».

Амал қанша бала қасқыр аз санады бұл бағын,
Абайсызда көрді аңшы
сойған малдың қанын жалап тұрғанын.

Танданбады

жыртқыш, сірә, жыртқыштығын сақтады,
Атпай қалды ол ойлаған ақ таңы.

Қойдың сүтін емгенімен

қой мінезін таппады,

Соны ойласа қарт аңшының

өн бойына ішкен асы батпады.

Күтіп еді ұлы әнді,

Аша алмады тұманды.

Бара... бара бөлтірік –

Енесінің емшегінен

қан шығарып еметінді шығарды.

Жыртқыш кәпір жетілмей-ақ

жастайынан кек қуды,

Қайрылмасқа бет бұрды.

Бір күн кешке еміп тұрып

жалғыз тістеп енесінің

жұлып алып желінін,

ҚАН мен СҮТТІ

қатар жалап, жеп тұрды,

Әккі аңшы істің арты не болғанын түсінді,

Түсінді де

хас жаулыққа жаулық жауап ұсынды.

Аналыққа жұмсадың деп тісінді.

Көмекейі оққа толы

мылтығын ап ойланбай,

Бөлтірікті дереу атып түсірді.

Азулы ұрпақ жұлып жеді
«анасын»

Ана саулық –
ауырсынбай жарасын.
Мекіреніп жалап тұрды айланып,
Қан жоса боп жерде жатқан
«баласын»

Ойхой шіркін
Ана сезім –
айы ешқашан батпаған,
Жанын алып жатса дағы
ұрпағына қарғыс тұрмақ
қатты сөз де айтпаған.

Аналығын сатпаған,
Ұлы өлімнің алдында да
өр сенімін ақтаған.

...Аналықтан асып түсер
дүниеде бар ма күш,
Итшілікті
ізгілікке жалға үнемі
ар-намыс.

Махаббатты мақсат етіп
Айға,
Көкке самғап ұш.
АДАМ БІТКЕН АНА СҮТІН
АДАМДЫҚҚА АРНАП ІШ.

КЕЛІН МЕН ЕНЕ

Келін:

– Осы неме қанбады

ғой еркелеп,

Қандай жандар қыршынынан

жанған отқа өртенед.

Өнбегі жоқ есуас, қу арақшы,

Өліп неге жоғалмайды ертерек.

Ене:

– Сен білмейсің тіршіліктің дәм-дұзын,

Керек болса басқа күйеу

таңдап тиіп ал қызым.

Ол өлгенде саған күйеу табылар-ау,

ал мен қайдан ұл табам,

Қанша арақшы болса дағы

аман жүрсін жалғызым.

БЕСІНШІ БӨЛІМ



ДАРИҒА ДӘУРЕН

*Біреуге еріп,
біреуге паңданбаған,
Бірді аластап, бір іске таңданбаған.
Қамданбаған, қанбаған, зарланбаған,
Дариға-ай,
бозбала шақ арман маған.*



Айтсам – сөз,
Атғасам – жер,
Татсам – тағам,
Оқысам – оқу, білім,
Жазсам – қалам,
Артынан ерсем – аға,
Ертсем – іні,
Секендеп еркелесем –
Ата – анам.

Шықсам – шын,
Жүрсем – жазық,
Жүзсем – терең
Шарықтап тартсам – аспан,
Айтсам – өлең,
Мінсем – ат,
Кисем – киім,
Барсам – думан,
Достассам –
өнер қуған өнкей өрен.

Қусам – аң,
Құрсам – сейіл,
Құшсам – сұлу,
Кірсем – үй,
Көрсем – пейіл,
Тоңсам – жылу...
Осындай бозбала шақ
қолдан кетпей,
Па шіркін!
Керек еді мәңгі тұру.

Жеңгелер сылаң қағып
“Қайындаған”
Ата анам
 кажетімді дайындаған.
Келінін көрші ауылдың
 күрсіндіріп,
Кездер-ай,
 күн мен түнді айырмаған.

Тұрса да қара басқа қауіп төніп,
Ойнаушы ем
 сол қауіпті сауық көріп.
Көрмеген, танымайтын ауылға да,
Түсуші ем жатырқамай
 шауып келіп.

Алдымда тұрса дағы
 дұшпаным кеп,
Қарсылық еткенімнен
 кұшқаным көп.
Көлденең тұра кашқан
 асау тұрмақ,
Қуушы ем
 көк сағымды ұстағым кеп.

Той еді
 кеселге де ұрынғаным,
Бүкпесіз болушы еді
 сырым,
 жаным.

Егделік деген албасы
Еркіндігіме жармасты.
Көк орай шалғын шағымды,
Көк тайғақ аяз қар басты.

Жаз жайлауымнан ел көшті,
Егделік келіп белдесті.
Жәбір көрген жастығым,
Жалаң аяқ сел кешті.

Бозбала шағым қандай ең?
Күз-кия , биік жардай ең.
Кербез сұлу қызға да,
Табыла бермес балдай ең.

Түнде жанған шамдай ең,
Түнекте атқан таңдай ең.
Тұстасыңның ішінде,
Тұлғасы биік нардай ең.

Бүгінгі күнім кара сұр,
Аласұр жүрек, аласұр.
Не істесем де бәрі бір
Көргеннің енді жаны ашыр.

Тау мен тас,
тал-бұтасын көріп қырдың,
Қолын алып ерке қыз, ерікті ұлдың.
Келмеген көп уақыт ауылыма,
Ата-анама сағынып келіп тұрмын.

Жазылған екі бөлек өлеңдейін,
Көп нәрсе өзгеріпті менен кейін.
Түскендей жаңа ғана көктен жерге,
Қуанып таңданамын, елеңдеймін.

Дедектеп жүрген кеше бауырларым,
Отауға толтырыпты ауыл маңын.
Иесі ақ партуктің қарындастар,
Байқадым маржан-моншақ тағынғанын.

Ағалап құрметтеп жүр іні мені,
(Осының байқатады түрі нені)
Көрмеген келіндерім сәлем етіп,
“Төре аға, Сері ағалап” иіледі.

Саналып қалғандаймын төргісіне,
Өзгеріс өз еркімсіз келді ісіме.
Тұқылсыз иегімді сипап қоям,
Қартайып қалғанымның белгісі ме?

Жастық шақтың есіме алып өрлігін,
Өткен күннің қайта қуып теңдігін.
Отыз жастың жеңілдетіп бел жүгін,
Он жетіге
сапар шектім мен бүгін.

Бардым бүгін он жетіге қыдырып,
Ерке – сылқым
қылығына жығылып.
Ол да мені құшақтады тығылып,
Ой-хой ғажап,
ғажап екен бұл қылық.

Көктемдегі құрағындай жағаның,
Әдеміге гүл-гүл жайнап қарадым.
Таусып ішіп таң атқанша шарабын,
Арылды ғой ішімдегі нала-мұң.

Қайта көріп он жетінің пәктігін,
Иіскеп, сүйіп қызыл, жасыл, ақ гүлін.
Балалықтың қайта естіп тітті үнін,
Отызымның сыйлап кеттім
ақтығын.

Қызғалдақ терген күндер-ай,
Қызойнақ салған түндер-ай
Ай-жылдар талай өтсе де,
Есімнен кетпей жүрген-ай.

Әсем шақ, асыл кездер-ай,
Әзіл мен қалжың сөздер-ай.
Мөлдіреумен сыр шерткен,
Қаракат кара көздер-ай
Бұл күндері алыстап,
Бәрі де менен безген-ай.

Бозбалалық шақтар-ай,
Гүл терген әсем бақтар-ай.
Жігіттікке мас болып,
Боз үйден тұрған ақ таң-ай.
Қол бұлған бүгін солардың,
Алыстап бара жатқан-ай.

Күресіп өткен ұлдар-ай
Күлісіп айтқан сырлар-ай
Сөйтіп бір өскен құрбылар,
Жуыспай кеттік, бұл қалай?
Армансыз сонау әсем шақ,
Ұмытылмай шіркін тұрған-ай.

Секеңдеп өскен жерлер-ай,
Серілік құрған елдер-ай.
Көпшілікке еркелеп,
Көсіліп жүрген төрлер-ай.

ЖАСТЫҚ ШАҚҚА ХАТ

Армысың?

Ақ жауқазын арман жастық!

Тартынбас тау мен тастан тарлан жастық.

Аз-ақ күн ауылына қонақ етіп,

Шығарып мені ептеп салған жастық.

Айрылмас ұстағанын қанды қақпан,

Кез кайда қыз біткенді

«зар жылатқан»

Ой шіркін!

әсем еді әнге салып,

Тау кезіп, түн күзетіп, таңды баққан.

Тасытар бойдың қанын, жанның нәрін,

Қайтарар сезім қайда қардың зәрін.

Сағынып,

сағым қуған қайран шақтар,

Солардың өзің алып қалдың бәрін.

Аңсадым сені бүгін тым алыстан,

(Біреулер біреулерден сын алысқан)

Мені де иліктірмей иектеп жүр,

Арамза аты:

«Егделік» – мына дұшпан.

Сен барда мен едім ғой ел еркесі,

Қызықтың өтті емес пе нелер кеші.

Ол шағым сәуле шашқан жарық екен,

Көп екен егделіктің көлеңкесі.

ЖИЫРМА БЕС

Жиырма бес

неге айланып қарайладың?

Көрдің бе әлпетімнің қарайғанын.

Келмеске кетуге енді айландың ба?

Сен едің менің шаттық арай бағым!!!

Сен барда тас қаттысы білінбеді,

Алдымнан арман біткен күлімдеді.

Тәттінің дәмін біздер енді алғанда,

Осы ма жабық перде түрілгені.

Екеуміз еркіндіктің тасасында,

Киіктей өрмеледік хаса шынға.

Ал енді сөйлесетін кез келді ме,

Амалсыз айыр жолдың ашасында.

Болды ма осы ғана

жеткен жерің?

Құр қоржын болды менің бөктергенім!

Әйткен мен өмір бойы естен кетпес,

Өзіңмен бірге бастан

өткергенінім!!!

Балалықтың базары тарқап бүгін,
Кеп қалыпты маңыма сар тап күнім.
Ойлай берем анау бір әсем шақтай,
Көпшілікке бұл күнде ортақ па үнім.

Ортақ па үнім сол күндей ұрандасам,
Ұрандасам, еркелеп бұрандасам.
Не болады ақындық бойымдағы,
Одан артық даусымды шығармасам.

Шығармасам даусымды ондағыдай,
Өлеңдерім күн кешер тордағыдай.
Өйтіп, бүйтіп өткізсем күндерімді,
Ұрғаны ғой оңдырмай онда құдай.

Онда құдай өкінбен бас кесе де,
Ауырсынбан басыммен тас тесе де.
Бұл күнде де жыр қылам махаббатты,
Егделік кеп ұлғайып жас кетсе де.

Өмір мәнді келер мен өлерменен,
Адам мәнді өсер мен өнерменен.
Ақын тозып, қартайып, таусылады,
Мәңгілік жас қалады өлең деген.

Арманшыл едім титтейімнен-ақ заңғардай,
Айға да жетіп
барушы едім таңданбай.

Жаманға да
жар болушы едім арланбай.
Қараңғыға да қараушы едім шамдардай.

Хас сұлуға да ғашық болушы ем еркіммен,
Дәрі ішпей-ақ
жазылушы едім дертімнен.
Тыңдаушының көңілі көкке
серпілген,
Шаттықтың күйі секілді едім шертілген.

Арманшыл едім, арманшыл жігіт едім мен,
Бір жақ едім
бұтағы бүтін сеніммен.

Кәзір де сол арманнан күдер
үзгем жоқ,
Аққулар ұшып кетсе де айдын көлімнен.

Кейін де солай мақсат қып өтем арманды,
Дәл өзімдей арманшыл етем бар манды.
Маздата түсем,
маздата түсем жанғанды,
Армандап жүріп бітірем мына жалғанда.


Ер көңілді ерке шора
 қыз мінезді бала болдым жасымды,
Жастайымнан жақын жүрдім
ӨЛЕҢ деген жасынға.
Жігіт болып бой түзедім
 кеудесі алтын кемпір шалдың қасында,
Өмір сүріп жүріп келем
 от пен судан аман есен ғасырда.

Еркеледім ата анама
 еркелетті ел мен жұртым тағы да,
Өзімді өзім еркелеттім
 үйір болдым өмірдің тек ағына.
Алла мені еркелетті
 өленді әкеп ұялатты жағыма,
Жан жарыма еркеледім,
 балаларым еркелетті бағыма.

Өленге де, өнерге де еркеледім
 білгенімді істедім,
Жалын жұтып, от бүріктім
 аузыммен құс тістедім.
Асыл болды кигенім де,
 дәмді болды ішкенім,
Шынашақтай кезімнен ақ
 ел алдынан түспедім.

Қыр соңынан қуғамын жоқ
 ақша менен алтынның,
Қалтам таяз болса дағы

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ



ҚУ ҚЫЗДАР-АЙ, ҚУ ҚЫЗДАР

*Қыздар шексіз еркелікпен
елеңдеткен ерлерді,
Мені де сол шексіздікпен
еттіңдер-ау шерменді.
Қыл көпірден күнде өткізіп
қиянатпен қинасаң да қайтейін,
Тия алмадым ерлігімді,
Қия алмадым сендерді.*



ҚЫЗ СЫНЫ

Қолаң шаш –
Таудан тасқын төгілгендей,
Ақ маңдай –
Айнадан жүз көрінгендей,
Мөлдір көз –
Тереңіне көмілгендей,
Ақша бет –
Алғашқы қар себілгендей.

Қыр мұрын –
Ұста жонып істегендей,
Жұқа ерін –
“Менен шекер іш”- дегендей,
Күлгенде отыз тісі –
Ақ меруерт,
Ақтығы –
Қағазға дақ түспегендей.

Ыстық дем –
Бейне жалын, өртенгендей,
Ақ тамақ –
Ақ ұлпаны көмкергендей,
Мүсіні –
Жалғыз көріп дерт өлгендей,
Кеуде жақ –
Қос шараяқ төңкергендей.

Қынай бел –
Жіппен орап байлағандай,
Қос мықын, қоң еттері –

Майлағандай,
Бауыры –
Бәйге атындай иіліп тұр,
Жұмыр сан –
Жұртсыз жерге жайлағандай.

Мінезі –
Май тоңғысыз жаз күніндей,
Күлкісі –
Тас бұлақтың назды үніндей,
Бойында жалғыз сылым
артық ет жоқ,
Алыстан көз тартады –
Саз гүліндей.

Ақ дене –
Жаз сәбидің денесіндей,
Он саусақ –
Орақ батыр жебесіндей,
Ұзартып бәрін айтып не қылайын,
Қысқасы:
Қыз елінің төресіндей.

Көрген жан күндей нұрға жылынғандай,
Жігіттің тек сұлтаны ұрынғандай.
Жетпісте жер таянған шалдар дағы,
Артына алты айланып бұрылғандай...

Осындай жар таңдасаң жігіт елі,
Жаныңды тас болса да жібітеді.
Жалған да мінсіз туған арулар көп,
Солардың сүйсін інім бірі сені.

ҚУ ҚЫЗДАР-АЙ, ҚУ ҚЫЗДАР

Қу қыздар-ай, қу қыздар –
мысты құртқан,
Жылы жаңбыр жауғызған
қысқы бұлттан.
Қылаң-сылаң қылықтың
құрбаны етіп,
Хат іздетіп қаңғыртқан тұсқы жұрттан.

Қу қыздар-ай, ерлерді елендеткен,
Күдік пенен үмітті тереңдеткен.
«Ит үргізіп алам ба», –
деп жатқанда,
Қой шетінен
«кел, кел» – деп өлеңдеткен.

Қу қыздар-ай, сыр ашпай
актарылған,
Жақындасаң жалтарып жатқа бұрған.
Хаһарлансаң бұлаңдап күлкі сыйлап,
Қайтерсің кара тасты мақта қылған.

Қу қыздар-ай жек көрсең түнермеген,
Алыстасаң
«Артымнан жүр, ер», – деген.
Күдер үзіп жанаспай кетпек болсаң,
Тіл, ерінмен арқандап жібермеген.

Қу қыздар-ай, жаралған ғажап нұрдан,
Жайын жүрсең түрткілеп
мазақ қылған.

Артық кетсең көзіне ерік беріп,
«Алда енді», – деп,
алдыңа азап құрған...

Қу қыздар-ай, жемістей
піскен қыздар,
Тау копарар қорықпас
күштен қыздар.
Қу түлкідей қақпанды
мың айланып,
Ақыры тұзаққа өзі
түскен қыздар.

ЖҮРЕК СЫРЫ

Сәлем арнадым:

Ақжаркын ару армысың,

Жан едің неткен

бұралған шыбық, тал мүсін.

Алғашкы сонау кезіккеннен-ақ қол созып,

Саған менің көңілім ауып қалды шын.

Есімнен кетпей қинаса дағы

нұр жүзің сенің айнадай,

Айтуға соны көп жүрді жүрек

дауламай.

«Ғашықтық», – деген,

жалыны күшті от екен,

Қалармын қайтіп өзіңе бір хат арнамай.

Қалуға дәтім жетпеді бір хат арнамай,

Сырымды ашып,

жүректің сөзін жалғамай.

Жалғанды мына

мен үшін ғана жарық қып,

Осынша әсем жаралғансың ба,

қарғам-ай.

«Ғашықтық», – деген

басталады екен қас қағым,

Бір көріндің де,

ішіме жалын тастадың.

Сол жалының

барады өртеп шыдатпай,

Су себелеп, өзің кеп енді бас жаным.

Солады гүлдер суармай, күтпей тастаса,
Жүрек те сөйтер ғашықтық сырын ашпаса.
Махаббаттың

найзасы тиді кеудеме,
Дәрі жоқ енді жалғанда сенен басқаша.

Бірге ұшсаң еді сыңарым болып аққуым,
Желбіретіп жүректің

шаттық, бақ туын.
Арман жоқ менде өзіңе білек қосақтан,
Ішіп бір өлсем бал махаббаттың тәтті уын.

Шулап тұр менде

сені іздеп көңіл орманы,
Сен болмаған соң,
конса да бұлбұл конбады.
У бересің бе,
су бересің бе өзің біл,
Әйтеуір маған сен болсаң ғана болғаны.

Сен дегенде көкейден өлең жосылды,
Жерге тастамай

қабыл ал қалқам осымды.
Өзіңе ғана

жан сырын жалғап, хат жазып,
Қолын созып, ынтызар болған
досың «Б».

«Оқы дағы көрсетпе жанға отқа сал,
Кешіктірме жауабын жазып хат сал»,
Өтінемін!

Теріс қарап кетпе қарасаң –
Жас жүрек мына жалаңаш барып шоқ басар.

ҚЫЗ СЫРЫ

Әз аға, сіз болдыңыз
жан-арманым,
Іздедім жаттан арман таба алмадым.
Өтесіз көрсеңіз де көрмеген боп,
Қалады жүдеп-жадап балаң жаным.

Көрдім де құмарландым
кұрақ ұштым,
Түн сайын түс арқылы
сыр алыстым.
Жанымда жүрсеңіз де жете алмадым,
Алыссың амал бар ма тым алыссың.

Жан едім ер біткеннен көз ұрлаған,
Әйтеуір көз салмадың өзің маған.
Сонда да құштарлығын қоя алмады,
Мендегі сізге арнаған
сезім – надан.

Сен мені елемедің, қарамадың,
Бала деп қатарыңа баламадың.
Еркелік өн бойыма салмақ болып,
Айланып запыранға
барады әнім.

Сен бе едің бақыт құсым
қонбақ бұрын,
Қонбасаң менде қалай болмақ тыным.
Өзіңнен жалғыз тамшы сусын тілеп,
Ақыры мөлдіреген солды ақ гүлім.

Іздесем табам деуші ем табарымды,
Тапсамда ала алмадым аларымды.
Амалсыз енді бүгін қапаланып,
Отырмын тұман бүркеп жанарымды.

Таратқан ауаменен сыр-сезімді,
Қайғың да маған берген нұр сезілді.
Жылаймын, жылаймын да қуанамын,
Жаттаймын құрандай-ақ
жыр-сөзінді.

Жағатын сенің жарық шырағың көп,
Кім бақыт табар екен сыңарың боп.
Сен бірақ менен алыс
бола алмайсың,
Мойныма тағылғансың
тұмарым боп.

ҚЫЗДАРҒА АЙТАР ӨКПЕ НЕМЕСЕ ЕРКЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

*«Сол жігіттер жоқ бүгін сүйе алатын
Сүйгені үшін өмірін қия алатын»
(Күләш Ахметова)*

Қыздар, Қыздар!
Сөзім тыңда өкпелімін сендерге,
Сендердің де өкпелерін
таудай екен ерлерге.
Жігіттерді аямаңдар
басы бүтін түсіріңдер шеңгелге,
Бірақ, бірақ намысына жоламаңдар
қайта дауа табылмайды емдерге.

Ерлер деген суы қатты
морт жаралған пенделер,
Жігеріне қандай дауыл,
қандай боран тең келер.
Иілуден сыну оңай,
жығылудан өлу оңай оларға,
Сөйте тұра жұбатсаңдар
жалғыз ауыз жылы сөзге емделер.

Сендер барда серілерге жол айқын,
Тағы сендер жолды бөгеп
алдымызды орайтын.
Біздер деген орда бұзар от мінезді олақтар,
Қыз алдынан сөз салудан
жау алдынан найза салу оңай тым.

Кәрлерінді, зәрлерінді төк мейлі,
Әйтседе ерлер қыз-гүлдерге
еш қиянат етпейді.

Жебе болып,
шеге болып өңбенінен өт мейлі,
Жақсылап бір жылауға да
дәт шамасы жетпейді.

Аңсайсындар аңыз болған
Төлегенді,
ұлы Абайды,
Естайды,
Ондай ерлер бүгінгі күн
жоқ дейсіңдер тамсанып.

Ол қылығың жігіттерге
әкелмейді еш қайғы,
Біз басқаша сыр шертеміз қаншалық.

Жігіттерді айтпаймын мен
өңшең батыр, дана деп,
Әйтсе дағы жүрегімде
аузы бітеу жара көп.
Сендер сірә Қыз Жібек боп
ат шылбырын ақ мойынға ілсеңдер,
Біз әрине Төлеген боп
сендер үшін оққа қарсы барар ек.

Шегінбеске, жерінбеске,
бөлінбеске серт байлап,
Жан сезімнен күдік деген дертті айдап,
Сендер егер
Қорлан болып сезімге ту тіксеңдер,

Ерлер біздер Естай болып ән сап көрге
түсер едік көкіректе өрт қайнап.

Көргенді де, естігенді;
Достарды да өштілерді таң қылып,
Адалдықты, тазалықты таңға ұрып.
Кейбір қыздар аналығын,
аппақ арын арам ақша етпесе,
Кей жігіттер арақ ішіп,
құмар ойнап кетпес еді қаңғырып.

Өздеріңе байланысты
есіл қыздар менің таң боп атпағым,
Өздеріңе байланысты бұлтқа оранған
менің мұңлы шақтарым.
Өмір бойы мен сендерге риза боп,
өкпелі боп өтемін,
Жігіттерді ер ететін, жер ететін сендерсіндер
қыздар – қызғалдақтарым.

Қыздар сендер
бал татымай айналсаңдар зәр-уға,
Ерлер біздер тартынбас ек
сылқылдатып уды жұта салуға.
Қыздар сендер
өлім болып кеп тұрсаңдар алуға,
Ерлер біздер кезек күтіп
асығар ек сол өлімге баруға.

Бір әдемі әпеке отыр
кітап беріп гүл-түрі.
Аймақтан ба,
қаладан ба қайдан келген білмеймін
Мен әйтеуір содан бастап кітәпті да
ұмыт еттім күлкіні.

Содан кейін кітәпта да
мән қалмады оқыған,
Қырандаймын түлеп ұшып
түлкі қуған шоқыдан.
Көз алмаймын көзді ұрлаған
көркем келбет тотыдан,
Кітап алам оқымаймын
қызға карап қызығам да отырам.

Кітапхана жабылады
ол түседі жұмыстан,
Мен артынан еремін де
сығалаймын бұрыштан.

Мүсіндей боп көрінеді ешбір мінсіз
құя салған құрыштан,
Ертеңгілік жұмыс қайта басталғанша
мен айрылам тыныштан.

Мен өзімше ғашығымды
«жеткізіп сап» көзіммен,
Жатағыма ораламын
толқыған бір сезіммен.
Асыққанда таңы құрғыр атпайды ғой
көз ілмен,

Таң атса да сабак бітпей
таусыламын төзімнен.

Сабактан соң тағат таппай
кітапхана барамын,
Кеше алып оқымаған
кітабімді айырбастап аламын.
Қыз күледі, жымияды
шытпайды еш қабағын,
Онүшімде
жиырмаға ғашық болған баламын.

Осылайша бір күндерді
бір күндерге жалғадым,
Қиял құстың қанатымен
кия шынға самғадым.
Өтпей қойған балалықтың
бал күндерін «қарғадым»
Жалғыз күнде жігіт болып кету ғана
болды менің арманым.

Кетейін деп үзіп-жұлып
балалықтың көгенін,
Жалғыз өзім жатқа оқимын
Қозы-Көрпеш өлеңін.
Жұмыстан соң
сұлуымды «жеткіземін» ...еремін,
Қайтар жолда:
«Жігіт болып қалдым ба», – деп,
тас көтеріп көремін.

...Сөйтіп бір күн
тағы кітап айырбастап алдым да,
Ғашықтықтан қапаланып
оранғандай зар-мұңға.
Не жазғаным есімде жоқ,
қысқа бір хат жаздым да
Кітабымды қайта бердім
арасына салдым да.

Жатаққа кеп өңі-түсім
кукылданып, сұрланып,
Кұрбыларға үн қатпадым
үлкендерше бұлданып.
Ішкі жаным бірдемеден қорқа беред,
қуаныштан құр қалып.
Әйтсе дағы қыз жолына
қарап қоям ұрланып.

Уақыт та болды әйтеу
тағатымды сарқыған,
Сұлу кетіп бара жатыр
бейне Аққу су бетінде қалқыған,

Мен дағы сол ғашықтардың
бұлтара алмай салтынан,
Ізін басып еріп келем
үміт, күдік артынан.

Осылайша ол екеуміз
іркес-тіркес жол ортадан асқанда,
Қыз айланып қарап тұрды
қызуы мол «мас» жанға.

Ал менде ғой алдындағы
батылдыктан түк қалмай,
Жан-жағыма,
және алысқа қарай бердім аспанға.

Мазак етіп тұр ма дедім
«ерте есейген» баланы,
Ол келді де күле тұрып
сәл еңкейіп қарады.
Сонан кейін қалтасынан
әтір иісті ақ орамал шығарып,
Мұрынымды сүртіп беріп,
кекілімді саусағымен тарады.

Сол сәт менің өн бойымда
бір түйір жан қалмады,
Тек сезгенім: Жұмсақ екен
орамалы, алақаны, бармағы.
Мұрынымды сүртіп қойған
орамалын салып беріп қалтама,
«Ал қайта ғой, жатағыңа,
тентектенбе, бара ғой», – деп алдады.

Мен орнымнан қозғалмадым
бейне тас боп қатқандай,
Қос жанарым тұманданды
айым ерте батқандай.
Еш үндемей бауырына
мені сәл-пәл басты да,
Бетімдегі тамшы жасты
саусағының ұшыменен сүртіп алды
Ақмандай.

Осылайша жас жанымға одан әрмен
төгіп-шөшіп тәтті уын,
Көз ұшымда ұзай берді
мені тастап сырғи басып аққуым.
Орамал ғып бүктеп-бүктеп
салып кетті қалтама,
Жел өтінде желбіреген
ғашықтықтың ақ туын.

Ойхой, шіркін,
лаулаған сезім неткен өрт едін
Өртке сірә өрттен басқа
кім таба алар дерт емін.
Сәлдеден ақ,
сәби шақтың сәби махаббаты да,
Сонда білдім,
Өрт тілімен өзгеше күй шертерін.

Аз тұрдым ба,
көп тұрдым ба есімде енді жоқ бүгін,
Тым төмендеп қалды ма әлде,
не биіктеп өсті менің шоқтығым.

Ол жағын мен айталмаймын,
білетінім тек ғана,
Махаббаттың қышырына шағып қалдым
ерлігімнің оттығын.

Әй ғажайып балалық-ай,
балдан басқа татпаған,
Шикі жанды пысырам деп
жанған отқа қақтаған.

Қайтар жолда тас көтеріп
көріп едім күш салып,
Қозғалмады,
сәби екем қабырғасы қатпаған

...Балғын жүрек, бала жүрек
енді оған кезікпеймін десе де,
Жолығамыз мектепте де,
жолығамыз көшеде.

Жымияды ол,
кекілімнен сыйпайды да сұрайды:
«Тентек інім жасың биыл шығады», –
деп нешеге.

Осылайша бір жыл өтті,
келер жылы ол келмеді,
Бір қуаныш,
бір мұң тастап алғашқы адым өнбеді.
Өркендеді, өрге тартты
балалықтың өрнегі,
Таңдайымнан кетпей жүрді
көпке шейін
көзжасымның кермегі.

Амал бар ма
өскен бұрым секілденіп желкілдеген қызығым,
Кескен бұрым секілдендіп
қысқа болып қинадың.

Баға жетпес асылыңды
ұрлай бергім, ұрлай бергім келеді,
Мөлдіреген мұңлы көзді
тынбай көргім, тынбай көргім келеді.
Ағалаған ерке сылқым дауысыңды
тыңдай бергім, тыңдай бергім келеді,
Сетер талдай сені ғана
жырлай бергім, жырлай бергім келеді.

Жолығам деп ойладым ба
мұндай күйге өнімде не түсімде,
Ойда жоқта кез боп қалдың
жазылмастай жара қалды ішімде.
Өмір бойы өн бойымның
дұғасы етіп өтермін,
Өрт тимеген
жан-тәніңді ұсынғаның үшін де.

КҮЛШІ ЖАНЫМ

Келіспеске келіскен,
Серт беріспей сеніскен.
Асылым-ау бөліспесті бөліскен,
Шекер балды шермен бірге
ерініңнен мен ішкем.
Айсыз түнде ай туғандай
жайраң етіп күлші менің періштем.

Ұмыттырып мына өмірдің зардабын,
Тағатымның тасқа өрлетіп тарланын,
Алкалым-ау мені ғана таңдадың.
Ақ төсінді аймаладым, қанбадым.
Адасқан жан жол тапқандай
күлші менің ардағым.

Көз жанарың – тұнық күн,
Мұз жанымды жылыттың.
Мөлдірім-ау мөлтілдедің
сабырымды құрыттың,
Мөлдірлікке батып кеттім,
бөлеп алды түбіт – мұң.
Тілсіз жанға тіл біткендей
күлші менің қылықтым.

ЕРКЕЛЕ

Өкпелімін өрт боп жанбай
бықси берген бүгінге,
Елеңдеймін қатарласпай қалып қойған дүбірге.
Еңсе басқан егделікті қашырайын ішімнен,
Ақ білекті мойныма артып еркеле сен күлімде.

Көр көкірек көре алмастар
көре алмасын күндесін,
Бүркемей-ақ түріп тастап
еркіндіктің самалы ескен іргесін.
Тоғыз өрім бұрымыңды
толқындатып еркеле,
Қырау басқан қыс көңілге
жасыл құрақ гүлдесін.

Ызың-ызың шу басылып,
ылайланған көл тұнсын,
Үркіп кетіп ұмыт болған
ойнақы күй шертілсін.
Ұшқын атқан жанарыңды
ойнақтатып еркеле,
Оты азайған ошак кеуде
лауласын серпілсін.

КӨЗІҢДІ, КІРПІГІҢДІ БІР КӨРЕЙІН

Жан тәніме жайдары нұр берейін,
Бүрленейін, сәби пәк күйге енейін.
Келіп кетші керілген кербез еркем,
Кірпігінді, көзіңді бір көрейін.

Кезігейік кел қалқам Көлдараға,
Еркелейік еркіндеп ен далада.
Сыңғыр-сыңғыр күлкінді бір естісем,
Сағыныштан кеудемде шер қала ма.

Шомылайық жүзейік Акқукөлде,
Орқояндай ойнайық гәкку-белде.
Ерініннен елсізде бал сыйлашы,
Гүл-бәйшешек масайрап татсын жел де.

Онашада сыбырлап қауышайық,
Алмасайық ыстық дем ауысайық.
Белбеуінді босатшы маған арнап,
Армандарды тұншыққан тауысайық.

Сезініп еркін жүрек лүпілінді,
Жуайын сүт сәулене түн-түрімді.
Барады ластанып көңіл – көлім,
Бір көрсет күнәсіз көз,
кірпігінді.

...Ес білмейтін жас баладай алдыма кеп
ашылдың да, шашылдың,
Сонда білдім не екенін
шын ғажайып асылдың.
Таң атқанша көз ілмедім
тендесі жоқ сұлулыққа
бас ұрдым.
Әлі күнге ұмыта алмай
арқаладым жасын мұң.
Батасыз түн арман болды,
өлең болды жатталған,
Асыл ару ақ күміс пе ең
ақ жалынға қақталған.
Өзіңді ойлап сағынғанда
түнде Ай туып,
күндіз Күнім батпаған.
Сондықтан да бұл өмірде
өлмей тірі жүргеніме мақтанам.

ЕСІЛДІҢ ЖАҒЫСЫНДА БІР ҚЫЗ ҚАЛДЫ

Жолығып Сарыарқаның даласында,
Айланып жан қиятын жанашырға,
Көбейтіп көңілдің мұң, наласын да,
Есілдің бір қыз қалды жағасында.

Еске сап еркетотай еркін күнді,
Мұңайтты жүрегіме шер тұндырды.
Ұлғайып ес тоқтатқан ер басымды,
Еріксіз желіктіріп, желпіндірді.

Аялап аппақ жүзін тұлым ұшы,
Па шіркін,
қандай ғажап бұрылысы.
«Баяғы қызыл ішік киген қыздың»
Қыр мұрын, қиылған қас сіңілісі.

Кез қылсаң жанның мұндай қыз баласын,
Ер тұрмақ,
ескен желден қызғанасын.

Сәл ғана алыстасаң шырқың кетіп,
Жанына айналсоқтап жүз барасың.

Келбеті кедей жанды бай қылады,
Құдай да тік қараудан қаймығады.
Өлерде өң бетіне қарап өлсең,
Өлім де өз нарқынан айрылады.

Көргенде күндей нұрға толған өңін,
Шығады тұмшаланып зорға демін.

Ақанмен түннің биін билейтұғын,
Көк көйлек
«Көл перісі» сол ма дедім.

Өзіне қызықтырып жұлдыздарды,
Қыздырып қылығымен түнгі ызғарды.
Мәңгілік қайталанбас арман болып,
Есiлдiң жағасында бiр қыз қалды.

БҰРЫМБИБІ

(поэма)

Ауыл алыс,
біз жатақта ылғи ғана малшылардың ұл-қызы,
Бірге тұрып оқитынбыз
жарық еді әрбірінің жұлдызы.
Қыздар да үнем көз тартатын
бір-бір гүл-гүл қырмызы,
Күнде есейтіп бара жатқан
қарлы Алтайдың шың-құзы.

Көп қыздардың арасында бір қыз бар ды
аққудайын таранған,
Қос білектей бұрымы бар жерге тиген
тым ерекше жаралған.
Сол бұрымға қызығушы ек
оның сұлу мықынына оралған.
Жас бозбала кезіміз ғой
көркемдіктен, сұлулықтан нәр алған.

Қыздың аты Айжан еді,
өзі де бір ерке еді,
Еркелік ғой бала шақта дерт емі.
Сол қыз ғана безендіріп тұрғандай-ақ
сезілуші ед өлкені.
Жігіттердің жүрегіне
шоқ боп түсіп өртеді.

Арманымыз аңқау еді, құлама еді, күз еді,
Сынақ күндер сынға салды
сырықтай ғып түзеді.

Лапылдап тұратұғын алау оттай қыз өңі,
Айжан демей
БҰРЫМБИБІ дейтін едік еркелетіп біз оны.

Жігіт біткен соған арнап
өлең жаздык лауладық, маздадық,
Бәр-бәріміз бұрымнан боп
дарынды ақын болып кете жаздадық.
Ол жүреді қуаныштан көкке ұшуға аз қалып,
Еркелейді назданып.

Жастық деген
алай-дүлей қызыл жалын өртеген,
Көп жастардың ішіндегі
мен дағы бір тентегі ем.
Оны ойласам көкейімнен төгілетін өрт өлең.
Оған арнап ең бір қымбат
хат жазуды ойлап жүргем ертеден.

Кеуде – деген, қап-қараңғы қараборша күр-
кенің,
Қақ төрінде жас жүрегім
жанып тұрған білте едің.
Білте едің сен
махаббаттың мүлкі едің,
Ұлы көшке мен де әрине өз көшімді тіркедім.

Асау шақтың ақ толқыны
аунап түсіп кеудеде,
Ғашықтықтың күйі қоздап сезім деген пернеде.
Жүйрік көңіл бәйге атындай
тыпыршыса кермеде,

Үш күн өтті Бұрымбибі:
«мынауың не», – демеді,
Дәмелендім:
«Ол қыз мені еледі»
«Қыз да ғашық болды,
Алла жебеді
Мен де көрім жігітпін ғой
басқадан нем кем еді»

– деп ойлап ем
төртінші күн үзілістен кіргенде,
Ол қуаныш ғайып болды бір демде.
Ренжиін кімдерге,
Жасып қалдым мүлдемге.

Япырай, неткен қыз еді батылды,
Жауабы қып ақырғы:
Менің екі кәмпитімді үшеу етіп көбейтіп,
Қос аққудың ортасынан жыртыпты да,
қайтарыпты хатымды.

Мен айланып карап едім
ол да маған күлімсіреп қарады,
Күлімсіреп қарағаны өзекті өртеп барады.
Бала көңіл бүтін еді
болды сөйгіп «жаралы»
Кезіп кеттім даланы.

Кейінірек оңашада кездесіп ем
еркеледі мойыныма орап тұрып
бұрымын,
Мұрыныма тиістіріп мұрынын.

II

Мен аттандым туған жерден
 армияға (әскерге)
Ол дәргерлік бөліс алып
 сапар шекті басқа елге.
Қимастықпен құшақтасып күліп тұрып
 жыламсырап қоштастық,
Бір күй шертіп қос перне.

Сонан кейін қайда жүрсек
 хат жазыстық аңсадық,
Ұлы достық құдірет ең қаншалық.
Жұтқамыз жоқ тәтті дәмді таусадық
Әлі күнге сол шағымды
 еске аламын тамсанып.

Армияда жүргенімде
 одан ұшып хат келді,
«Өзім сүйген жігітіме тұрмыстанам», – деген,
 хабар ап келді.
Мен ішімнен өкінсем де қатты енді,
 деп ойладым:
«Асыл ару аяулы еді
 кандай жанға бақ берді»

Мен ауылға оралғанда одан тағы хат келді:
«Сабак тауыстым, қызды болдым»-деген,
хабар ап келді.
...Хат келді:
«Сыртқа шығам, мекен етем жат жерді».

...Жолыкпадық қайта біздер
жолығуға тағдыр, сірә, жазбады.
Айыр тағдыр
айыр жолда өзді өзінше маздады.
Мен де екі ұлға әке болдым,
ол да жайнап жүрген шығар
жауқазындай саздағы.
Көп сағындым бір көрсем деп
достық көңіл азбады.

Қуаныш пен қатар менің
жүрегіме жеңіл мұңын таратып
Той боп өтті жаңадан бір
жаңа әлем жаратып.

Өмір шіркін неткен қилы сыры нық.
Ертеңінде жас отауға барып едік қыдырып,
Ақық, маржан алуан түрлі
асыл шашбау тағылған,
Егіз қара бұрым тұрды қабырғада ілініп.

Сипап көрдім иесі жоқ,
иесінің иісі қалған бұрымды,
Көп тарқатып, көп өріп ем
көзге түскен тұлымды.
Екі күміс тенге тұрды қолаң шаштың ұшында,
Айжан қызға мен сыйлаған
жиырма үш жыл бұрынғы.

«Асыл досым
Айжан қызым арға толы ардағым,
Шат шадман ойын күлкі базар еді жан-жағың.
Жан-тәніңе балап жүрген арманың,
Жалғыз еркең
Бибікештің думанына
неге жаным бармадың?»

Еркем едің, емес едің жасық тым,
Жиырма үш көктем өткеннен соң
үйіңе кеп мен отырмын басып мұң.

Бұрымың тұр,
Бұрымбибің алдымда отыр шай құйып,

Өзің жоқсың.

Өлім деген жат аралға неге ерте асықтың.

Суретіңе қарай бердім сүйгеніңнің иығына
асылған,

Үндемейсің, жымиясың

сырың бар ма жан досыңнан жасырған.

Сүйкімді едің, сүйкімді екен

Бибікешің аумас жиырма жасыңнан,

Сыр оқыдым іліп кеткен шашыңнан»,

– деп, күбірлеп қарап едім келінге,

Қос бұрымы оратылып белінде:

– Аға, – деді, екі қолдап шәй ұсынып –

танисыз ба шешемді,

Қабағында сәл мұңы бар,

сұраныс бар, жымиыс бар ерінде.

Үндемедім, үнсіз ғана

оның ерке әлпетіне карадым,

Жанарыма түйістіріп жанарын.

Мейірімін төгіп тұрып ағаның.

Маңдайынан иіскедім баланың,

Ол да үнсіз сәл отырып:

– Аға, – деді, тағы да,

Анашымнан, әкешімнен ерте айрылдым

жара түсті жаныма.

Жетім өстім, ағайындар

жетімдікті көрсеткен жоқ, дақ салмадым арыма,

Ата-анамның достары бар

сіз сықылды маңдайымнан иіскейтін бағыма.
Бүгін міне адам болдым;
Ұзатылдым әке-шешем көрмеді,
Жат арадан жан қызына келмеді.
Мені өсірген өнді олардың еңбегі.
Дәрігерлік мектеп тауыстым
өмірімнің қанша болар шеңгелі.

Анажаным қыз күнінің еске алды ма қызығын,
БҰРЫМБИБЫ деп қойыпты
атын жалғыз қызының.
БИБІКЕШІМ дейтін еді
ертелі кеш еркелетіп бұзығын,
Мүмкін сонда сезе ме екен
өмірінің екі бөлек сызығын.

Жасқа малып көп жыладым бетімді,
Тасқа барып мұнымды айттым көңіл талай кетілді.
Жаттап алып жоқтау айттым күндер өтті өтімді,
Баққа жарып...
Үзік енді жалғанады жетпегенім жетілді», –

– деп Бибікеш
әңгімесін аяқтады еріндері дірілдеп,
Адал жанның арманынан асылдығы білінбек.
Ұрпақ барда ұлы өмірден қандай адам түңілмек.
Кетерімде қарап едім
оның мөлдір жанарында
Айжан тұрды күлімдеп.

ЖІГІТ:

– Мына жүрген
мен дегенің мен емеспін.

Жат жаным.

Бөтен жүрек, бөтен сезім
сүлдеріме таққаным.

Қашан, қайда
қалдырғаным есімде жоқ,
әйтеуір,

Білетінім:

Мен өзімді жоғалтқамын
іздеп-іздеп таппадым.

ҚЫЗ:

– Ай менен Күн қатар шыққан
«жастық», – дейтін, сонау әсем өлкеде,
Есінде ме маған кез боп сөз салғаның
өргене.

Мен жалғыз ем,
содан кейін жалғыздықты
ұмыттым,

Сен мендесің.

Менің жүрек түкпіріме
тығылғансың ертеде.

ЖАНЫМ СЕН

(Күлтәйге)

Ән болсаң –
Қара өлеңнің әуенісің,
Ағаш болсаң –
Қайыңнан мәуелісің,
Жер болсаң –
Бәйшешекті майсаң дала,
Ел болсаң –
еркін жатқан тау елісің.

Аң болсаң –
Қоңыр Бұғы маралысың,
Жел болсаң –
жаздың кешкі самалысың,
Сөз болсаң –
қос ғашықтың сырысың да,
Көз болсаң –
жас ботаның жанарысың.

Зат болсаң –
ақынжанның қаламысың,
Хат болсаң –
ғашық жардың қалауысың,
Егер де ең бір қымбат атау болсаң,
Анамның дақ түспеген ақ арысың,
Жаным сен –
Жанымнан да бағалысың,
Жаным сен...

II

Сонау әсем алау шашқан кеште мен,
Асыл жарым

сенікі боп көшкен ем.

Дәл сол кештен екеуміздің басталған,
Жаксы, жаман өміріміз

кес келең.

Сол күні мен

шын өмірді бастағам,

Мені де дәл сонда өмір жасқаған.

Одан бұрын құнын білмей

бакыттың,

Қолды жуып,

ауыз шайып тастағам.

Содан бері он жыл өтті желігіп,
Бірге өткіздік қол ұстасып, телініп.
Қос өзендей ата-ана боп екі ұлға,
Алға жүрдік көргеміз жоқ шегініп.

Күндер кештік көлеңкелі, шуақты,
Мекен еттік жақынды да жырақты.
Сол он жылда айтшы жаным мен саған,
Жаксы жар боп шыдадым ба тұрақты.

Күнім болды

ерте кетіп, кеш келген,

Мінезінді көргенім жоқ өштенген.

Әрине мен аттағам жоқ арынды,

Кез болса да жайынды аз ескерген.

Сонда да сен:
– Қайда болдың? – демедің
Ыстық көрпе, жүрегінмен бөледің.
Қаңғып жүріп түнде мейлі келсем де,
Бір рет мен суық тамақ жемедім.

Жалғыз күні
болса дағы он думан,
Мен емеспін сол думаннан болдырған.
Күй мен жырдың желігіне желденіп,
Күнім болды
сені жалғыз қондырған.

Өлең қудым домбыра алып ән қудым,
Сәні болдым
Беташар той, сан дудың.
Сен салмаған
Алтын, Күміс мен салып,
Серуендедім секендедім сән қудым.

Оған да сен
ешбір қарсы болмадың,
Қайта мені қорғаштадың,
қолдадың.
«Мен кем жоқ ғой
адамысың сен сырттың, –
деп сөйледің,
Сен болсаң мен болғаным».

Талай тентек қылығымды кешірдің,
Ұлдарымды –
Ұлық санап өсірдің

ІҮ

Оранғанша кебінге
Асыл еркем,
Жасыл өлкем шындап түсін тегінде.
Біріншіде,
Екіншіде,
Үшіншіде сен барсың,
Жүрегімнің қыран жетпес
асқар биік көгінде.

Одан кейін басқа әйелдер
орын алса сезімімнің шетінен,
Шеттетпедім, қақпадым мен бетінен.
Ақынмын ғой
сұлулықтың арасына бекінем,
Өкпелеме өтінем.

Адамдықты түсінбесең түсінбе,
Күдік сірә күн көрмейді ішімде.
Мен өзінді өмір бойы
аялаймын, сыйлаймын,
Махаббаттай
ақындықты түсінгенің үшінде.

ҮІ

МҰҢДАЙМА ЖАНЫМ

Мұңайды жалған мұңайдым,
Мұңын да білдім Күн Айдың.
Сен бірақ жаным күрсінбе,
Мұң шекпе менше шырайлым.

Бақыттың барын ұмытып,
Мұң, шердің итін ұлытып,
Мұңдана берем мұңдана,
Мұңлы күндерден күн ұтып.
Адамдар ұқпай мұны түк,
Сен ғана жүрсің жылытып.

Мадақтап, мақтап мың дана,
Жүрсе де өсіп құн баға,
Алданып қалып шырғаға,
Мұңдана берем мұңдана.
Мұң зарға толы әлемде,
Бақытым сенсің бір ғана.

Бөліспей біреу наламнан,
Бөлісіп жүрсе бағамнан.
Біреулер алып жағамнан,
Жарасым тапса наданнан.
Өкіне көрме жаным сен,
Түңіліп Алла, Адамнан.
Адамдар деген қашанда,
Арамдықтардан жаралған.

Мұңданам дағы жылаймын,
Жылаймын дағы шыдаймын.
Мінезін ұқпай Күн, Айдың,
Жарлығын күтем Құдайдың.
Мұң берген мына жалғанда
Сен аман жүрші шырайлам

Ее БҮБІ

Ее Бүбі,
есіл Бүбі,
ерке Бүбі,
Кеш білдік екен өмір
келте Бүбі.
Мөлдіреп
 сен көзіме қарағанда:
Деуші едім:
«Ет жүректі өрте Бүбі»

Бірге өскен асыл құрбым
 бала күннен,
Тағушы ем мойныңа алқа
 ала гүлден.
Кеттің ғой
 басқа жанның бақыты боп,
Жан едің ішке маздақ
 жаға білген.

Аққуым арман көлде
 тербетілген,
Шекер бал тамызушы ем
 мен де тілден.
Жол шегіп,
 жотаны асып барғанымда,
Тұратын нұр төгіліп кебетіңнен.

Ерке едің
Елік, Марал лағындай,

Тынбайтын сені көрсем
жыр ағылмай.
Ерніңнен әсем күлкі сырғушы еді,
Маржан ғып
жіпке тізген лағылдай.

Кезінде қызыл гүлдей
құлпыратын,
Сезімің серги алмай
бұлқынатын.
Күйеуің еркелетіп отырса да,
Көзіңнің тереңінде
мұң тұратын.

Ардағым
асыл Бүбі,
ағым Бүбі,
Тағылған тағдырына
тағын Бүбі.
Мен сені
өмір бойы сағынармын,
Алсам да бар әлемнің
бағын Бүбі.

Қара шәшті,
 қара көзді,
Қара қасты ақ ару,
Қыз біткенге арман шығар
 сендей болып жаралу.
Өркөкірек, тентек мінез
 еркек едім не керек,
Қиын боп тұр маңайына бара алу.

Балалықтың бал дәмінен
 басым еді жігіттіктің қарқыны,
Қыз қылықтың қызу өрті
 аластады, шарпыды.
Айналсоқтап кетпей қойды
 төзімімді сарқыды,
Сенің елпек қызығыңа
Менің тентек бұзықтығым
 балқыды.

Айналайын
Ай мүсінді нәзік ерке шырағым,
Сезімімді қытықтады
 сыңғыр-сыңғыр бұлақ үн.
Неге ақпай тұра қалды ұлы ағын,
Иығыма жетпей тұрып
 тұйығыңа қайтып қамап шыдадың.

Шаттанушы ем сені көріп
керілсең,
Мас болушы ем
жан ұйытып берілсең.
Өзге ешбір жан
саяқаттап көрмеген,
Маған ғана таныс әлем едің сен.

Әлемнің бар жинасам да
көркемін,
Сен ғана едің табатұғын
дерт емін.
Өзге ешбір жан
жалыныңа шыдамас,
Ақ көйлекке орап қойған
өрт едің.

Болып еді тіл жетпейтін
тұс талай,
Неге айрылдым мәңгілікке ұстамай.
Мені енді ескі жұртқа қалдырып,
Сол күндердің
көзден бұлбұл ұшқаны-ай.

Адам сірә тойған ба
бал-шекерге,
Шекерге қол сермедім бе бекерге.
Бақыт тәтті болады екен әрдәйім,
Баста шалқып тұрғанда емес
өтерде.

БАЛДАНАҒА ЖАЗҒАН
ХАТТАРДАН

I

– Балданам-ау, айналайын Балданам –
Менің ішкі дүниемді
дәл өзіндей түсіне алар қай данам.
Іші-сыртым базар еді өлең, өнер қайнаған.
Не шара бар бүгін менің қара түнек айналам.

Азаптың да азабы бар жан баласы көнгісіз,
Ол – жалғыздық,
тілесен де алқа топқа енгісіз.
Сол азаптың мұң мен шерін саған айтам
сен тында,
Қыз болсаң да досым едің
жігері жоқ жігіттерге бергісіз.

Бабың келген тарлан аттай талпынсаң да таңасып,
Азамат жоқ бірге отырып сырласатын жарасып.
Құлақтары естісе де
жүректері естімейтін таскерендер қоршаған,
Сахарада жалғыз өзім
жаяу, жалпы жүргендеймін адасып.

Балданам-ау!
Ақша қуған ақымақтың бірі болмай
ақындықты мен неге осы тандадым,
Ақындығым – аяулым-ау
неге сенің мұңға толы жан-жағың

Әйтсе де мен асқақтадым
рақатыңа, бейнетіңе қанбадым,
Ақырында сөз ұғатын адам таппай
бабалардың қабырына мұнымды айтып зарладым.

Ел едік ғой сөзбен, тілмен, оймен қадам нықтаған,
Аңыз-ертек, әнсіз, жырсыз
бақ-бақыттың асқарына шыкпаған.
Заман болды кенезесі кепкен жанға
мөлдір, салқын сусын берсең жұтпаған,
Қорлық екен қазақ өзі қазақ тілін ұқпаған.

II

Балданам-ау!
Айналайын сен дағы бір асыл туған баласың,
Тым болмаса сен жамашы тесік-тесік
көңілімнің жарасын.
Мына ұрпақтар еш бағыт жоқ
ой-армансыз қайда кетіп барады,
Айтшы маған келешектің қамын ойлар...
анасың ғой анасың.

Біздер жүрміз елден алыс,
жерден шалғай қарнымыз тоқ күн кешіп,
Ұрпағымыз келе жатыр
ертең өзін жалмап жейтін азу тіспен бірге өсіп.
Адамдыққа ұйтқы болар ата-аналар
араздыққа ірткі болып барады,
Мен білмеймін көк тұманның арасынан
ертеңгі күн ашылады кімге есік.

Келешектің мен тілеген атар ма екен таңы шын,
Атпай қалса не болады

өмір бойы менің шапқан жарысым.

Күмәнім сол:

Мұңданып та шыдамайтын

мұраты арзан пенделер,

Мұрны басын қанатып жүр

бүгін жейтін бір жапырақ нан үшін.

Басқа ешбір уайым жоқ

күн өткізсе ырза соған жеп-ішіп,

Ала қойды қырқысады

сенікі деп, менікі деп бөлісіп.

Алаш тұрмақ ағайынның дуа кеткен аузынан,

Қоспа айғырдың үйіріндей тістеседі тебісіп.

Жақындыққа көп шақырдым

наданды да, саранды да, жаманды,

Алысты да, ағайыным, ағамды да, баламды.

Жатым тұрмақ жақыным да жатырқады

жараспады дәм-тұзым,

Жасаған-ау жатбауырлық

жаулап алып қойғаны ма ғаламды.

Балданам-ау!

Ұлдар мүлде ұмыт қылған

ертең деген күн барын,

Құлық-сұмдық арқалаған

қу бастарға сатып жатыр құндағын.

Құралай көз,

құлын мүше,

құба жүзді ертенгі ана арулар –

Құлқынының құрбаны еткен
құдайға да ұсынылмас құнды арын.

III

Балданам-ау!
Айнадай пәк перизатым, періштем,
Жан едің ғой келбетіңе кең пейілің келіскен.
Мен жалықтым күн кешуден қоқыр-соқыр ішінде,
Өлездікке үйір болып бара жатыр
өктемдігім өр үстем.

Есіне алмас желден жүйрік уақыттың екпінін,
Ұрпағы едім өрт көкірек ақын деген тектінің.
Амал бар ма арқыраған арманымды
ауыздықтап тұқыртып,
Ит пен құстың арасында
итшілікпен өтті менің көп күнім.

Өзегімді өрт қарыған өшпес, тынбас жарам бар,
Соны жазар сенің қандай ақылың бар,
менің қандай шарам бар.
Жан-жағымның бәрі алдамшы,
тек өзінен басқаларды ұмытқан,
Арпалысқан алауыздар, ақымақтар, арамдар.

Қайда барып, кімге айтамын ішімдегі азамды,
Қайда тығам арамдардан тұнығымды, тазамды.
Жәйін тыныш жазып-сызып күн кешейін деп едім,
Су тұнса да дұшпан тұнбай кетірді ғой мазамды.

Менде дұшпан болмап еді іс жоқ еді алаңдар,
Азамат ем алмағайып кезеңде де
арзандамас бағам бар.

Соңғы кезде мен жақындап барсам болды
екі көзін қалталап,
Алыстасам артық тілін жалғап алар
көбейіп жүр адамдар.

Дұшпанның да сүйуші едім
бітіспейтін бірбеткейлік ерлігін,
Керітартпа мына уақыт
досымның да алға тартып болмады ғой кемдігін.
Елге тірек болар деген ұл мен қыздар
есеңгіреп көш сонынан еріп жүр,
Сеніміме серік болар япырай енді кім.

Шынын айтсам досым түгіл
дұшпан да жоқ белі тастай бекіген,
Сүйек іздеп сүмеңдеген ит секілді
көзі жерге түсіп кеткен шетінен.
Қарап тұрып қарсы келу қасиеті
табылмайды сүйегінен, етінен.
Жалын тұрмақ жарық ұшқын көре алмайсың бетінен.

Балданам-ау!
Ұлтын ойлар ұлы ғой деп ұлағатты текті елдің,
Үміт күткен ағаларым –
құлы болды мансап пенен шекпеннің.
Інілерім ірілікке қолын созбай
іріген сүт секілденіп барады,
Өзегіме көп сақтаған
өсиетін кімге айтамын өткеннің.

ІҮ

Балданам-ау!

Сәнім едің ақмоншақ қып

сезіміме тағынған,

Жалын от ең жан өлкеме

шырағдан боп жағылған.

Мен қандай ем.

Өрт едім ғой өрге шапшып қағынған,

Адам біткен от алатын

менен ұшқан жалыннан.

Бүгін медеу іздеп жүрмін

сары белдегі сағымнан,

Кім сусындап бөліседі

запыранды зарымнан.

Іздеп, іздеп таппай қойдым

ізгілікті маңымнан,

Ағаларым қайда кетті

ақиқатқа табынған.

Балданам-ау!

Өңкей өлез өлекшіндер

жүрекке емес, жұмыршаққа бағынған,

Айналамда торлап алды

ойлары бар нағылған.

Білесің бе мен шаршадым

жалғандықтан жабылған,

Өтінемін осы кезде

табылсаңшы жанымнан.

Ү

Балданам-ау!

Думан-базар, шаттық болған дуалым,

Көңілімнің көлеңкесі көбейгенде

сен сыйладың таңның шапақ, шуағын.

Ластыққа толы мына

ызың-ызың ырылдаған өмірде,

Сен болмасаң жанның кірін

баска немен жуамын.

Тыңдашы сен, мен деген жан

құса болдым зарықтым,

Сауысқанның құлағын жеп,

Көзін жұттым балықтым.

Сен де, мен де, ол да тыныш жатып алса

қара бастың қамымен,

Кім іс етіп қамын ойлар

қазақ деген халықтың.

Құдай – халқым құндақты ұлын

жаратқан соң жыршы ғып,

Құнан сөзді кісінетіп айтпақшы едім

құлақтыға құлшынып.

Өзімді ұғар, сөзімді ұғар өзегі алтын

жоқ болған соң ұл мен қыз,

Өзімменен өзім болып

үн шығармай іштен жылап егілемін тұншығып

Тілге тиек етіп қайтем сөз ұқпасқа «мен сенді»

Тұнықтарым ылайланып, теңіздерім теңселді.

Шатаққұмар шата көңіл

шапырлардың қылып жүрген қылығы,

Түйесі көп, иесі жоқ керуендей
бет алдына кетісіп жүр сандалып.

Өз басынды тауға да соқ, тасқа да соқ
халқың үшін жанды құрбан ет мейлі,
Арам шөптер аялаған алаңыңа
еркіңнен тыс көктейді.

От ілінбес су шүпірек секілді су адамдар,
Жан отыңмен қанша өртеп қақтасаң да
құрғамайды кеппейді.

Қайдан табам
қараңғыға сәуле шашар арайды,
Жарамсақтар арын сатып
жалтыр табан жалайды.
Талтандаған Талтақбайға
жалтандаған Жалтақбайлар
жан ұшырып жағынып,
Аяғының сүрткіші боп
нан тауып жеп жүргендігін жігіттікке балайды.

Естір құлақ бар болса егер
шешен тілдің айтар сөзі көп еді,
Бөкен желіс, бөрі шабыс,
бөрте тұлпар екпінін де
бөкселілер бөгеді.
Өр шындыққа өлсе дағы сене алмайтын
пәк сәбидей көпшілік,
Өтірікке, өсек сөзге
анасына сенгендей-ақ сенеді.

Балданам-ау!
Айтып айтпай өткінші өмір өтеді ғой өтеді,
Соны ұғынбас маубас қулар күнде айырып
секеңдейді берекені, некені.

Не шара бар жарты жармақ бөлісуге
жетпей жүрген дәт дәрмен,
Ағайынның ара жігін
быт-шыт қылып жіберуге жетеді.

Ел емес пе ек дархан мінез,
дала жанды ордалы,
Бұрын соңды көрінбеген
бұралқы иттей жат сезімдер торлады.
Қаны қазақ болса дағы жаны бөтен сатқындар,
Жүргіш қатын ісін істеп
момын елді қорлады ғой, қорлады.

ҮІ

Балданам-ау!

Перне кезген

саусақтардай еш тоқтаусыз ән іздеп,

Пенде кезер дүниені жан кинамай

бір тоятын нан іздеп.

Мен де кездім

жалықпадым ешбір опа таппадым,

Қарныма емес жаныма бір ән беретін

жалыны бар жан іздеп.

Қайрасам да қайтпастай ғып жігерімді төзімді,

Жайсаңдығым

бет жыртысқан берекетсіз безбүйректен

безінді ғой, безінді.

Жылайын деп жылай алмай,

күлейін деп күле алмаудың қиынын,

Менің мына ғазез басым

сағат сайын, минут сайын сезінді.

Жоқтан бар ғып қолдан жасап әбігер мен әлекті,

Залымдықты азық еткен зымияндар маңайына

запыранды зар екті.

Қыздың ары секілденген

қылдай нәзік жанымды,

Қылғұрт, қырсық, сұм қылықтар аямады

қырық шоқпыт жамау етті, жара етті.

Ой толғамның орамалын
сәлде қылып орап алып басыма,
Бетгі жуып ымырт кештің
мұңлы жанбыр жасына:
Елімді ойлап мен жыладым
жер бауырлап жатып ап,
Келмей қойды ешбір адам қасыма.

Көп тілеп ем қайсар елдің
қаралықтан таңы ертерек атпағын,
Түсінбеймін кімге немен жақпадым.
Ұяласы жұртқа тастап қашып кеткен
қакпандағы бөрідей.

Көкке қарап ұлысам да
жалғыздыққа ешбір опа таппадым,
Кім бар басқа тазартатын
ойдың кокыс, батпағын.

Момындыққа құрбан еттім
қаншама жыл, қанша айды,
Сонда дағы ерке сері көкірегімді зар шайды.
Себебі сол:
Жапония аралында жер сілкінген
сүнәмидің кінәсін,
Жала жапқыш пәлекорлар
менен іздеп шаршайды.

Тасқа таңба басқандай боп көрінсе де
өткен күнге менің салған дерегім,
Жемістерге лық толып жайқалса да
өнердегі терегім.

Өрті сөніп, өзектері шіріп кеткен
өлез жандар өлімтік
Мойныма артып әлек болар әлемдегі
ұрыс жанжал, ашаршылық себебін,

Айтар болсаң тура түзу дұрысын:
Қалай ғана тарылмасын тынысың.
Мөлдіреген мөлдірлікті итаяқпен итке қойған
адам емес арамдар,
Ізгілік деп істеп жүрсе
Ит, шошқаның жұмысын.

Балданам-ау!
Ет сақтатқан секілді боп
қанды ауызды араны ашық бөріге,
Біреулерді құрмет тұтып шығарса егер
сыйлы сырмақ төріне:
Қорғаушым деп халқы сенген
сол тоң мойын тоғышар
Тонаушының ісін істеп
тор құрады тірі тұрмақ өліге.

Елі сенген мансаптының кез келгені
елін емес өзі шығар төрін айтып сөз қылар,
Ең ғажабы:
Күлдіргені тындырғаны көзге түспей
бүлдіргені сындырғаны көзге ұрар.

Соны көріп деп ойлаймын:
Әй бүгінгі көні кепкен құдайды да құл санайтын
сол сұмырай құлқындар
Ертең өлім алдында да
топыраққа тойым қылмай тоздырар.

ҮІІ

Балданам-ау!
білесің бе айым туып тұрса дағы оңым-
нан,
Мен бір жүрген бейшорамын
сең секілді жарқабаққа соғылған.
Мына өмірде адам еткен іс біткеннің бәрін
еттім. Бірақта:
Байыт болып жаратылып
Байыт болмай өмір сүру
келмей қойды қолымнан.
Мен өсірмек емес едім атағымды,
асқақтатып бағымды,
Түрі қазақ, тілі басқа, діні басқа,
күні басқа «қазақ» сұмдар
ыза қылды ғой, ыза қылды.
Жанымды алса берер едім
Қызыл тілге кісен салып
кісінеуге келтірмей,
Батып бара жатыр күнде
сындырғаны сағымды.
Арман тілек, асқақтығым
қуыс кеуде қапастыққа симайды,
Асау жүрек арқырайды,
қышырлы тіл қышығанын тимайды.
Тастүйін боп ішкі әлемде қатып қалған
көк тайғақ мұз қалың сорым тепкілеп,

Мұнар шалған сорлы жүрек түкпірінде
мұң боздайды
мың боздайды қинайды,

Опасы жоқ мына уақыт өтеді ғой өтеді,
Менің дағы, сенің дағы, оның дағы
түбіне бір жетеді ғой жетеді.
Жан-тәніммен соны ұғып білген сайын
бұлт тағдырым бұрқақ болып бұрқырап,
Қыран жаным дүр сілкініп
аударылып-төнкеріліп кетеді.

Ірткі мына дүниеде
ізгі жандар деп әрқашан көбейсін,
Бойда қуат, ойда суат бар кезінде
арықты да, алыпты да жебейсін.
Мен айтайын ал сен тыңда
сөйтіп өткен ғазез басым не шара,
Мына жалған дүниеден адам іздеп
адам таппай тұраладым десем егер не дейсін.

Жетемін деп талпынып ем
шексіздің де шегіне,
Айтқан сөзім өтпей қойды
арманы жоқ сұм заманның бешорасы, бегіне.
Ішімдегі толып жатқан
ой арманның толғауын,
Қалай айтсам жарар екен
аппақ жанды ақ қағаздай еліме,

IX

Балданам-ау!

Мойындауға әлі жетпей

тас болса да қыркып түсер өжет, өткір қалпымды,

Жүрегі жоқ бос кеуделер алқынды ғой, алқынды.

Қарны тойса ит боп үріп кетуге бар сол секілді

итаяқтың иесі сұм пенделер

Мені дағы асыранды иті етуге талпынды.

Кем жаралған қапастарды кеңітуге талап қылып

күлер жерде кем күлдім,

Тамуға бар, жануға бар жүректерге

тамыздық кып өрт өлеңді өндірдім.

Кімге керек, кімге керек еместігін талғамастан,

Қазақ үшін мың ойланып, мың толғандым.

Ақыры:

Боқтаған мен мақтағанның айырмасын

сезе алмайтын

ұяты жоқ ит жандарға жеңдірдім.

Таңдап мініп жүйрік атты,

таңдап сүйіп хас сұлуды, таңдап киіп көк тонды,

Білекпен де, біліммен де үздім талай шек торды.

Әй бірақ та өр өзегім өртенгенше өкінемін,

өкінумен өтермін,

Көп оқталдым бесатар боп, амал қанша;

атылғаннан

атыла алмай қалған кездер көп болды....

Аяғы боп,
тілі болып меңіреу қырт мешелдің
Жанды күнде жалындармын
дауыл болып соғармын да самал болып есермін,
Өтер күндер.
Өзегімде өрт лаулап сағым болып сарылтып,
Өлеңіммен қош айтысып
өзге түрге көшермін.

Танып біттім адамдықтың
шаласы мен данасын,
Шегіп біттім дұшпандықтың
жаласы мен табасын.
Көңіліме медеу етер адам тұрмақ
албасты жоқ ақылды,
Менің қайран шерлі жаным
шердің емін енді қайдан табасың.

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ



ӨЛЕҢДЕРІМ – ӨЗЕГІМНІҢ ЖАНДЫ ОТЫ

*Өлеңдерім сен менің –
Өлместікке берілген
өзгерілмес сертімсің,
Тамырымды талдырып
тасып аққан өртімсің.
Табылмаған басқаға
тастан қайтпас еркімсің,
Жаралғанда жабысып
жазылмаған дертімсің.*



Сөздерім

менен шыққан ала-құла,
Аспаптың ән болыңдар шанағына.
Ойсыздың тас басына
ой боп кіріп,
Жараңдар адамзаттың жарағына.

Айланған тарихтың парақтарын,
Саралап қалт жібермей
сараптағын.
Жетім боп арамдыққа
жүргендерге,
Сыбаға адалдықтан тарат жаным

Бергем жоқ,
жетімдерді қорғайладым,
Содан да елден асқақ болды айдарым.
Ал сендер замана боп
шырылданнар,
Зарлаған құйтақандай
торғайларым.

Жарысып ғасырлармен
үн катындар,
Сырласып ғашықтармен
бір жатындар.
Жол тұтқан әккілікті
әкімдерге,
Әуенін әділдіктің тыңдатындар.

Қыздырып
қаулап тұрса да мейлі
кешті де аппақ таңды үнім,
Қызықпа достар
мен деген мына
запыран жұтқан зарлымын.
Арманға толы жанымды менің
отқа да салды,
суға да салды итеріп,
Акындық қуған адуын асау тағдырым.

Ұшына әкеп от іліндіргендей білтенің,
Жарық әпердім,
жылу әпердім
төріне орда, күркенің.
Жететін жерге жерткізбей әсте
кем қылып көрген
жерім жоқ,
Керекті сөзді,
деректі сөзді
оңды да, солды сілтедім.

Ұсақтыққа ұрынып күнде
ұлық пен ұлы кесектер,
Өсектер жанып
өрт болып қаулап
бермеді жанға еш өткел.
Жанымнан жас боп
төгілген мөлдір сусынды,
Сіміре жұтып сілкіді басын есектер.

Арманым болып
адалдық күткен
азалы жұрттың арманы,
Жаны бар сөзбен,
ары бар сөзбен
толтырып көмбе, қамбаны.
Қыран боп ұшып
қырадан асқан талапты,
Жемтікке тойған
жеменгер қара қарғалар
қарсы алмады.

Қамықпаймын!
Мен ұйқыда жатсам дағы
ұлы жырдан ұзақ бола алмаймын,
Маржан сөзді
мәпелеуден талықпаймын,
талмаймын.

Тұман күндер арасынан
табылмасты табамын да
талғамасты талғаймын.
Тұнығымды туғанға да
әлі тумай жатқанға да арнаймын.

Хас дарыным
қаным суып қатқанынша тынбасын,
Өртке оранған өр рухым
өзім сөніп таусылсам да жырласын.
Жер бетінің надандары
оқымаса оқымасын жырымды,
Жер астының адамдары
орынынан аунап түсіп тыңдасын.

Байтақ далам, бай далам,
қыр-асқарым,
Қалыңдатсын сыр-сезім жыр астарын.
Менен түскен сезімнің
нажағайы –
Аластасын әлемнің ластарын.

Қолын созсын жүректер
нұрлы от үшін,
Жылу алсын жырды да бірге оқысын.
Менен аққан өленнің
өзен-көлі –
Жуып шайсын жер-көктің кір, қоқысын.

Ерікті елім, ерке елім, екпінді елім,
Рухыңа зерденің ек гүлдерін.
Менен сыртқа шашылған
жарық сәуле –
Ой сананың арылтсын секпілдерін.

Толқынымды шашайын паң далаға,
Ырғағымды қосайын таңғы ауаға,
Сөйтіп дәрі жасайын ән-сөзімнен,
Алындар да жағындар
жан жараңа.

ШЕШІМ

Мен осы көп тыңдадым надандарды,
Надандар сөйткен сайын бағамды алды.
Аяғын алшаң басып көкке қарап,
Тарландай тарпаңданып тарамданды.

Жатқа да басымды идім, жақынға да,
Қатты сөз сөйлемедім қатынға да.
Көңілі біреулердің қала ма деп,
Қатесін
«жөн», – дей салдым ғапыл ғана.

Жатса да дос, дұшпаным табаласып,
Етпедім еш қарсылық жағаласып.
Икемге келе салдым сынып кетпей,
Ақиқат тура жолдан тана басып.

Жетті енді ақымақтық, адамдығым,
Өзімді өзім іздеп табам бүгін.
Көңілдер қала ма деп көлкектеген,
Артымда қалсын қапас қаран күнім.

Енді мен:
Өнбесті де өндіремін,
Тәкәппар тарпаңдармен тең күлемін.
Өздерін өр санайтын өктемдерді,
Мүлтіксіз айтқаным сендіремін.

Сал болып сар ат мініп сағым қуам,
Такпақтан тана моншақ тағындырам.

Таласты мақтан тұтқан такқұмарды –
Таққа емес, талабыма табындырам.

Өлсем де келетіндей сағындырам,
Өлместің, өшпестіктің тағын құрам.
Тұрлаусыз төрткүл мына дүниені –
Төрт ауыз өлеңіме бағындырам.

Жыр жазайын басты ұғып,
басқа білер,
Досым түгіл үзбейтін
қас та күдер.

Дәрменсіздің бойына қуат болып,
Кәріге – үміт сыйлайтын
Жасқа – жігер.

Шартарапты шаттыққа бөлемесем,
Келешекке болмаймын көне көсем.
Соны сана естіртіп, тың мағына,
Сол арқылы өртенем
өлем, өсем.

Көп көзінен қалмаймын тасаланып,
Тағалы аттай тайғақты басам анық.
Керуенді бастаймын өр биікке,
Ащы сөзден шәрбат – жыр
жасап алып.

Жанымның жыршы құстары,
кикула, жырла, шуылда
Көктем де келді масайрап,
жалында, жандыр, суынба.
Боздаған мен бір бозінген,
боздамай сірә тынбаймын,
Дауысымды жеткіз, жалғастыр
менен соң келер буынға.

Жетімдік көрген жерім жоқ
жер беті толған ел барда,
Жанымды сазға толтырған
жыршы құстарым сен барда.
Жетімдік және көрмейді
жердегі жүрек, құлақты,
Жел сөзбен самал естірген
Жерінбес жыршы мен барда.

Өгейлік бірақ көп көрдім
өктемі басым күндерден,
Азырақ болды абзалдар
аялап маған үн берген.
Жамандап, мақтап біреу бар,
жарамсақтанып күн көрген,
Өкінішім жоқ, ырзамын –
ісім бар менің үлгерген.

Тас табанын аялап
майда гүлден,
Самалдан да сақтанып
сайға кірген.
Өлең бітсе бойыма нәзіктенер,
Менің сиқым боздаған
қаймал інген.

Күнге ұмтылып қол жетпес
айға күлген,
Айран жалап қазаннан
қаймақ ілген.
Өлең туса қуанған алақайлап,
Менің түрім жас бала
тайға мінген.

Қаймықпаған басқадан
ханға кірген,
Ұран салған қышырлы
қайрақ үнмен.
Жарық көрсе кітабым
батырдаймын,
Барша көптің алдына
байрақ ілген.

Ақын:

– Мына өмірге адам болып
алғаш қоныс тепкелі,
Басымнан не өтпеді.
Ақын болып еңбек еттім
аз дарыным бірге жетіп,
біреуіне жетпеді.
Енді міне ауыру кеп жайлап алды,
«жол жүруге» дайындалдым кеткелі.

Өзімді емес камын ойлап
калың қауым баршаның,
Қол жетпеске қол сермедім,
адалдықты аңсадым.
Қиындықтың қия белін
қайсарлықпен басып өттім
қанша мың,
Әйтсе де енді демалайын
дәрігер інім бөгей көрме
қалжырадым шаршадым.

Дәрігер:

– Жан сезімің жарқылдаған
жай-жасын,
Суықтарды қайнатудан,
шикілерді пысырудан таймасын.
Саған Алла теңдесі жоқ
асқақ дарын бергенде:
«Барша адамзат көрсін», – деген пайдасын.

Ақын – арман мен өзіңнен
өтінемін кешірім,
Сенің еккен егініңнің
ел көреді өсімін.
Жан тіріде жатпай, тұрмай
жалпы көпке қызмет ет.
Тыныш жатар демалыстың
сен айтпайсың шешімін.

Нені тілеп, не таңдайды
сенің жүрек талғамың,
Еш бөгет жоқ солай қарай самғағын.
Үнсіз оңай өле салу еркің емес.
Себебі:
Сенің жаның сенің жеке мүлкің емес
ардағым.

Алла білер аз ба,
көп пе ішетұғын суынды,
Әйтсе дағы желбіресін
биік ұста туынды.
Мүмкіндігім жеткенінше
өмірінді ұзартуға
мен әрекет жасайын,
Сен талпынып
көпшілікке қажет болар
тудыр асыл туынды.

Бай:

Маған арнап өлең жаз марапаттап,
Марапатта басқаша
дара атақ тап.
«Мың жылда бір туатын адам», –
деп жаз,
Дұшпанымның жүрегін
жарақаттап.

Аузын ашсын сол жырға
жыр тыңдаған,
Жырмен бірге мақтасын
жұртым, далам.
Өлеңіңді оқыған қарсыласым,
Түсірмесін ешқашан
бұлтын маған.

Дәл осындай жыр жазсаң маған арнап,
Ақша берем өзіңе,
балаңа арнап.
Өлең деген немене ақындарға,
Текке жазып жүрсің ғой
далаңа арнап.

Бостан босқа қайтесің қайғы баттап,
Пайдасы жоқ дала мен сайды жақтап.
Тыш отырып ақша тап қаламыңмен,
Шекпендіні,
шендіні,
байды мақтап.

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ



МЕН КЕРЕЙДІҢ ТЕНТЕК ҰЛЫ БАЙЫТПЫН

*Жалған достар жат болсын
көрінбесін,
Жетегіне ермеймін
жерінгесін.
Басқа біреу ешқашан
жол көрсетпе,
Өз жөнімен жылжысын
менің көшім.*



Арманға толы
ақжарқын ылғый көп күндер,
Сезімге бұршақ ектіңдер, жортып өттіңдер.
КҮЛТӘЙ деген сабырлы қыз,
ӨЛЕҢ деген сабырсыз қыз екеуіне
мені аманат қалдырып,
Кеттіңдер ғой кеттіңдер.

Күлтәй мені
әйел, арақ ауырудан қызғанды,
Жылтыраған ЖҮЗІН – ЖҮРЕК деп ойлайтын
сезімі жоқ «сұлуларға» табынудан қызғанды.
Өлең мені
байлық, мәнсап, атакқа еріп
қағынудан қызғанды,
Ит пен құсқа жағынудан,
адамдықтан арылудан қызғанды.

Өлең мені – жиын-топқа, той-думанға,
қызға қарай сүйреді,
Қыздар мені – арақ-шарап, қызық, сайран
құзға қарай сүйреді.
Арақ мені – ұрыс-жанжал, аурыу-дерт,
көрге қарай сүйреді,
Күлтәй мені – өрге қарай,
төрге қарай сүйреді.

Сары атпенен қыздарға да барып келдім
ешбір опа таба алмадым секектеп,

Арак деген ызғарға да қанып көрдім
еш ілгері басқызбады етектеп.

Ақыры сол:

КҮЛТӘЙ деген сабырлы қыз,

ӨЛЕҢ деген сабырсыз қыз екеуі –

Дана ақпенен алып келе жатыр мені

өр биікке қос қолымнан жетектеп.

Не шара бар,
өрт тасыған өр мінезді түсінбеген өлездер –
Маған: «ЖЫНДЫ; СОТҚАР» – деген
атақ-даңқ тағыпты.

Оқасы жоқ
боқты ауыздар боқтасын да оттасын,
Оған менің ауыратын жоқ басым.
Өр басымды жерге салмай
көрге салам тік тұрып,
Қарғайтындар қарғасын да
жоқтайтындар жоқтасын.

ҚЫРЫҚҚА КЕЛДІМ

Қырыққа келдім
қырық жыл қалды артымда,
Кім шыдар мына
от-жалын дүлей қарқынға.
Қылыққа құмар,
тұныққа құмар жаным бар,
Айланып барған жерім жоқ қалған сарқынға.

Қырық жыл болды
күн көзін алғаш көргелі –
Өмірдің жолы құлдырап бірде өрледі.
Қайсы бір ісім
ойлағанымдай өнді де,
Қайсы бір ісім еркіме әсте көнбеді.

Қырыққа келдім
қырық жыл өтті басманан –
Кездерім болды көргенімді де жасырған,
Кездерім болды
басымнан сөз де асырған.
Кезім жоқ бірақ
момынды басып басынған,
Кезім жоқ тағы
мойыны жуанға бас ұрған.

Қырыққа келдім
қырық жыл кетті келмеске –
Көп бөлдім мүмкін
уақытымды бөлмеске,

Көп сендім мүмкін
өтірік, жалған сенбеске,
Көп ердім мүмкін
есепсіз ессіз ермеске.
Қайсысы соның
ұмытылмай қалды енді есте.

Қырыққа келдім
қырық жыл санап өткердім –
Қысқа да тоңып,
гүлін де тердім көктемнің,
Тәлімін алып
өзімнен бұрын өткеннің,
Кесірін көрдім
өзімнен күшті өктемнің.
Осыдан басқа
олжа ғып нені бөктердім.

Артымда қалып
«Жас жігіт», – деген тұнық күн,
Қырқасын басып
барамын асып қырықтың.
Адамдық ардан
арамдық қорлық көп екен,
Ұлыдан гөрі
кұны артық екен ұлықтың,
Өмірдің сыры осы болса егер шын ұқтым.

Ұқпасам дедім
ұқпасты мына күндерден,
Кез болды қыздар
қыста да шоқ-шоқ гүл берген.

Кез болды сұмдар
отызға келмей жатып-ақ,
Сұмдықтың сұмпай
ақтарып сырын үлгерген.
Ұқпаған тағы нем қалды
мына күндерден.

Қырыққа келдім
көрсем-ау дедім көрмекті,
Халқыма шындап
берсем-ау дедім бермекті.
Тіршілік күйбең
шаршатты босқа терлетті,
Қырық жылда
қырық өлең жақсы жаздым ба,
Көп терсем дағы
өлең мен әннен өрнекті.

«Жеткізбес жүйрік
арманды қуып жетейін,
Мына денемді
жанбырша шашып өтейін,
Дөңгелек әлемді өзімдік мәңгі етейін», –
Осындай еді
ырғаққа толы көкейім,
Дарыным кеміп қолдан келмесе нетейін.

Қырыққа келдім
Қоян боп күн де өткіздім,
Жұтырық жедім,
жұмсақ ерінге өпкіздім.

Жаныма – тікен,
жұпарлы гүл де еккіздім.
Жалынды жырды қағаз бетіне көп тіздім,
Білгем жоқ бірақ
жүрекке қалай жеткіздім.

Азулы жерде
Қасқыр да болдым салымды,
Тамақтан алдым таласқа құмар залымды.
Жалаң аяқ
майсадай бастым жалынды,
Тек қолдан емес
жолдан да алдым бағымды.
Ақшаға сірә айырбастағам жоқ дарынды.

Жасыратыны жоқ басылдым талай табанда,
Талпындым тағы тары жол тайғақ ғаламға.

Қарсы да болып түкірдім залым заманға,
Тізе бүкпедім
мүгедек тілді жаманға,
Бас ұрып келем байлығым жалғыз қаламға.

Амандақ болса елу де келер көрермін,
Алла берсе
тасқа да егін егермін.

Қажетті жерге
өлеңді шашып төгермін.
Өнермен ғана
өнермін дағы өлермін.
Бәрібір халқым берерімді мен берермін.

Қадыры бар ма екен деп
байтақ елге,
Бақылап артымнан еш
сайтан ерме.

Білгендер қадырымды
білмегенге,
Бірдеме деп әйтеуір айта көрме.

Білмегендер білмесін
жалынбаймын,
Жеткілікті онсызда
жалын – қайғым.
Жете білген шебердің
бақыты бар,
Ұға алмасқа ұстатпас сағымдаймын.

Жетсең жет
жетпесең қой қадырыма,
Жармаспа
бойың жетпес жабығыма.
Өлең болып
кұрсақтан түрегелгем,
Өлең болып
құлаймын қабырыма.

Қазақ деген
балыққа бай
түпсіз терең теңіздің,
Бір шабағы болып мен де
жаралдым.
Сол халқымның
соры менен бақытымен
егізбін,
Шыңыраудың түбінде де
шырақ болып жанармын.

Қазақ деген жұлдызға бай,
құсқа да бай аспанның,
Торғайы боп шырылдауға
жазылыпты тағдырым.
Сол халқымның әуіресі емес
әні болып басталдым,
Таусылғанда таусылармын
қараңғыны өзім алып,
артқа тастап таң нұрын.

Талкысына күндердің мың сыналып,
Қуаныштан жасанды мұң шығарып,
Адастырып тағдырды тағдырлардан,
Өзен – өмір барады сыңсып ағып ағып.

Түн жетектеп күндердің керуенін,
Мұң жетектеп шаттықтың серуенін.
Күнді – түнге, жастықты – қарілікке,
Алып барад мен соған демігемін.

Жапырақтай қуратып жандыларды,
Жарқыраған өшіріп
шам – мұнарды.

Бара жатыр дүние шыр айланып,
Қан құмар ғып
таң құмар, жан құмарды.

Жыласа да адамдар күнде налып
Көрші болып сұмдардың жүргені анық
Көлеңкемнен басқа еш төрешім жоқ
Шағынамын япырай кімге барып.

Мына өмірден аларымды
алмасам,
Шырын жинап қанарыма
қанбасам,
Аяқ жетіп барарыма бармасам,
Өле алмаймын мен тып-тыныш
эрқашан.

Келешекке берерімді
бермесем,
Кешегінің кемшілігін
жеңбесем,
Бүгінгінің тек асылын
термесем,
Мен өлмеймін қара да тұр
сенбесең.

Езуімнен елге енші бөлмесем,
Төрге шығып көрерімді көрмесем,
Мен оп-оңай
берілмеймін өлімге,
Өз отыма өзім күйіп
өлмесем.

I

Мен білемін,
жүз жыл өмір сүрмесімді білемін,
Күнге күйген шүпіректтей
қуқылданар гүл өңім.
Жастық шақтың дәмі кетер,
дәрмен кетер бойымнан,
Дір дір етіп үлпілдеген таска айланар жүрегім.

Мен ұғамын,
жүз жыл өлең жазбасымды ұғамын,
Мәңгі тасып шайқалмайды ұлы ағын.
Ери, ери таусылады
таусылмасқа балап жүрген шырағым,
Тулай-тулай тынамын ғой,
тынамын.

Күнде қонып жатса дағы
ер басыма бақ-қайғы,
Сеземін ғой
бір күндері бас көтерер жат қайғы.
Жүз жыл өмір сүрсе дағы
дүниеден ешкім опа таппайды,
Ұлы уақыт табанға сап таптайды.

Жүз жыл өмір сүрмесімді
ұғынғасын, білгесін,
Өткізбеймін әнсіз, күйсіз
өмірімнің бір кешін.

Күндейтіндер күндесін де.
Тілдейтіндер тілдесін,
Мен тұмшалап қымтамаймын
асаулықтың іргесін.

Беу адамдық!
Қарсы келме
асаулықпен алға қойған шартыма,
Бәрі бір мен үлгеремін,
берерімді берем асыл халқыма.
Жүз жыл өмір сүрмедім деп өкінбеймін.
Орнына –
Жүз жыл өмір сүретұғын
жарық жағып қалдырамын артыма.

II

Мен сенуші ем:

«Ағынды сулар таза» – дегенге

сенуші ем,

Лайланып кетті ғой бүгін олар да.

Мен сенуші ем:

«Аспанды биік» – дегенге шындап

сенуші ем,

Шыр айланып түсуге дайын боранға.

Мен сенуші ем:

«Әлемді мына кең» – дегенге де

сенуші ем,

Құдайға анық сиыспай қалдық оған да.

Мен сенуші ем:

«Тууды шын – деп – өлуді шын» – деп

сенуші ем,

Өтірік туып,

өтірік өлген адамдар шықты

соған нан.

О жасаған сен барсың ба,

Бар болсаң егер айыра көрме тобамнан!!!

III

Мен жерідім –
Ініден де. Ағадан да жерідім,
Іріден де, баладан да жерідім.
Шаладан да, данадан да жерідім,
Қаладан да, даладан да жерідім.

Күлтәйім-ау,
жалынамын сен алысқа кете көрме серігім!

Мен жерідім –
Жүргеннен де, көз ілгеннен жерідім,
Адамдығым осы екен деп
арсыздардың төзбесіне төзінгеннен жерідім.

Есті екем деп
ессіздердің езгенінен жерідім,
Сезімді боп жаратылып
дүниенің арамдығын сезінгеннен жерідім.

Өлеңім-ау,
жан ұраным мені жетім ете көрме серігім.

Күлтәйім-ау,
серігім-ау сен-ак мені тастама,
Өлеңім-ау,
серігім-ау сен тұйыққа жастама.
Екеуіңсіз от жүрегім –
жансыз, кансыз тас тана,
Қойғаным бар басқаға.

Қайғырмаймын:
Бокты ауыздар оттағанға,
шатқанға,
Түн не қылар дейсің жарық
ақ таңға.

Қайғырамын:
Ындынсыздар ертелі кеш
ыдыс-аяқ армандап,
Өз жағыма қосқандарым
өсек-аяң баққанға.

Қайғырмаймын:
Ақын басым ерте ме әлде
кеш пе бір күн өлгенге,
Мына өмірде сөзім қалар
мен боп сөйлеп
сыр шертетін шерменде.
Қайғырамын:
Сөз білмейтін әнгідүктер
шешендерден бұрынырақ
сөз алып,
Жырдың ұлы бәйгесінен
ақынсымақ ақсақ-токсақ
жабы озып келгенге.

Көздегенге көп талпынып
жеткенге,
Арамдыққа жақын достар
көлделенің талай тартты
өткелге.

Соның бәрін
адалдықпен жеңіп келдім.
Бірақта –
Шындық қуған ісім үшін
жалғыздықпен өткен күндер
көп менде.

Өзеуіреп не қылайын
өрт боп жанып өткенге,
Айтарым жоқ
қадырыма жетпегенге,
жеткенге.

Жалғыз өткен күндеріме
мен ешқашан өкпелі боп
көргем жоқ,

Жалғыз келгем дүниеге,
жалғыз кетем дүниеден
өткенде.

Жалын кеуде жанарынан жалын шашқан
бабаларым – даналарым кешегі:
«Әлем алғаш жаралғанда
Ай менен Күн алау отпен аластаған» - деседі.
Қатал қыстың аязында
қатқан самал жанған отты
жандандырып еседі.
От қадірін ұға алмаған отсыз кеуде
Жалындамай, лауламай өшеді.

Мен әлемге жаралғанда
алау отпен аластанған құндағым.
Алау отпен пысып өсіп
тұнықтанған тұнғаным.

Оразамды өмір бойы отпен ашып,
салқындықты отты жырмен
жырладым.
Жаназамды жалындаған отпен шығар
туғандарым, ұлдарым.

Тұрмыстың туын көтердім биік
үзілгенді де турашылдықпен жалғадым,
Ыстықты соғар басы боп келдім балғаның.
Амалым қанша жанды отым менің жанымды
өртеп
арамдықтардан ұстады алыс; содан
да,
Мұрынын тескен жуас түйедей
өмірге мына басымды изей алмадым.

Мына өмір менің әр күндеріме
тікен де екті, гүл екті,
Қуанышқа да бөледі және қайғыға салды
жүректі.
Енді ғой бүгін
Дүбір де дүбір дүние сырын түсінген сайын
ой Алла-ай,
Түнерген тұман түнекті көрем түнекті.

Түсінем, ұғам түнектің түрі бөлегін және бө-
тенін,
Түрмейді ол білем желегін желпіп,
ернеуі менен етегін.
Түбіне мүмкін жетермін желіп
тікенегі мол тірліктің дағы;
ал

бірақ,
Түнектің түбі түн болып менің
түсімде қалмай ішіме түссе не-
темін.

Әй қойшы соны,
түнектен қашан қорқатын болдым осы мен,
Сиғызбап па едім жауларымды да
дұшпандарымен досымен.

Бәрібір ертең баратын жерім
түбінде күн жоқ түнек ғой,
Кім өтті мынау жалғаннан жарып
көңілдің байтақ хошымен.

Мен «ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫТЫ» боп
басталдым да,
мен Қазақтың Байыты боп келемін,
Оны айтпай-ақ дәлелдейді
өмірім мен өлеңім.
Тағдыр мені өмір баки
ата-баба даласынан шет жүргізді:
Сөйтсе де –
Бәрі бір мен:
сол «ҚАЗАҚТЫҢ БАЙЫТЫ» боп
таусыламын, өлемін.

Келер ұрпақ тарихка
жүгін мейлі, жүгінбе,
Ұлы уақыт ұлылықтың шаңға басып
қалдырмайды бірін де.
Мен сенемін дарыныма көр де тұр:
Ол: «БАЙЫТТЫҢ ҚАЗАҒЫ» деп
аталады түбінде.

Шындық-ай, шындық
 қайдасың қайда іздедім сені таппадым,
Таппасам дағы кірлеткен жоқпын
 сенімнің бұлтсыз ақ таңын.
Сенімім дағы алдады мені
 алысқа кетті арманға толы шақтарым,
Содан да шығар таңдардың мына атқанын емес
 көремін үнем қызарып күннің батқанын.

Жан жағым менің жарқыл да жұрқыл
 қайнаған қызыл зұлымдық,
Жанымды күнде алдады жырым, жырым ғып.
Жалғандық сақ-сақ күледі дағы
 тілімді ұқ дейді тілімді ұқ,
Жалғыз-ақ сенер шындығым әйтеу жырым – құт.

ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ ЖАЗЫЛҒАН ӨЛЕҢ

Менде талай дос бар еді
ақ жүзінен арайланып таң атқан,
Сол достармен бай едім мен
маңдайыма сиғызбады жаратқан.
Бүгін соның ешбірі жоқ
жұртқа тастап көшіп кеткен алысқа,
Жағдайым бар
жолаушыдай жолда жүріп тонатқан.

Кейбіреуі араққа ерді
бал-шекердің дәмін алған баладай,
Енді бірі шен мен шекпен, мәнсапқа ерді
қала бердім жолдастыққа жарамай.
Енді бірі мені тастап таңдап алды байлықты,
Ал қалғанын өлім алды
менің қарсы екеніме қарамай.

Қалдым сөйтіп, жалғыз қалдым
шақырса да арттарынан бармадым,
Байлық мені ал деп еді,
мәнсәп мені ал деп еді алмадым.
Алар едім байлықты да, мәнсәпты да
«Орынына өлеңінді бер» – деді,
Ал өлеңсіз өтер күнді Итке бердім
таңдамадым қарғадым.

Соныменен достар кетті
мен оларға «ҚАЛАЙСЫҢДАР» – демедім,

Құдай білер
қаншасына ас, құзыры тұрақ болар «ТӨРЕНІҢ»
Менде жалғыз жолдас қалды
 ол – жетімек тай секілді ӨЛЕҢІМ,
Ал мен сірә бос қоймадым акындықтың көгенін.

Бал ғып езіп байсалды да
 жайсаң ойдың байтағын,
Сараңдықтың сайға қуып сайтанын.
Сұры кеткен сайқал тірлік сүрлеуіне өң беріп,
Сүттен аппақ,
оттан ыстық өлең сөздің шаранасын шайқадым.

Ащы болса болған шығар
 адалдыққа жерік болған толғағым.
Әйтсе дағы сұйылтпадым ойдың қалың орманын.
Қару ұстап кірпік қақпай
 ұлы отанын, елін-халқын күзеткен,
Қарауылдай ақиқаттың ақ бастауын
 кір жуытпай қорғадым.

Оймен жасап үлгеруге
 қолмен жасап үлгермеген мүсінді,
Ертелі-кеш кір ластан таза ұстадым ішімді.
Жер шарының желке тұсын
 жырмен басып асқақтап,
Аспан көктің ар жағына қиялаттым құсымды.

Құлақ түрдім, ой жүгірттім зарлы елімнің зарына,
Сендім бірақ
 келешектің рауандап ертең атар таңына.

Сондықтан да асау жырдың
алтын қанат ақ сұңқары аспанымда кikuлап,
Ертелі-кеш еш тыныштық орнатпады
менің бұла жаныма.

Содан шығар өліп-өшіп жинамадым
алтын, ақша, тиынды,
Өзім өлсем қалсын дедім
өлең сөзден өшіп тозбас үйінді.
Қуанамын анашымның ақ сүтімен
өн бойыма тараған нұр шым-шымдап,
Бақыты бар өз халқымның жүрегіне
арайлы нұр, жылу болып құйылды.

Терлеп жазып текке бердім зияндыға жырымды,
Зыйынсыздар отты жырдан
бұлтақтады бұғынды.
Күрделіден қашқаным жоқ күлкі етер деп күрпектер,
Менің сері сезім құсым
ұрынбасқа талай рет ұрынды.

Қандай тарту тартса дағы жеткіншекке жетер күн,
Мені елеусіз қалдырмады
ерке сылқым сетер мұн.
Өр төбеке өсегімен шай қайнатып
жатса дағы «достарым»
Рухымды ет денемнің аспаны етіп көтердім.

Құлшынғам жоқ
құланиек құлқынымның құны үшін,
Жалтармадым жалын кештім
жалынды сөз, жыр үшін.

Ризамын болғанына құдай берген
аз дарыным – ырысым.
Қалың көптің қандыратын
жүрек сезім, құлақ көзін, құрышын,

Өңгіме ғып әйел, бала қазан-аяқ от басын,
Өршілдікке көршілдіктің кигізбедім ноқтасын.
Мен егерде ұсақтыққа болсам егер ұрынған,
Өкінбеймін: келешегім келемеждеп
аямасын соттасын.

Мәңгілікке сәуле түспес
қараңғыны аққа балап күн кешіп,
Қылыш кеспес қаттыны да ұлпа көріп үндесіп.
Өзгеріссіз өтірікті еш мүлтіксіз шын десіп,
Оң мен солы айырмасыз
опасы жоқ уақытпен бір көшіп.

Беті жылтыр, шашы қалың қыз біткенді
сұлулықтың көкесі деп сандалып,
Білегі үлкен, кеудесі кең ер біткенді
жігіттікпен шатастырып танданып.
Ебін тапқан даракыны дана екен деп малданып,
Өмірімді босқа өткізіп алыппын ғой алданып.

Маңайымда жүргендердің бәрі соқыр, бәрі
мылқау
екеніне көзім жетті так
бүгін.
Тікендерге толы екен ғашығыма ұсынбақ боп
мәпелеген ақ гүлім.
Өмір бойы досқа балап күн елтіппін жат түрін.
Асаулыққа толы менің акын жаным
аластапай тап тыным.

МЕНИҢ ЖАНЫМ

Анадан тудым,
азамат болдым ержеттім,
Әлемді мына өлеңмен, әнмен
тербеттім.
Менің жаным аяулы жан болған жоқ,
Қашқаны жоқ қаттысынан
Жер - Көктің.

Анашымнан бөлініп жерге түскенде,
Маңдайым менің
кез болған қатты үстемге.
Содан бастап қарсы боп жүрді мына жан,
Талай-талай өзінен асқан күштерге.

Ашулы біреу жұдырық берді ақырып,
Ақылды біреу ақылын айтты шақырып.
Шамасыз біреу өсегін ертті артымнан,
Шамасы жеткен тереңге кетті батырып.

Асау да мені бауырына салып сүйретті,
Атан да мені
тарпыды, тепті күйретті.
Ауыл иттері балтырды тістеп қанатып,
Азулылардың аламан заңын үйретті.

Сонда да жаным жасығаны жоқ, шаттанды,
Қасқайып тұрып қарадан талай ақталды.
Он бес-ақ жаста
махаббат деген майданға,
Майталмас өткір жауынгер болып аттанды.

Арылам ғой деп едім енді бар мұңнан,
Нелер қылық кез келді мені таң қылған.
Көз-жанар – деген «шашақты жебе» асынып,
Қыздар – деген «батырлар» шықты алдымнан.

Олар да мені аямай соқты құлатты,
Жалаңаш жанды жадыратты да жылатты.
Солардан болып қараңғы етіп жарықты,
Жап-жақын етіп жол кешіп көрдім жырақты.

Содан бастап бүгінге дейін жан мына,
Кезіктірді күнді де, көмес шамды да.
Тастың да барып мұң-зарын естіп егіліп,
Жан екендігін көрсетіп жүрді жандыға.

Әлі де бұл жан болмасқа барып жан салар,
Тасқындай болып жанардан жауын тамшы ағар.
Менім жаным аяулы жан болған жоқ,
Өлімді де қасқайып тұрып қарсы алар.

КІНӘЛӘМА ПЕНДЕМІН

Пендемін ғой ағайын мен, пендемін,
Бірден артық, бірдемеден кемдемін.
Жақсы істерді жаяуласам арқалап,
Қарсы істерді қара нарға теңдедім.
Пендемін ғой өйткені ман, пендемін,

Кінәлайды біреу –Харам таттың – деп,
Біреу мақтар – Кәпірге де жақтың деп.
Мақтағанға мақтанамын әрине,
Жамандаса тағы айтпаймын –
Ақпын деп.
Пендемін ғой тағдырымды хақ білмек.

Кінәләма одан орта толмайды,
Фәни-жалған өзінді де зорлайды.
Қате деген көп ғой менде сынасаң,
Періште де күнәдән пәк болмайды.
Сайтанды да Алла кейде қолдайды.

Пендемін ғой ағайын мен, пендемін,
Бірден артық, бірдемеден кемдемін.
Жақсы істерді жаяуласам арқалап,
Қарсы істерді қара нарға теңдедім.
Пендемін ғой кінәләма пендемін,

МЕН ТУҒАН КҮН

Қаңтар айының
қақ ортасында туыппын,
Қаңтардың суық
аязына бет жуыппын.

Құрбылар,
Достар мінезің қатаң демендер,
Ішімде менің
ызғары қалған суықтың.

Мен туған түні
көк түтін, тұман тұрыпты,
Сондықтан болар
көп аңсар жаным тұнықты.
Сондықтан болар
үндемей өткізе алмаймын,
Бұлыңғыр тұман,
Бұрымы ұзын қылықты.

Мен туған түні
қара жел соғып арынды,
Үсті-үстіне үрлепті
жанған жалынды.
Мүмкін содан
алып та қалған шығармын,
«АҚЫНДЫҚ» – деген,
Ауыздығы жоқ дарынды.

Туған жерім:
«БЕССАЛА» – атты мұз заңғар,
Ақ бесігім секілді тасты, сызды аңғар.

Биіктігім бар
Бессала шыңнан үйренген,
Қаңтардан қалған
ызғар бар менде, ызғар бар.

Қаңтар айының
туыппын кара түнінде,
Соған тартқан
барандық та бар түрімде.
Сол үшін де
шам болып жансам деп едім,
Күн түспейтін қараңғылықтың түбінде.

Қаңтар айының
қақ ортасында туыппын,
Қаңтардың суық аязына бет жуыппын.
Сондықтан да жылу боп тарасам деп ем,
Ызғарын қуып
ызғарлы, зәрлі суықтың.

Кеудемде «өлең» – деген өрт тұрғанда,
Шалқимын жолатпаймын дерт бұл жанға.
Жырыма сонда нүкте қойылады,
Ажал кеп ақыл есті мерт қылғанда.

Жыр болып одан бері төгілемін,
Нұр болып қажеттіге себілемін.
Жалғау боп ары карай ұзартамын,
Таусылып жатса егер шегі ненің.

Орамал болам жасы аққан көзге,
Жас болам көлтабан боп қатқан көзге.
Біреуге шам жарығы боп жанамын,
Көгінен Ай мен Күні батқан кезде.

Тілсізге тілек айтар тіл боламын,
Айнымас ғашықтармен бір қонамын.
Егерде мен осылай ете алмасам,
Айтыңдар ақын емес кім боламын.

Жемеймін дүниенің бекер асын,
Бөлмеймін ел мен елдің шекарасын.
Біткенше бар өмірім өлең етем,
ТАЛІ бесік пен
ЖЕР бесік екі арасын.

Бүгінгі емес
ертеңнің ойлап хал жайын,
Көрікті сөздің
көркемін көпке арнайын.
ИМАШҚАН кеше
үлгермей кеткен көп сөздің,
Кетігін жамап,
үзілген жерін жалғайын.

Қараңғылыққа шырақ боп жарық
жанған бар,
Қараңғы жандар таңдаңдар
қапы қалмаңдар.
Отты жырымды оқысын дағы жылынсын,
КӘКЕЙДЕЙ ұлдың
қадірін білмей қалғандар.

Амалын іздеп ақындық жолды қорғаудың,
Боранды күндей
боз көңіліме болды-ау мұн.
Көңілін таппай арманда өткен
қыздар-ай тыңда сырымды,
ТОЙЫЛБАЙ сынды
төртөбел ақын толғаудың.

Жыр жазып өтем сенімің халқым ақталсын,
Келмеске кетсем кейінгі ұрпақ мақтансын.
БАБИДЫҢ ҰЛЫ жыр қашап өткен бұл елден,
ҚАБАННЫҢ ҰЛЫ қырыз боп қалай аттансын.

МАЗМҰНЫ

**1. ДАРХАН ДАЛАМ
ҒАЖАЙЫПСЫҢ
НЕДЕГЕН**

Даланың әні.....	4
Бесік дала.....	6
Дәлүүнім.....	7
Тіршіліктің тарлығына қарамай.....	9
Бессалам далам.....	11
Бессалам.....	12
Жалғыз ағаш.....	13
Далада тудым.....	14
О менің таулы асқарым.....	16
Ұлың келді аңсаумен ұлы далам.....	18
Көктем ерте келсе екен.....	19
Мен осы алағыздым кеште неге.....	20
Биылғы көктем.....	21
Жіберер желпіндіріп күй шағыма.....	22
Уыз – дала.....	23
Мені тосқан жан далам.....	24
Көр мекен.....	25
Бауырында үнсіз жатқан көк қырдың.....	26
Ару табиғат.....	28

**2.ЕГІЗІМНІҢ СЫҢАРЫ
ЕЛІМ МЕНІҢ**

Жұмбақ жанды халықтың баласымын.....	31
Елім барда.....	32
Тілім барда.....	34

Қазағым.....	35
Қазағым.....	37
Қазақ деген.....	38
Қазақ.....	40
Жарық қып түбегейлі түн түнегін.....	42
Бақ - бақытым.....	43
Ғасырменен қоштасу.....	44
Көшпенді дүние.....	47
Сал домбыра.....	50
Өңі басқа жаушылық.....	55
Әкемнің айтқан ақылы.....	58
“Қара таудың басынан көш келеді”.....	63
Ұстамақ боп межелі жерде күткен.....	65
Айналдым сыйлы халықтан.....	66
Қос.....	67
Бесік.....	69
Күй.....	71
Жоқтау.....	73
Тағдырменен жекпе жек.....	75
Ер өлімі.....	78
Адамдар-ай.....	79
Хандарды қайтем.....	80
Сезімге кедей ұл-қыздар.....	81
Ұл мен қызы сыйлай алмай.....	82
Ертеңім болып ер жетер ұрпақ есілдер.....	83
Екі арасын айыра алмай.....	84
Беу адамдар.....	86
Мынау қапас дүниеде.....	87
Рұхсатталмаған өлім (поэма).....	89
Әке киесі (поэма).....	95

3. АДАМДАР-АЙ ДҮНИЕНІҢ ТІРЕГІ

Абай.....	111
Мен неге ақын болдым.....	114
Тауданбек ақынның әкесі	
Қабан бабаға тағзым ету.....	115
Абай ақынның шешесі	
қасиетті Ұлжан анаға бас иіу.....	117
Тұманбай ақынның әйелі	
Күлтәй арумен сырласу.....	119
Әйгілі қолбасшы	
хан Шыңғыспен бетпе бет.....	122
Ерлер-ай.....	125
Ақындар-ай.....	126
Ұлым Біржанға.....	127
Ұлым Еркебұланға.....	128
Қос құлыным.....	129
Бай адаммын мен деген.....	130
Нағашы.....	132
Ақтан ақынға шағыну.....	134
Тойлан аға.....	136
Шын қыран.....	138
Ару өлең.....	139
Сағындым аға.....	141
Екінші жыр.....	142
Үшінші жыр.....	143
Төртінші жыр.....	145
Бауырларыма.....	147
Мәңгілік жастық.....	149
Сен қайтып өмір сүресің.....	151
Кімдерге.....	153
Беу адамдар.....	154
Манайыма.....	154

Бетіме баға бермендер (Достарыма).....	157
Сенім (Дұшпандарыма).....	158
Дұшпандарым сендер маған.....	160
Ер Тұранбай (поэма).....	162

4. АНА ДЕГЕН АЛЛАДАН ДА АРТЫҒЫРАҚ АЛЫП БАР

Анашым.....	177
Екінші жыр.....	178
Үшінші жыр.....	179
Әкем бар менің анам бар.....	181
Тәуба, тәуба!.....	183
Қызана (поэма).....	184
Аруана сезім (поэма).....	197
Келін мен ене.....	210

5. ДАРИҒА ДӘУРЕН

Айтсам – сөз.....	212
Жеңгелер сылаң қағып.....	213
Балапан шағым дүрмекпен.....	215
Егделік деген албасты.....	216
Көктем өтті.....	217
Тау мен тас.....	219
Жастық шактың есіме алып өрлігін.....	220
Ойлаймын мен сонау бір.....	221
Қызғалдақ терген күндер-ай.....	222
Балапан шағым басымда.....	223
Жастық шаққа хат.....	224
Жиырма бес.....	226
Балалықтың базары тарқап бүгін.....	227
Тұрақтап аялдамай.....	228

Арманшыл едім.....	229
Ер көңілді ерке шора.....	230

6.ҚЫЛТЫҢ-СЫЛТЫҢ ҚЫЗДАР-АЙ, ҚЫЛЫҚТАР-АЙ

Қыз сыны.....	233
Қу қыздар-ай, қу қыздар.....	235
Жүрек сыры.....	237
Қыз сыры.....	239
Қыздарға айтар өкпе немесе еркектерді қорғау.....	241
Қыздар шексіз елендеткен ерлерді.....	244
Ораққа сап орығандай.....	245
Алғашқы махаббат (поэма).....	246
Сары қызды сағындым.....	256
Есілдің қызы.....	258
Күлші жаным.....	260
Еркеле.....	261
Көзінді, Кірпігінді бір көрейін.....	262
Ерке қыз.....	263
...Ес білмейтін жас баладай.....	264
Бұрымды қыз.....	265
Есілдің бір қыз қалды жағасында.....	267
Бұрымбибі (поэма).....	269
- Аға!.....	282
Мына жүрген мен деген.....	283
Жаным сен (Күлтәйға).....	284
Екінші өлең.....	285
Үшінші өлең.....	287
Төртінші өлең.....	288

Бесінші өлең.....	289
Алтыншы өлең.....	290
Ее Бүбі.....	292
Қара шәшті ақ ару.....	294
Шаттанушы ем.....	295
Көңіліме сәуле шашқан шамшырағым....	296
Балданам-ау айналайын Балданам.....	297
Екінші өлең.....	298
Үшінші өлең.....	300
Төртінші өлең.....	302
Бесінші өлең.....	303
Алтыншы өлең.....	307
Жетінші өлең.....	310
Сегізінші өлең.....	312
Тоғызыншы өлең.....	313
Оныншы өлең.....	314

7.ӨЛЕҢДЕРІМ

ӨЗЕГІМНІҢ ЖАНДЫ ОТЫ

Өлеңдерім сен менің.....	317
Сөздерім менен шыққан ала-кұла.....	318
Қыздырып қаулап тұрса да мейлі.....	320
Байтақ далам.....	322
Шешім.....	323
Жыр жазайын.....	325
Жанымның жыршы құстары.....	326
Өлеңім жас жанымның қазба кені.....	327
Тас табанын аялап майда гүлден.....	328
Ақын:.....	329
Дәрігер:.....	329
Бай:.....	331
Ақын:.....	332

8. МЕН КЕРЕЙДІҢ ТЕНТЕК ҰЛЫ БАЙЫТПЫН

Арманға толы көп күндер.....	334
Өжеттіктің отын жақтым.....	336
Өз жөнімен жылжысын менің көшім.....	338
Қырыққа келдім.....	340
Аңсыз жерде аңшы боп мылтық асып.....	344
Қадыры бар ма екен деп.....	345
Қазақ деген теңіздің.....	346
Талқысына күндердің мың сыналып.....	347
Мына өмірден аларымды алмасам.....	348
Берер ісім көп менің бергенімнен.....	349
Мен білемін.....	350
Мен сенуші ем.....	352
Мен жерідім.....	353
Қайғырмаймын.....	354
Көздегенге көп талпынып жеткенге.....	355
Шабытымның шалқары.....	356
Жалынкеуде... бабаларым.....	357
Тұрмыстың туын көтердім биік.....	358
Мен «Қазақтың Байыты» боп басталдым.....	360
Шындық-ай, шындық.....	361
Ескі жылдың соңында жазған өлең.....	362
Мен Керейдің тентек ұлы Байытпын.....	366
Мәңгілікке сәуле түспес қараңғыны.....	367
Менің жаным.....	368
Кінәлама пендемін.....	370
Мен туған күн.....	371
Кеудемде «өлең».....	373
Бүгінгі емес ертеңнің ойлап хал жайын.....	374

АҚЫН БАЙЫТ ҚАБАНҰЛЫ

1967-жылы қантар айының 20 жұлдызында Монғолияның Баян-Өлгий аймағына қарасты Дэлүүн ауданындағы Бессала ауылында дүниеге келген.

«Мен Қазақпын», «Найзағайлы күміс жанбыр», «Әтір иісті дүние», «Ой кесте», «Аруана сезім», «Даланың әні», «Бұрым-бибі», «Айдан түскен көлеңке», «Көлкөсір дәурен», «Көшпенді дүние», «Көктолқын», «Құлағын бұрап қобыздың», «Кем өмір, кетік тағдыр», «Сезім тамшы» тәрізді көптеген кітаптардың авторы.

Өлеңдері Монғолия әдебиетінің 108 томдық таңдамалы жинағына және «Жыр маржаны» атты Қазақ поэзиясының он томдық антологиясына енген.

Азаттық және Монғолия жазушылар одағы сыйлықтарының иегері. Монғолия елінің мәдениет қайраткері.

Байыт ҚАБАНҰЛЫ

Ақ жауын

Өлеңдер, толғаулар, поэмалар
(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –
Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*
Баспаға әзірлеген: *Күлдәй Мәменқызы*
Техникалық редакторы: *Талғат Әлімжанұлы*
Безендірген: *Мейрамбек Еңсепбай*

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 20
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс №

«Қарағай ҚБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

ISBN 978-601-7505-28-8



9 786017 505288

Байыт ҚАБАНҰЛЫ

Ақ жауын

Өлеңдер, толғаулар, поэмалар

(Қазақ тілінде)

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры –

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Асан Қарамырза*

Баспаға әзірлеген: *Күләй Мәменқызы*

Техникалық редакторы: *Талгат Әлімжанұлы*

Безендірген: *Мейрамбек Еңсебай*



АБАЙ ТАБАҒЫ

1967-жылы жазда Алматыда
«Абай Табағы» журналы
меншігіне берілген.
«Абай Табағы» журналы
меншігіне берілген.
«Абай Табағы» журналы
меншігіне берілген.

Басуға 12.04.2016 ж. қол қойылды
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсетті басылым.
Пішімі 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 20
Таралымы 2000+120 дана.
Тапсырыс № 380

«Каратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасы
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143. офис 400
Тел.: +7(727)3944293, Ұялы тел.: 87772119934.
Эл.пошта: dastur_09@mail.ru

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

5

ISBN 978-601-7505-28-8



9

7 8 6 0 1 7 5 0 5 2 8 8

የኢትዮጵያ ጥቅም አገልግሎት ቤቅ
የጥቅም አገልግሎት ቤቅ ስራ



000001516911

